

Нархоз Университеті

ӘОЖ 657.6: 657.432; 552.578.18 (574)

Қолжазба құқығында

КАЛИБАЕВ МЫРЗАБЕК КАЛИБАЙУЛЫ

**Дебиторлық қарыздардың есебі, аудиті мен талдауының теориясы,
әдіснамасы және тәжірибесі (мұнай-газ салалары материалдары негізінде)**

6D050800-Есеп және аудит

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
э.ғ.д., профессор Дюсембаев К.Ш.
э.ғ.д., профессор Чайковская Л.А.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТИЛЕРДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ ЕСЕБІН, АУДИТІН ЖӘНЕ ТАЛДАУЫН ҰЙЫМ- ДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	12
1.1 Нарықтық экономиканың даму жағдайындағы дебиторлық берешек экономикалық категория ретінде.....	12
1.2 Дебиторлық берешекті тану, бағалау мәселелері және оның жіктеуін жетілдіру.....	22
1.3 Дебиторлық берешекті басқарудың теориялық және әдіснамалық аспектілері.....	34
Бірінші бөлім бойынша тұжырымдама.....	49
2 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫ- НА СӘЙКЕС ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ ЕСЕБІ.....	51
2.1 Қазақстандағы және халықаралық есепте дебиторлық берешек есебін жүргізудегі мәселелер, оларды шешу жолдары.....	51
2.2 Бухгалтерлік есеп пен салық есебінде күмәнді қарыздар бойынша резервтерді есептеудің ерекшеліктері мен айырмашылықтары.....	64
2.3 Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дебиторлық берешек туралы ақпараттарды ашып көрсету.....	73
Екінші бөлім бойынша тұжырымдама.....	82
3 ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТИДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ АУДИТІН ЖӘНЕ ТАЛДАУЫН ЖЕТІЛДІРУ.....	84
3.1 Дебиторлық берешектің ішкі аудиті және ішкі бақылауы ұйымды басқарудың маңызды элементі ретінде.....	84
3.2 Дебиторлық берешекті талдау айналым активтерін басқарудың жалпы саясатының бөлігі ретінде	103
3.3 Дебиторлық берешектің жалпы мөлшерін бағалау және оны өз уақытында талдауды қамтамасыз етудің экономика-математикалық моделі	119
3.4 Дебиторлық берешекті басқарудың тиімділігін арттырудың имитациялық моделі.....	132
Үшінші бөлім бойынша тұжырымдама.....	144
ҚОРЫТЫНДЫ.....	146
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	152
ҚОСЫМШАЛАР.....	161

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Саудалық дебиторлық берешек – бұл клиенттердің кәдімгі шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезіндегі сатып алған тауарлары үшін (істелген жұмыс пен көрсетілген қызмет) төлеуге тиісті сомалары. Саудалық дебиторлық берешек нақтылы компанияда бар дебиторлық берешектің түрлері.

Саудалық емес дебиторлық берешек қызметтің басқа да түрлерінің нәтижесінде пайда болады, мысалы, қызметкерлерге немесе компанияның филиалдарына аванс беру, потенциалды залалды жабуға арналған депозиттер, төлемдерді кепілдендіретін депозиттер, алынуға тиісті дивидендтер мен сыйақылар, салықтарды қайтару бойынша үкіметтік ұйымдарға шағымдар. Бұл қарыз тауарларды қоюға немесе қызметтерді көрсетуге, төлемдерді жүргізуге жазбаша түрдегі уәде болуы мүмкін.

Тауарлық (операциондық) дебиторлық берешек – ұйымның кәдімгі операциондық қызметінің нәтижесінде пайда болады және тауарлардың сатылуын, жұмыстардың орындалуын немесе қызметтердің көрсетілуін қарастыруы мүмкін;

Тауарлық емес (операциондық емес) дебиторлық берешек – ұйымның басқадай қызметтерінен пайда болады (яғни, сатылған тауарларға, істелген жұмыстарға немесе көрсетілген қызметтерге қарағанда, басқа операциялар). Тауарлық емес дебиторлық берешек есепте сәйкесінше атаумен көрсетіледі және тауарлық дебиторлық берешектің құрамына кірмейді.

Айналым қаражаттары (айналым капиталы) дегеніміз – бұл ағымдағы қызметті қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде қайтадан жаңарып отыратын, оларға салынған қаржы ең аз дегенде бір жыл ішінде немесе бір өндірістік кезеңде айналымға ұшырайтын ұйымның активтері.

Дебиторлық берешектің тиімділік деңгейі дегеніміз – бұл ұйымның экономикалық жағдайын оңтайландыруға және төлемдерді кейінге қалдырумен тауар айналымының өсуі есебінен көтерілетін рентабельділік деңгейін жақсартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дебиторлық берешектің мөлшері

Аудиттің әдіснамасы дегеніміз жеке ғылымдарда қолданылатын әдістердің жиынтығы және ол жалпы немесе ішінара болуы мүмкін. Аудиттің жалпы әдіснамасы диалектика қағидаларының жиынтығынан, сонымен қатар тұтастай алғанда ғылыми білімнің даму заңдылықтарын зерттейтін жалпы ғылыми теорияны танудан тұрады.

Үмітсіз қарыз болып Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес талап ету мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек танылады, бұл қарыздың өтелу мерзімінің жалпы уақыты 3 (үш) жыл болып белгіленген.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ХҚЕС – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ҰҚЕС – Ұлттық қаржылық есептілік стандарты
АЖМС – Автомобильдерге жанар-жағармай құю станциялары
ЖЖМ – Жанар-жағармай
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ДСҰ – Дүниежүзілік Сауда Ұйымы
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚМ – Қаржы Министрі
ЖШС - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ҚҚС – Қосылған құн салығы
ЖҰӨ – Жалпы Ұлттық Өнім
ЖІӨ – Жалпы Ішкі Өнім

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында қазақстандық ұйымдарға және жеке кәсіпкерлерге тән жағдай – контрагенттер тарапынан қарыздардың қайтарылмау мәселесі. Ұйым өндірген өнімдерін, сатуға арналған тауарларын тиіп жібереді, жұмыстарын орындайды, қызметтерін көрсетеді, бірақ төлемді мезгілінде ала алмайды. Сөйтіп, ұйымда дебиторлық берешек пайда болады, ал дебиторлық берешектің пайда болуы ақша қаражатының тапшылығына алып келеді, ағымдағы қызметін қаржыландыру үшін ұйымның айналым активтеріндегі сұранысты арттырады, қаржылық жағдайды нашарлатады.

Егер дебиторлардан ақша қаражаттары өз уақытында келіп түспесе, онда ұйым жабдықтаушылармен өз уақытында есеп айырыса алмайды, бюджет алдындағы салықтық міндеттемелерін де орындай алмайды, мұндай жағдайда ұйымның жұмысы белгілі бір уақытқа тоқтап қалуы мүмкін. Дебиторлардан ақша қаражаттарының келіп түсуінің кідірісі, ұйымды несие ресурстарын тартуға мәжбүрлейді, ал кредиторлық берешек баланс құрылымын төмендетеді, сондай-ақ несие бойынша сыйақылар пайданы азайтады.

Ірі компаниялар бір мезетте жүздеген дебиторлармен есеп айырысуды жүргізеді. Сондықтан контрагенттермен есеп айырысулардың динамикасын бақылау және оны жоспарлау оңай емес. Алайда, бұл қажет – өйткені маңызды стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру және ағымдағы міндеттерді шешу үшін компанияда қажетті ақша қаражаттарының болатындығы дебиторлық берешектің болжамдарының дәлдігіне байланысты болады. Осы активті басқаруға арналған қажетті ақпарат бухгалтерлік есеп шеңберінде дайындалады (қаржылық есепте, сондай-ақ басқару есебінде), сондықтан одан шығатын ақпарат қосымша уақыт пен еңбек шығындарын талап етпей жеткілікті дәрежеде егжей-тегжейлі дәл және қорытындылар мен талдауды әзірлеу үшін жарамды болуы керек.

Дебиторлық берешектің есебі, аудиті мен талдауы сұрақтарына жеткілікті дәрежеде назар аударылады. Бірақ дебиторлық берешектің көрсеткішінің өзі күрделі және есеп айырысу-төлем қатынастарының көптеген объектілері мен субъектілерінен тұрады. Дебиторлық берешектің есебі, аудиті мен талдауының қазіргі бар әдістемелері, біздің пікірімізше, келесідей мәселелерді ескермейді:

– шаруашылық жүргізуші субъектінің қызмет үрдісінде басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін бухгалтерлік есеп деректер базасында қалыптасатын дебиторлармен есеп айырысулардың жағдайы туралы ақпараттардың сапасы мен өзектілігінің маңызды мәні бар. Бірақ дебиторлық берешекті есепке алу кезінде бұл активтің ерекшелігі, оны жіктеудің әртүрлі белгілерінің болуы және көптеген бағалау әдістері ескерілмейді. Есептік тіркелімдер жинақтау тәртібі мен егжей-тегжейлі түрлі деңгейдегі дебиторлармен есеп айырысулар туралы ақпараттарды жинауды көздемейді.

Бұл тұтастай қарызды алғанда және дебиторлармен жеке есеп айырысуларға талдау жүргізу үшін жеткілікті, қажетті көлемде және түрде дебиторлық берешек туралы ақпараттарды алудың мүмкін еместігін негіздейді;

– алынған өнімдер, тауарлар (істелінген жұмыстар, көрсетілген қызметтер) үшін ағымдағы берешекті бағалау мәселелері, яғни қазақстандық заңнамаларға сәйкес дебиторлық берешекті бағалау сақтық қағидасы негізінде жүргізіледі, дегенмен біздің пікіріміз бойынша, сыртқы пайдаланушыларға ұсынылған ақпараттар олардың мүдделерін қанағаттандыру үшін, әртүрлі негіздер бойынша пайда болған дебиторлық берешек әртүрлі бағалануы тиіс;

– күмәнді борыштар бойынша резерв құру міндетті емес және тек алынған өнімдерге, тауарларға (істелінген жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) ғана құру қарастырылған, дебиторлық берешектің қалған объектілері баланста сақтық қағидасынсыз ұйыммен қарастырылған бағалаумен көрсетіледі. Күмәнді борыштар бойынша резервті құру әдістемелері нормативтік құжаттарда бекітілмеген, экономикалық әдебиеттерде ұсынылған әдістемелер контрагенттердің төлем қабілеттіліктерін ескермейді және өтеу мерзіміне байланысты резервке аудару пайызын негізсіз орташандырады.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлардан шығатыны дебиторлық берешекті басқарудың тиімділігін арттыру, сонымен қатар дебиторлық берешектің есебі, аудиті мен талдауының ғылыми-әдістемелік мәселелерінің өңделмегендігі таңдалған диссертациялық зерттеу тақырыбының тәжірибелік маңыздылығы мен өзектілігін білдіреді, осының бәрі жұмыстың мақсатын, міндеттерін, құрылымын және негізгі бағыттарын анықтады. Дебиторлық берешек бойынша стандарттың болмауы да зерттеу тақырыбын таңдауды алдын ала анықтады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміздің дамуының ұзақ мерзімді басымдықтары белгіленген. Жолдаудың басым бағыттарының біріншісінде мұнай-газ саласының тиімділігін арттырудың маңыздылығы көрсетілген. Мұнай-газ саласының экспорттық әлеуетін сақтай отырып, мұнай мен газ өндірудің ықтимал сценарийлері бойынша түбегейлі шешімге келу керек-деп елбасы Н.Ә. Назарбаев мұнай-газ саласына ерекше назар аударды [1].

Ұйымның бухгалтерия аппаратында бухгалтерлік есепті жүргізу жүйесі, қаржылық есептілікті тапсыру және осы есептіліктің пайдалануын, сонымен қатар бухгалтерлік есеп мәліметтерін есепке алудың негізгі қағидалары мен тәртіптері ҚР-ның 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» заңының талаптарына сәйкес жүргізіледі [2].

Ұйымда дебиторлық берешектің ішкі аудиті мен ішкі бақылауын ұйымдастыру ҚР-ның 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304-I «Аудиторлық қызмет туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі (07.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). Жалпы, ішкі аудит – шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде жеке бөлім ретінде құрылған, яғни оның жұмысын бағалау бойынша қызмет, ұйымда ішкі аудиттің негізгі функциясына бухгалтерлік есеп

пен ішкі бақылау жүйелелерінің бірдейлігі мен тиімділігіне тексеру жүргізу, оны бағалау және мониторинг жүргізу кіреді [3].

Осы орайда, мұнай-газ саласында бухгалтерлік есепті жүргізудің өзіндік ерекшеліктерін баса көрсету мақсатында SFAS 9 «Мұнай-газ саласындағы қаржылық есеп пен есептілік» стандарты, Халықаралық қаржылық есептілік стандарты (IFRS) № 6 «Минералды ресурстарды барлау және бағалау» пайдаланылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда әзірше дебиторлық берешектің есебін жүргізу бойынша бірыңғай стандарттың болмауына байланысты, активтер мен міндеттемелердің есебі келесідей жеке ХҚЕС ережелеріне сәйкес жүргізіледі, атап айтқанда: ХҚЕС 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну», ХҚЕС 18 «Түсім», ХҚЕС 32 «Қаржылық құралдар: ақпараттарды ашу және құру», ХҚЕС 37 «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер». Дебиторлық берешекті тану, бағалау және жіктеудің сәйкесінше критерийлерімен қамтамасыз ету үшін дебиторлық берешектің пайда болуына алып келетін операциялардың түрлеріне байланысты ХҚЕС 39 «Қаржылық құралдар – тану және бағалау» қолданылады, сонымен бірге ҚР-ның Салық кодексінің 308-ші бабына сәйкес, жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу жөніндегі қызметке салық салу жүйесінің ерекшеліктерінің бар екендігін ескеруіміз қажет [4].

Дебиторлық берешектің көрсеткіштері өте маңызды, өйткені дебиторлармен есеп-айырысудың жағдайы тұтастай алғанда ұйымның экономикасына және ақша ағымдарына әсерін тигізеді. Ірі компаниялар бір мезетте жүздеген дебиторлармен есеп-айырысуды жүргізеді, сондықтан контрагенттермен есеп-айырысудың динамикасын бақылау және жоспарлау жай жұмыс емес, бірақ та бұл қажет, себебі, дебиторлық берешекті болжаудың дәлдігінен ұйымның ағымдағы міндеттемелерді шешу және маңызды стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру үшін ұйымда қажетті ақша қаражаттарының болатындығына тәуелді болады. Дебиторлық берешекті басқаруға қажетті ақпарат бухгалтерлік есеп (қаржылық есеп және басқару есебі) шеңберінде дайындалады, сондықтан одан шығатын ақпарат қосымша уақыт пен еңбек шығындарын талап етпей, талдау және қорытынды жасау үшін жеткілікті дәрежеде дәл болуы керек.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты болып экономикалық және бухгалтерлік категория ретінде, дебиторлық берешекті теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеу, қазіргі замандағы дебиторлық берешектің есебі, аудиті мен талдауының қолданыстағы әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсыныстарды және әдістемелік тәсілдерді әзірлеу.

Осы диссертациялық жұмыстың мақсатына негізделіп келесі міндеттер қойылған:

– дебиторлық берешек ұғымын жан-жақты зерттеу, осы анықтаманы толықтыратын және нақтылайтын авторлық көзқарастарды ұсыну;

– бухгалтерлік есеп, аудит және талдау мақсаттары үшін дебиторлық берешектің жіктелуін жетілдіру немесе саланың ерекшеліктерін есепке ала отырып, мұнай-газ салалары ұйымдарында дебиторлық берешекті тиімді басқару мақсатында жіктелу белгілерін жүйелеу және дебиторлық берешектің критерийлерін қарастыру;

– бұл активті қаржылық есептілікте көрсету үшін дебиторлық берешекті бағалаудың түрлері мен әдістерін анықтау, сонымен қатар контрагенттердің төлем қабілетсіздігі деңгейін көрсететін, күмәнді борыштар бойынша резервті есептеу әдістемесін ұсыну;

– қаржылық есептілік көрсеткіштері мен бухгалтерлік есептің мәліметтерін растауға мүмкіндік беретін, дебиторлық берешектерінің ішкі бақылауының әдістемесін әзірлеу;

– дебиторлық берешектің деңгейін бағалау үшін экономика-математикалық модельді құру;

– компанияның тәжірибелік міндеттерін шешу үшін басқару үрдісін модельдеу мақсатында дебиторлық берешекті басқарудың имитациялық моделін ұсыну.

Зерттеу объектісі болып «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-де дебиторлық берешектің есебі, аудиті мен талдауын ұйымдастыру табылады.

Зерттеу пәні болып нарықтық экономика жағдайында дебиторлық берешектің есебі, аудиті мен талдауының теориялық және тәжірибелік аспектілері табылады.

Зерттеу әдістері болып шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында есеп-айырысу қатынастарын реттейтін заңдық, нормативтік актілер, сондай-ақ бухгалтерлік есеп, аудит пен талдау бойынша әдістемелік және нұсқаулық материалдар, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері табылады.

Зерттеу барысында келесідей әдіснамалық көзқарастар мен әдістер қолданылды:

күмәнді қарыздар бойынша резерв есептеудің әдістемелерін және дебиторлық берешектің жағдайына талдау жүргізу әдістемесін жасау үшін-кешенді көзқарас;

– экономикалық категория ретінде дебиторлық берешектің мәні мен мазмұнын ашып көрсету мақсатында теориялық жинақтау мен салыстыру әдістері;

– оңтайландыру мақсатында дебиторлық берешектің жағдайына талдау жүргізу және дебиторлармен есеп айырысудың бухгалтерлік нысандарын жасау үшін – математикалық моделдеу әдістері;

– дебиторлық берешекті жіктеудің әдістемелік көзқарасын жасау және дебиторлық берешектің есебі, аудиті мен талдауының негізгі бағыттарын дамыту мақсатында - жүйелі көзқарас.

Диссертациялық жұмыстың ең маңызды ғылыми нәтижелері болып қазіргі замандағы дебиторлық берешектің есебі, аудиті мен талдауының бар

әдіснамалық базаларын жетілдіруге бағытталған ұсынымдар мен ұсыныстар кешенін әзірлеу табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы болып дебиторлық берешектің бухгалтерлік есебі, аудиті мен талдауының қолданыстағы бар әдіснамалық және әдістемелік базаларын жетілдіруге бағытталған теориялық және тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу, сонымен қатар теориялық ережелерін ғылыми негіздеу табылады.

Қорғауға ұсынылған диссертацияның негізгі тұжырымдамалары:

– дебиторлық берешек ұғымына зерттеу жүргізілді және осы түсінікті толықтыратын және анықтайтын авторлық көзқарастар ұсынылды;

– қаржылық есептілікте дебиторлық берешекті дұрыс бағалауға, күмәнді қарыздарға резерв есептеуге, қиын дебиторларды бөліп көрсетуге, үмітсіз дебиторлық берешекті есептен шығарғаннан болған жоғалтуларды анықтауға және несиелік саясаттың тиімділігін анықтау бойынша қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік беретін дебиторлық берешектің кеңейтілген, тереңдетілген жіктеуі ұсынылды;

– бұл активті қаржылық есептілікте көрсету үшін дебиторлық берешектің түрлері мен бағалау әдістері анықталды, сонымен қатар контрагенттердің төлем қабілетсіздігі деңгейін есепке алатын, күмәнді борыштар бойынша резервті есептеудің әдістемесі ұсынылды;

– дебиторлық берешек бойынша монетарлық және монетарлық емес операциялардың ішкі бақылаудың әдістемесі әзірленді;

– дебиторлық берешектің факторларға тәуелділігі мен нәтижелі факторды бағалау және анықтау үшін экономика-математикалық модель ұсынылды;

– дебиторларлық берешекті уақытында өндіріп алмаудан болған жоғалтуларды анықтау мен дебиторлық берешекті басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған имитациялық модель ұсынылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Дебиторлық берешектің бухгалтерлік есебі, аудиті мен талдауының теориялық және тәжірибелік даму мәселелеріне шетелдік және отандық ғалым-экономистердің еңбектері арналған. Атап айтқанда: Л.И. Абалкин, В.П. Асхатов, Ю.А. Бабаев, В.Г. Гетьман, Л.Т. Гиляровская, В.И. Петрова, Г.В. Савицкая, Я.В. Соколов, Л.З. Шнейдман. Қазақстандық ғалымдардың ішінде бұл бағытта В.К. Радостовец, К.Ш. Дүйсембаев, Қ.К. Кеулімжаев, Е.О. Нұрсеитов, Д.О. Абленов, С.Ж. Жақыпбеков, З.Н. Ажибаева және т.б. авторлардың жұмыстарын атап көрсетуге болады.

Зерттеудің теориялық негізі болып мұнай-газ саласында есеп, аудит, экономикалық талдау, статистика және моделдеу бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері мен еңбектері, сонымен қатар ғылыми және ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары табылады.

Зерттеу барысында «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің қаржылық, салықтық және статистикалық есептіліктерінің мәліметтері алынды. Алға қойылған мақсаттарға жету барысында ұйымның тоқсандық, жылдық есептіліктері және жедел ақпараттары, сонымен қатар осы қарастырылып отырған мәселе шеңберіндегі арнайы, жалпы экономикалық және құқықтық әдебиеттері қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық базасы болып зерттелетін құбылыстар мен үрдістердің мәнді сипаттамасын анықтауға мүмкіндік беретін экономиканың мұнай-газ саласындағы жүйелі тәсілдердің қағидалары табылады. Бұдан басқа, зерттеу үрдісінде талдау, моделдеу, салыстыру сияқты жалпы ғылыми әдістер мен тәсілдер, сонымен қатар арнайы әдістер (құрылымдық талдау, эксперттік бағалау, корреляциялық, регрессиялық талдау және т.б.) қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің ақпараттық базасы болып Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, нормативтік – құқықтық актілері, құжаттары мен нұсқаулық материалдары, сонымен қатар ғылыми конференциялар мен кезеңдік баспа материалдары табылады. Зерттеу Қазақстан Республикасы, Алматы қаласында орналасқан «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің қаржылық, салықтық және статистикалық есептіліктері материалдарының мәліметтері алынды. Алға қойылған мақсаттарға жету барысында ұйымның тоқсандық, жылдық есептіліктері және жедел ақпараттары, сонымен қатар осы қарастырылып отырған мәселе шеңберіндегі арнайы, жалпы экономикалық және құқықтық әдебиеттері қолданылды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы. Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы көрсетілген берешектің есебі, оның аудиті және талдауы бойынша жаңа ұсынымдарды енгізу болып табылатын мұнай-газ салалары ұйымдарында дебиторлық берешекті басқару мен жетілдіру бойынша кешенді ұсынымдарды қалыптастырумен анықталады. Атап айтқанда, дебиторлық берешек түрлерін кеңейтіп жіктеумен байланысты ұсынылған шаралар бухгалтерлік есептілікте неғұрлым анық көрсеткіштерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв есептеудің әзірленген әдістемелері, дебиторлық берешектің жағдайына талдау мен ішкі бақылау жүргізу дебиторлық берешек сияқты бухгалтерлік есептің осындай маңызды объектісін басқару бойынша бірқатар пәрменді шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Тәжірибеде дебиторлық берешекті модельдеу әдіснамасын енгізу ұйымдарда дебиторлық берешектің тиімді деңгейіне қол жеткізуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және оларды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Ұсынылған әзірлеулер қолданбалы сипатқа ие және кез келген дебиторлық берешектің түріне талдау жүргізу кезінде, тікелей бухгалтерлік есепті жүзеге асыратын мамандармен, талдаушылармен, сарапшылармен, аудиторлармен, сондай-ақ тікелей ұйымдардың басшысымен кеңінен пайдаланылуы мүмкін. Зерттеудің ұсыныстары мен нәтижелерін еліміз

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылуы мүмкін, сонымен қатар еліміздің тұңғыш Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттерге сәйкес әзірлеуде пайдалануға болады [5].

Диссертациядағы теориялық және тәжірибелік ұсыныстар келесі пәндерді оқыту кезінде қолданылуы мүмкін: «Бухгалтерлік есеп», «Қаржылық есеп-1», «Аудит», «Қаржылық есептілікті талдау». Әзірленген экономика-математикалық және имитациялық моделдеулер халықаралық бизнес университетінің оқу үрдісінде «Қаржылық талдау» пәнін оқыту кезінде қолданылды (бұл енгізу туралы актімен расталады).

Жарияланымдар. Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 11 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: 1 (бір) мақала Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда; 3 (үш) мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда; 4 (төрт) мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында; 3 (үш) мақала шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында.

Диссертацияның құрылымы және көлемі. Диссертациялық зерттеу анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 160 беттен және 42 кестеден, 9 сызбадан, сонымен қатар 5 қосымшалардан тұрады.

1 ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТИЛЕРДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТИҢ ЕСЕБІН, АУДИТІН ЖӘНЕ ТАЛДАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Нарықтық экономиканың даму жағдайындағы дебиторлық берешек экономикалық категория ретінде

Ұйымның ең негізгі табыстарының қайнар көздері – бұл дебиторлардан келіп түсетін ақша қаражаттары болып табылады. Бүгінгі таңда, нарықтық экономика жағдайында бәсекелестіктің өсуіне байланысты, сатылған өнімдердің де көлемдері артып отыр, оның ішінде төлемдердің мерзімін ұзарту. Бұл дебиторлық берешектің пайда болуына әкеледі. Сатып алушылардың оларға қойылған шоттарды өз уақытында төлемеуі немесе төлемеу тәуекелдігі дебиторлық берешектің өсіп кетуіне әкеп соқтырады. Айналым активтеріндегі дебиторлық берешектің және олардың үлестерінің тез өсуі сатып алушыларға қатысты ұйымның несие саясатының дұрыс қаралмағандығын немесе сату көлемінің ұлғайғандығын куәландырады, сатып алушылардың төлем қабілеттіліктерінің жоқ екендігін және кейбір сатып алушылардың банкротқа ұшырағандығын көрсетеді.

Сонымен қатар, дебиторлық берешектің пайда болуы ақша қаражаттарының тапшылығына әкеледі, ұйымның ағымдағы қызметті қаржыландыруы үшін айналым активтеріне деген қажеттіліктері өседі, қаржылық жағдайы нашарлайды. Жалпы, экономикалық категориялар дегеніміз – бұл қоғамдық экономикалық қатынастардың маңызды белгілерін сипаттайтын құбылыстардың және түсініктердің жалпылама абстрактілік атауы. Сұраныс, ұсыныс, қаржы, несие, меншік, жалақы, нарық, пайда, тауар, ақша т.б. Экономикалық категория ретінде, дебиторлық берешек ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің барлық аспектілерін қамтиды, өйткені ол өнімдерді сатудан түскен ақша ағынына, табыстылық деңгейіне, ақша қаражаттарының айналымнан шығарылуы есебінен ұйымның қаржылық жағдайына әсер етуі мүмкін. Сол себепті, қазіргі жағдайда дебиторлық берешекті талдауға баса көңіл бөлініп отыр, әсіресе оның пайда болуына, құрамы мен құрылымына, сапасына, өсу немесе кему динамикасына.

Ж.С. Толпаков өз еңбегінде экономикалық категория ретінде дебиторлық берешек ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің барлық аспектілерін қамтиды, өйткені ол өнімдерді сатудан түскен ақша ағынына, табыстылық деңгейіне, ақша қаражаттарының айналымнан шығарылуы есебінен ұйымның қаржылық жағдайына әсер етуі мүмкін. Сол себепті, қазіргі жағдайда дебиторлық берешекті талдауға баса көңіл бөлініп отыр, әсіресе оның пайда болуына, құрамы мен құрылымына, сапасына, өсу немесе кему динамикасына. Көптеген экономистер дебиторлық берешекті ұйымның айналым капиталын басқару құралы ретінде қарастырады. Бұдан шығатыны дебиторлық берешек меншікті капитал мен сату көлемін өсіру мақсатында тауарларды несиеге сатуды ұлғайтуға қаражаттарды салу болып табылады [6].

Ж.С.Толпаковтың пікіріне қосыла отырып, біздің пікірімізше, қаржыны басқару көзқарасы тұрғысынан алғанда, дебиторлық берешек экономикалық категория ретінде, оның атқаратын функциясынан көрінеді: уақытпен кейінге қалдырылған ақша табыстарының қалыптасуы, қайта бөлу функциясы, инвестициялық функция, яғни дебиторлық берешекті алу құқығы мүлдітік құқық болып, ал дебиторлық берешектің өзі ұйымның мүлігінің бір бөлігі болып табылады, сондай-ақ дебиторлық берешекті бағалау олардың құрамы мен құрылымдарын оқып үйренуден басталады.

В.К. Радостовец, В.В. Радостовец, О.И. Шмидт ақша табыстарының қалыптасуы түсімнің алынбаған бөлігі ретінде анықталатын дебиторлық берешектің ерекшеліктерін көрсетеді деп жазады. Оның негізгі мақсаты сатылған өнімнен, көрсетілген қызметтен, істелген жұмыстан түспеген ақша қаражаттарын жинақтау. Ақша ағындарының құрылу функциясы дебиторлық берешектің негізгі функционалдық кесімді белгілері ескеріледі, яғни айналым капиталының элементі ретінде дебиторлық берешек шаруашылық қызметтің үздіксіз үрдісінің құрамды бөлігі болып табылады және таза ақша ағындарының пайда болуына тікелей әсер етеді [7].

В.К. Радостовец, В.В. Радостовец, О.И. Шмидттің ойларына толықтырулар енгізе отырып, біздер дебиторлық берешектің «ақша ағындарын реттеу» сияқты мұндай функциясы есеп айырысудың нысандарымен, әдістерімен және мерзімдерімен шаруашылық келісім шарттардың жағдайлары бойынша алдын ала, сонымен қатар міндеттемелердің орындалуларын қамтамасыз ету әдістерімен анықталады деп санаймыз.

Н.П. Кондраков функционалдық көзқарас дебиторлық берешектің мәнін негізгі үш аспекті бойынша қарастыруға мүмкіндік береді: біріншіден, кредиторлық қарыздарды жабудың құралы ретінде; екіншіден, сатып алушыларға сатылған өнімдердің бөлігі ретінде; үшіншіден, меншікті немесе тартылған қаражаттар есебінен қаржыландырылатын айналым активтерінің элементтерінің бірі ретінде, - деп жазады [8].

Н.П. Кондраков дебиторлық берешектің мәнін нақты ашып көрсеткен, осы орайда дебиторлық берешектің мөлшеріне қандай факторлар әсер ететіндігіне тоқталып кеткенді жөн көрдік:


1) жалпы сату көлеміндегі кейінге қалдырылған төлем жағдайындағы сатылған өнімдердің үлесі;

2) сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп-айырысудың шарттары;

3) сатып алушы мекеменің төлем тәртібі және олардың жалпы экономикалық жағдайы;

4) дебиторлық берешекті өндіріп алу саясаты;

5) дебиторлық берешекті басқару тиімділігінің сапасын бағалау және нәтижелерін пайдалану реттілігі. Дебиторлық берешектің пайда болу себептері және оның пайда болуына әсер ететін факторлар (сурет 1):



Сурет 1 – Дебиторлық берешектің пайда болу себептері және оның пайда болуына әсер ететін факторлар

Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [9]

Э.С. Мадиярова өз жұмысында қазіргі нарықтық экономика жағдайында сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін уақытында есеп айырыса алмаулары салдарынан алынуға тиісті сомалардың белгілі бір бөлігі ғана өтеліп, ал қалған бөлігінің алынбай қалуының жиі кездесетіні белгілі. Жалпы борышкерлердің белгіленген мерзім ішінде төлем жасай алмай қалу фактісі осы берешек соманың жабылмай қалатындығын білдірмейді. Мұндай жағдайлардың болуларының негізгі себептері болып қарыз ұйымның банкрот болып қалуы немесе ол ұйымның таратылуы, сонымен қатар қарызды талап ету мерзімінің өтіп кетуі табылады. Бұл айтарлықтай әдеттегі жағдай, ол субъектінің тауарлар мен қызметтерді өткізуде несиеге қаншалықты сақтықпен қарағандығына немесе борыштарды неғұрлым тиімді де икемді әдістерді қолданғандығына тәуелсіз. Ұйымның дебиторлық берешігінің басты түрі болып сатып алушылардың оларға босатылған босалқылар мен көрсетілген қызметтер үшін қарыздық міндеттемелері болып табылады [10].

Дебиторлық берешектің категориясы бірінші кезекте ұйымның экономикалық тұрақтылығы сияқты сұрақтарымен байланысты. Дебиторлық берешек туралы көп таралған ұсыну болып, осы қарыздардың айналым қаражаттарынан оқшауланулары табылады. Ұйымның дебиторлық берешегіне

талдау жасаған кезде, олардың жалпы құрылымындағы мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешектің үлесін анықтап алу қажет. Дебиторлық берешектің категориясы ұйым қызметінің әртүрлі көрсеткіштерімен байланысты және көп қырлы болып келетіндігін бөліп айта кету керек. Дебиторлық берешекті талдау дербес фактор ретінде қажет, өйткені олардың болуы ұйымның экономикалық жағдайын шарттастырады. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда ұйым қызметінің төлем қабілеттілігі, рентабельділігі және басқа да элементтерінің дебиторлық берешектің деңгейіне тәуелді болатындығы анықталды.

Э.С. Хендриксон, М.Ф. Ван Бреда өз еңбектерінде дебиторлық берешек ақшалай қаражаттарға тек біраз уақыт өткеннен кейін айналады, оны бағалау келісім шарт бойынша алынуға тиесілі сомаға сәйкес келмеуі мүмкін. Демек, дебиторлық берешектің барлық түрлері және монетарлық бағалы қағаздар болашақта алынатын ақшаның дисконтталған құнымен бағалануы керек. Көп жағдайда дисконт мөлшері шамалы және ұйымның жылдық таза пайдасын есептеу кезінде назарға алынбайды. Сондықтан, дебиторлық берешектің негізгі бөлігі өтеледі деп күтіліп отырған сомасында, ал пайызсыз берілген займдар бойынша – займның номиналды құны бойынша ескеріледі [11].

В.Л. Назарова шаруашылық жүргізуші субъекті сату үрдісінің үздіксіздігі үшін дайын өнімнің белгілі бір көлемін жинап қою керек. Дайын өнім үшін есеп айырысу, өз кезегінде белгілі бір жағдайларда дебиторлық берешекті құра отырып, ақша қаражаттарын айналымнан оқшауландырады. Дебиторлық берешек айналым құралдарының құрылымына кіреді, өйткені олар өнімдерді сату үрдісін қамтамасыз етеді және тиелген өнімдер мен сатылған дайын өнімдер үшін келіп түсетін қаражаттардың арасындағы аралық звено болып табылады. Бірақ та есте сақтау керек, дебиторлық берешек ұйымның ағымдағы қаржылық қажеттілігін өсіреді деп жазады [12].

Дебиторлық берешектің қалыпты жағдайын ұстап отыру үшін біздің пікірімізше, тауарларды несиеге сатуды және алдын-ала төлемді көбейту керек, ол жағдай қосымша клиенттерді тартуға өзіндік септігін тигізеді және соның есебінен ұйымның экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Дебиторлық берешекті сапасыз жоспарлау мен басқару таза пайда есебінен есептен шығарылатын ақталмаған қарыздардың пайда болуына әкеледі, ал мұндай жағдайлардың болуы ұйымның рентабельділігін төмендетеді.

Осыған байланысты, дебиторлық берешектің тиімділік деңгейіне авторлық анықтама берілді: Дебиторлық берешектің тиімділік деңгейі дегеніміз – бұл ұйымның экономикалық жағдайын оңтайландыруға және төлемдерді кейінге қалдырумен тауар айналымының өсуі есебінен көтерілетін рентабельділік деңгейін жақсартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дебиторлық берешектің мөлшері.

Сонымен, дебиторлық берешектің өзгеруіне рентабельділіктен басқа ұйым қызметінің басқа да элементтері әсер етеді, олар; ұйымның қаржылық жағдайы экономикалық тұрақтылық, айналым құралдарының мөлшері. Дебиторлық

берешекті тиімді басқару ұйымның экономикалық тұрақтылығы мен жағдайын оңтайландыруға оң әсер етуге мүмкіндік береді. Дебиторлық берешек ұйымның айналым активтерінің компоненті ретінде ақша қаражаттарының артуын тікелей немесе жанама құру қабілеттілігін қамтамасыз ететін болашақтағы экономикалық пайданы жүзеге асырады. Қазіргі замандағы нарықтық экономика жағдайында Қазақстан экономикасындағы ең негізгі мәселелердің бірі болып ұйымдар деңгейінде айналым қаражаттарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету табылады.

Ұйымдардың айналым қаражаттарының жалпы сомасының ішінде дебиторлық берешектің үлес салмағы маңызды орын алады, сондықтан активтердің осы түрін басқаруға баса көңіл бөлу қажет. Ұйымда дебиторлық берешекті басқарудың тиімді жүйесін жасау үшін, жалпы дебиторлық берешек ұғымын анықтап алуымыз маңызды.

А.М. Петров дебиторлық берешек туралы алғашқы еске түсіру бірнеше мыңдаған жылдар бұрынғы кезеңге жатқызылады. Ежелгі көздердің бірі болып Зенон папирустары табылады. Зенон б.э.д. 256 жылы жеке помещик меншігіндегі жер иелігінде болған есеп жүйесін өзгертті және оның ішінде дебиторлық және кредиторлық қарыздардың тұрақты есебін жүзеге асыруды ұсынды. Шаруашылық өмір фактісінің түсінігі есеп айырысу есебіне жатқызылатын өте маңызды екі ереженің пайда болуына алып келді. Оларды Л. Пачоли құрды:

а) ешкімді оның келісімінсіз қарызгер (дебитор) деп санауға болмайды, егер бұл тіпті мақсатқа сәйкес болса да;

б) шарттардың белгілі болған кезінде оның келісімінсіз ешкімді сенуші (кредитор) деп санауға болмайды [13].

Нидерланд бухгалтері Якоб ван дер Шуер (1625) дебиторды иесі кім, кім алады немесе кімге жібереді, кім сатып алады кімге жібереді, сатады немесе кімнен төлемді алуға сенеді немесе ақырында кім төлеу керек екені ретінде анықтады. Экономикалық қатынастардың дамуымен тауарларды беру мезеті және оларды төлеудің уақытпен дәлме-дәл келуі тоқтай бастады, мұның бәрі сатып алынған заттарды кейінгі төлеуді білдіретін төлем құралы ретінде ақша функцияларының пайда болуына алып келді. Ақшалармен осы функциялардың орындалу мысалы болып тауарларды несиеге беру табылады. Көп жағдайларда төлеу мен тауарларды алу уақыт бойынша соншама бірталай аралықтарға бөлінген, мұндай операцияны тек шарттылық дәрежесімен анықталған айырбас деп атауға болады. Осы мезетте ақшаның жетіспеушілігі және капиталдың ауыспалы айналымын тоқтатуын қаламау вексель, чек, банкнот сияқты несиелік құралдардың айналысымен қызмет көрсетілетін несиелік қатынастардың пайда болуына алып келеді.

1929-1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс саудалық операцияларды қаржыландырудың «классикалық» құралдарын пайдаланудың мүмкіншілігін шектеу мен базардағы жағдайдың күрт төмендеуіне әкелді.

Сонымен, ақшалай-тауарлық қатынастардың дамуымен коммерциялық (фирмалық) несие пайда болады. Фирмалық несиелердің маңызы бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін өте тез арта бастады. Бірақ, тек 1929-1933 жылдардағы дағдарыстан кейін бұл несиелер сауданың негізгі қаражаттарының бірі болып саналды. Егер бұрын фирмалық несиелер тек қана экспорттық жеткізілімдерді қысқа мерзімді несиелеу үшін пайдаланылса, онда олардың әсер ету аясы бірте-бірте кеңейді. Ұзақ мерзімді зайымдарды талап ететін мәмілелерді қаржыландыру кезінде оларды жиі қолдана бастады.

Жабдықтаушы сатып алушыға сатып алынған тауарды бөліп-бөліп төлеуге құқық береді, яғни сатушы өз атынан сатып алушыны қаржыландырады. Несиелерді беру және өтеумен байланысты барлық есеп айырысулар тікелей жабдықтаушылар мен сатып алушылардың арасында жүзеге асырылады. Бұл мәміледе несие берудің көзі болып өзінің өнімдерін сатушы, яғни ұйымның ресурстары табылады. Коммерциялық несиені несиенің ерекше формасы ретінде сипаттауға болады, бұл кезде ссудалық капиталдың қозғалысы кредитордан қарызгерге өзгеше тауарлық формада өтеді.

Біздің пікірімізше, «коммерциялық несие» термині шаруашылық үдерістерді сипаттап көрсету кезінде қолданылуы керек, оның негізінде тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді жеткізу мерзімі мен осы алынған тауарлар, істеліген жұмыстар, көрсетілген қызметтерді төлеу мерзімдері арасында уақытша үзілістің болуы сатып алушыда қарыздардың пайда болуына әкеледі. Коммерциялық несиенің мақсаты тауарларды жылдамдатып сатып, пайда табу болып табылады. Бұл несиенің мөлшері өнеркәсіптік және саудалық ұйымдардың резервтік капиталдарының шамасымен шектелген. Коммерциялық несиені вексельмен ресімдеген жағдайда, ол капиталдың өкілі болып қалады және әртүрлі бағыттарда вексельдік нарықта өтеу мерзіміне дейін еркін айналыста бола алады. Коммерциялық несиенің нәтижесі болып сатып алушы-ұйымға коммерциялық несие беретін сатушы-ұйымда дебиторлық берешектің пайда болуы табылады. Дебиторлық берешектің пайда болуы несиелік жүйенің дамуымен және жекелеп алғанда, сатып алынған тауарлар немесе көрсетілген қызметтер үшін төлемдерді кейінге қалдыру нәтижесінде немесе кейінге қалдырылған төленген, жеткізілген тауарлар мен төленген көрсетілген қызметтердің, оның коммерциялық несиенің бастапқы формасымен байланысты.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 268-бабына сәйкес міндеттеме ұғымына мынадай анықтама берілген: Міндеттемеге сәйкес бір борышқор адам басқа несие беруші адамның пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және т.б. сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға, немесе белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал несие беруші борышқордан өз міндеттерін орындауын талап етуге құқылы. Несие беруші борышқордан атқарылған жұмыстарды қабылдауға міндетті [14].

Дебиторлық берешек ұғымына зерттеу белгілі отандық және шетелдік экономист-ғалымдар И.А. Бланктың, Е.О. Нұрсеитовтың, В.Л. Назарованың, В.П. Асхатовтың, К. Лебедовтың, П.С. Безрукихтың, М.Л. Пятовтың, В.В. Ковалевтың, В. Б. Ивашкевич пен И.М. Семенованың, Б.Нидлздың бен Х. Андерсонның және Д. Колдуэллдің, А.Дудиннің, Н.П.Кондраковтың, В.Г. Гетьманның, Т.М. Рогуленконың, А.М.Петровтың, А.А Володинаның, Ю.А. Бабаев пен А. М. Петровтың жарияланымдарында жүргізілген.

И.А. Бланк дебиторлық берешек ұғымы ұйымның пайдасына шешілетін заңды және жеке тұлғалармен ұсынылған міндеттемелердің қарыз сомалары ретінде сипатталады деп өз ойын білдіреді [15].

И.А. Бланктің пікіріне қосыла отырып, біздер өзіміздің келесідей пікірімізді білдіреміз. Дебиторлық берешек дегеніміз заңды және жеке тұлғалардың осы шаруашылық жүргізуші субъектіге олардан алған өнімдері, тауарлары және т.б. үшін қарызы.

Е.О. Нұрсеитов дебиторлық берешек ұғымы – дайын өнімдер мен тауарлардың жөнелтілгендігін, жұмыстардың орындалғандығын, қызметтердің көрсетілгендігін, бірақ әлі сатып алушымен төленбегендігін немесе аванс ретінде алдын ала сатушы-ұйымға ақша аударылғандығын, бірақ дайын өнімдер мен тауарлар әлі алынбағандығын куәландырады [16].

Е.О. Нұрсеитовтың пікіріне сәйкес, егер сатып алушы ұйым сатушы-ұйымға аванс ретінде алдын-ала ақша қаражаттарын аударса, онда міндетті түрде олардан дайын өнімдердің, тауарлардың алынуын талап етуі керек.

В. Л. Назарованың анықтамасы бойынша дебиторлық берешек – бұл сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің шаруашылық жүргізуші субъекті алдындағы сатылған тауарлары (істелген жұмыстары, көрсетілген қызметтері) үшін ақша төлеу жөніндегі міндеттемелері [12, с.116].

В.Л. Назарованың дебиторлық берешекке қатысты берген анықтамасы, осы ұғымды толығымен сипаттауға мүмкіндік береді деп санаймыз. Сондықтан, біздер келесідей түрде өз пікірімізді білдіреміз, дебиторлық берешек дегеніміз – бұл тек қана сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің шаруашылық жүргізуші субъекті алдындағы оларға берілген тауарлары (істелген жұмыстары, көрсетілген қызметтері) үшін ақша төлеу бойынша міндеттемелері емес, сонымен қатар заңды және жеке тұлғалардың да қарыз сомалары.

В.П. Астахов «қарыз» ұғымын «міндеттеме» заңды терминімен ауыстырады және дебиторлық берешектің анықтамасына оның пайда болу негіздерін кіргізеді. Оның пікірінше, дебиторлық берешек – бұл заңды тұлғалар болып табылатын басқа да ұйымдардың немесе жеке азаматтардың, жеке тұлғалардың белгілі бір ұйым алдындағы міндеттемелері. Осы міндеттемелер оларға өнімдерді немесе ақша қаражаттарын (зайымдар, есеп беруге тиісті тұлғалардың есебіне ақша беру түрінде), атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің орындалуларына байланысты пайда болады [17].

Біздің пікірімізше, дебиторлық берешек ұғымына В.П. Астаховпен берілген анықтаманың кемшіліктеріне келесілерді жатқызуға болады:

1) дебиторлық берешектің пайда болу негіздерінің тізбесі толық көрсетілмеген, сонымен қатар үшінші тұлғамен ұйымға келтірілген зиянның нәтижесінде пайда болған дебиторлық берешек туралы ескерілмеген;

2) ықтимал дебиторлардың тізімі толық көрсетілмеген.

К. Лебедевтың берген анықтамасы бойынша дебиторлық берешек дегеніміз – бұл әртүрлі негіздерден құралатын оның құқықтық қатынаста борышкерлері болып табылатын ұйым мүлкінің құрамына кіретін, оның басқа да тұлғаларға мүліктік талаптары [18].

П.С. Безруких осыған ұқсас анықтаманы мынадай түрде ұсынады, экономикалық мазмұны бойынша дебиторлық берешек – бұл ұйымның активтерінің құрамына кіретін, оның борышкерлері болып табылатын басқа да заңды және жеке тұлғаларға мүліктік талаптары [19].

М.Л. Пятов дебиторлық берешек ұғымын келесідей түсіндіреді. Сатушы тауарларын кейінге қалдыру төлем шартымен сату кезінде тауарларды сату уақыты мен оларды сатып алушылардың төлеп беру мезетіне дейін бір жағынан алғанда, тауарларға деген өзінің құқықтық меншігін жоғалтады, ал басқа жағынан алғанда сатылатын мүліктің бағасын құрайтын ақшаларының болмауы әсер етеді. Дебиторлық берешектің есебінде көрсетілетін мөлшер ұйымның айналымынан алынған қаражаттардың көлемін нақты көрсетеді [20].

М.Л. Пятовтың дебиторлық берешекке қатысты берген анықтамасынан шығатын қорытынды ұйымға тиесілі қаражаттардың көлемі борышкердің айналымында болады. Яғни, бұдан шығатыны сатып алушының қарызы нақты оған берілген несиенің көлемін көрсетеді. Болған дебиторлық берешектен алынған қаржылық нәтиже нақтылы ұйым қызметінің жағдайында ақша қаражаттарының уақытша құндылық факторын құрайтын пайда немесе залалдың пайызынан алынатын соманың арақатынасымен анықталады.

В.В. Ковалев дебиторлық берешекті міндеттеме тұрғысынан қарастырады, яғни міндеттемелердің мысалдары заңдық мағынада азаматтық құқықтық қатынасты білдіреді, яғни бір жақ борышкер басқа жақтың пайдасына кредиторға белгілі бір әрекет жасау керек, мысалы; мүліктерді беру, жұмыстарды орындау және т.б., ал кредитор борышкерден оның міндетінің орындалуын талап етуге құқығы бар [21].

Дебиторлық берешекті В.В. Ковалевтың тұжырымына ұқсас көзқараста анықтадық. Дебиторлық берешек – бұл есеп айырысу шоттарында көрсетілген сатып алушылардың, жұмысшылардың, займ алушылардың, бюджеттің ұйым алдындағы міндеттемелері.

В.Б. Ивашкевич дебиторлық берешек ұғымын шаруашылық қатынастардың нәтижесінде заңды және жеке тұлғалардың ұйымға тиесілі қарыздарының сомасы ретінде қарастырады немесе ұйымның айналымынан

шығарылған қаражаттары және оларды басқа ұйымдар мен жеке тұлғалардың пайдалануы мүмкін деп анықтайды [22].

Б. Нидлз, Х. Андерсон, Д. Колдуэлл дебиторлық берешекті алынуға тиісті шоттар ұғымымен түсіндіреді, тауарларды несиеге сату кезінде пайда болатын қысқа мерзімді өтімді активтер болып табылады. Мұндай несие көбінесе коммерциялық несие деп аталады [23].

А. Дудиннің анықтамасы бойынша, дебиторлық берешек – ұйымның контрагенттер – дебиторлармен қаржы-шаруашылық қатынастардың нәтижесінде, яғни олардың ұйымға тиесілі қарыздарының жиынтығынан тұрады [24].

Н.П. Кондраков дебиторлық берешек дегеніміз белгілі бір ұйымға басқа ұйымдардың, жұмысшылар мен жеке тұлғалардың, мысалы; сатып алушылардың сатып алған өнімдері үшін, есеп беруге тиісті тұлғалардың олардың есебіне берілген ақша қаражаттары үшін қарыздары, яғни белгілі бір ұйымға қарыз заңды және жеке тұлғалар дебиторлар деп аталады [7, с. 334].

В.Г. Гетьман дебиторлық берешек ұйымның заңды және жеке тұлғалармен есеп-айырысуға бағытталған айналым активтерінің бөлігі болып табылады деп өзінің осындай анықтамасын береді [25].

Т.М. Рогуленко дебиторлық берешек ұғымын басқа ұйымдардың, жұмысшылардың және жеке тұлғалардың осы ұйымға қарыздары немесе бізге қарыздары, яғни қарыз-ұйымдар мен қарыз-тұлғалар дебиторлар болып табылады деп көрсетеді [26].

А.М. Петровтың анықтамасы бойынша, дебиторлық берешек дегеніміз сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің алған өнімдері (істелінген жұмыстар, көрсетілген қызметтер) үшін сатушы ұйым алдындағы қарыздары болып табылады [27].

А.А. Володинның пікірі бойынша, дебиторлық берешек – бұл сатудан түскен түсімнің алынбаған бөлігі, келісім шарттан пайда болатын міндеттемелердің жеке түрі, сонымен қатар зиян келтіру және басқа да негіздер салдарынан болған ұйымның айналым активтерінің түрлерінің бірі болып табылады [28].

Ю. А. Бабаев пен А.М. Петров дебиторлық берешек ұғымына келесідей анықтама береді: Дебиторлық берешек кредитордың рөлін орындаушы және қарызгерлердің рөлін орындаушы басқа да заңды және жеке тұлғалармен ұйым арасындағы келісім шарт негізінде пайда болады [29].

Дебиторлық берешек ұғымын теориялық тұрғыда зерттей келе, дебиторлық берешектің анықтамасына қатысты берілген авторлардың пікірлері өзара қарама-қарсылықтар тудырмайтындығына көзіміз жетті, керісінше олар бірін-бірі толықтырады. Сондықтан, дебиторлық берешек ұғымының сан алуандығын ескере отырып, біздер бұл ұғымның анықтамасын шартты түрде төрт негізгі көзқарас тұрғысынан қарастыруды ұсынамыз:

Бірінші көзқарас, яғни оны «заңдық» деп атауға болады. Бұл көзқарас бойынша дебиторлық берешек үшінші тұлғаның қандай да бір ұйым алдындағы қарыз сомасы ретінде қарастырылады.

Екінші көзқарас, «экономика-құқықтық» ретінде, яғни дебиторлық берешекті ұйымның немесе шаруашылық жүргізуші субъектінің активтерінің, мүліктерінің бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Үшінші көзқарас, «экономикалық» ретінде анықталуы мүмкін, осы көзқарас бойынша дебиторлық берешекті шаруашылық жүргізуші субъектімен өзінің дебиторларына берілетін несие ретінде қарастыруға болады.

Төртінші көзқарас, дебиторлық берешектің түсінігін «бухгалтерлік» тұрғыда анықтауға мүмкіндік береді, яғни ол бухгалтерлік ұстанымға негізделеді. Бухгалтерлік есеп айқындамасы бойынша міндеттеме дегеніміз нақтылы болған шаруашылық операциялары, олар туралы алынған ақпараттар міндетті түрде бухгалтерлік есеп тіркелімдерінде көрсетілулері керек.

Е.П. Константинованың пікірінше, қатысушылардың құрылтайшылық келісім шарттарында көрсетілген салымдарын енгізу бойынша міндеттемелері бухгалтерлік есепте олардың қолдары қойылған құрылтайшылық келісім шарттары негізінде көрсетіледі. Сонымен қатар міндеттемелер тікелей заң негізінде орындалады және орындалу дәрежесіне тәуелсіз, олардың пайда болу кезеңінен бастап бухгалтерлік есепте көрсетіледі, мұндай міндеттемелердің мысалы болып мемлекеттің зачет есебімен салық төлемдерін қайтаруы бойынша ұйым алдындағы қарызы табылады деп көрсетеді [30].

Дебиторлық берешекті бухгалтерлік есеп қағидаларына сәйкес ұйымның қаржылық жағдайы туралы есепте көрсету көзқарасынан алғанда олардың құрамынан келесідей топтарды бөліп көрсетуге болады: сатып алушылар мен тапсырыс берушілер, алынуға тиісті шоттар, алынуға тиісті вексельдер, еншілес және тәуелді ұйымдардың қарыздары, қатысушылардың жарғылық капиталға салымдары бойынша қарыздары, берілген аванстар, есеп беруге тиісті тұлғалармен есеп айырысу, уақытша қаржылық көмек және өзге де дебиторлар.

Заңмен немесе келісім шартпен қарастырылған қарыздық міндеттемелерді қамтамасыз ету дәрежесі бойынша келесідей бөлуге болады: банк сенімімен және басқа әдістермен кепілдендірілген және кепілдендірілмеген. Дебиторлық берешекті осындай топтастыру жаппай тәуекелдігі көзқарасы тұрғысынан оларға талдау жүргізу үшін қажет. Ал тәуекел деңгейін бағалаудың белгілері болып өтімділік және берілген кепілдіктің құны, жауапкершілікті өз міндетіне алушының немесе кепілгердің қаржылық жағдайы табылады.

Экономикалық мазмұны бойынша дебиторлық берешекті осылай топтастыру дебиторлардың қарыздарын кредиторға қатысты олардың пайда болу көздері, міндеттемелердің түрлері, қарыздардың сипаты бойынша жіктеуге мүмкіндік береді. Біздің көзқарасымыз бойынша, дебиторлық берешекті басқару саясатының ерекшелігі, бірінші кезекте, дебиторлық берешектің экономикалық мазмұнымен анықталады. Заң бұзушылықтан болған

залалға жол берген кінәлі тұлға табылып, оны қайтаруға келісім берген жағдайда ғана, деликт (заң бұзушылық) міндеттемелердің пайда болуының негізі болып табыла алады. Мұндай жағдайда, міндеттемелер сомасы залал мөлшерімен емес, қайтару мөлшерімен анықталады (кесте 1).

Кесте 1 – Шаруашылық жүргізуші субъектінің контрагенттерінің тізбесі және дебиторлық берешектің пайда болу негіздері

Контрагенттің атауы	Дебиторлық берешектің пайда болу негіздері
Заңды және жеке тұлғалар-өнімдерді, қызметтерді сатып алушылар	Төлемдерді кейінге қалтыру бойынша өнімдерді сату, қызметтерді көрсету; шарттық міндеттемені бұзғаны үшін қойылған талаптар
заңды және жеке тұлғалар – жабдықтаушылар, оның ішінде қызмет көрсетушілер, жұмыстарды орындаушылар	келісім шарт жағдайлары бойынша анықталған бағалардың, тарифтердің, тауарлардың, қызметтердің, жұмыстардың сәйкес келмейтіндіктеріне қойылған талаптар
қатысушылар	жарғылық капиталға жарна төлеу бойынша қарыздары
салық органдары	салықтық төлемдер
мемлекеттік басқару органдары (кеден, мемлекеттік мүлік комитеті, лицензия беретін органдар)	кедендік баж салығы; мемлекеттік баж салығы; алымдар; зиянның орнын толтыру бойынша төлемдер
жұмысшылар	еңбекақы бойынша аванстар; есеп беруге тиісті соманы беру; келтірілген материалдық зиян; ссудалар
банк мекемесі	шетел валютасын сатып алу немесе сату; бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату; клиенттің шоты бойынша операцияны жүзеге асыру мерзімін бұзғаны үшін қателесіп шығарылған сомаға талаптар
сақтандыру компаниялары	сақтандыру төлемдері
вексель бойынша төлеушілер	ұсынылған вексель бойынша жабылмаған қарыздар
қаржы компаниялары, басқа да бағалы қағаз нарығына қатысушылар	бағалы қағаздарды сату-сатып алу
еншілес (тәуелді) ұйымдар	шаруашылық операциялар бойынша есеп айырысу
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [31]	

1.2 Дебиторлық берешекті тану, бағалау мәселелері және оның жіктеуін жетілдіру

ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» былай делінген: дебиторлық берешек ұйым келісім шарттық қатынасқа түскен кезден бастап актив ретінде танылады, соның нәтижесінде ұйымда ақша қаражаттарын алуға заңды құқық пайда болады.

Дебиторлық берешек ұйымның активтеріне жатады, өткен оқиғаның нәтижесінде олардан болашақта экономикалық пайда алу күтілетін ұйыммен бақыланатын ресурстардан тұрады.

Дебиторлық берешек есебіндегі негізгі мәселелер болып оларды тану, бағалау және өтеу табылады, яғни қаржылық есептілікте қалай көрсетілуі керек және олардың сомалары қандай екендігін көрсету. Дебиторлық берешекті тану Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары мен Ұлттық қаржылық есептілік стандартында көрсетілген критерийлерге сәйкес болулары керек [32].

ҰҚЕС және ХҚЕС сәйкес дебиторлық берешекті актив ретінде танудың критерийлері болып мыналар табылады:

– тауарды иемденудің артықшылықтары және әсерлі тәуекелдерінің сатушыдан сатып алушыға ауысуы. Бұл жағдай меншік құқығын немесе иелігін әдетте тапсырумен іске асырылады, (мысалы, бөлшек саудада);

– сатушы сатылған тауарды бақыламайды және сәйкесінше басқаруға да қатыспайды;

– түсім сомасы сенімді бағалануы мүмкін;

– келісімшартпен байланысты экономикалық пайдалардың компанияға түсу ықтималдылығы;

– жасалған келісіммен байланысты болған және күтілген шығындар сенімді бағалануы мүмкін [33].

Біздің пікірімізше, есептеу қағидасына сәйкес, табыс сатып алушылардан ақша қаражаттарының келіп түсу фактісі бойынша емес, керісінше тауарларды тиіп жіберген кезден бастап танылады.

Дебиторлық берешекті тану, төмендегі сұрақтарды анықтау мақсатында оларға талдау жасауды талап етеді:

1) дебиторлық берешекті өтеуден, ұйымның болашақта экономикалық пайда алу ықтималдығы бар ма;

2) дебиторлық берешек сомаларын дұрыс бағалаудың бар екендігі.

Көрсетілген критерийлерді қанағаттандырмайтын бап, актив ретінде таныла алмайды, бірақ та қаржылық есептілікке қосымша түсіндірме жазбада немесе ескертпеде ашып көрсетілуі мүмкін. Бухгалтерлік есепте дебиторлық берешекті алғашқы таныған кезде нақты құн бойынша көрсетіледі, яғни пайда болу кезеңінде қайтарымнан алынған немесе күтілген әділ құн болып табылады. Дебиторлық берешектің есебіндегі ең негізгі қиындық оны бағалау болып табылады, ол алғашқы және кезекті болып бөлінеді. ХҚЕС сәйкес займдар мен дебиторлық берешек қаржылық құралдардың категорияларының бірі болып саналады.

Займдар мен дебиторлық берешекті бағалау ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» негізінде жүргізіледі. Займдар мен дебиторлық берешекті алғашқы таныған кезде, сондай-ақ кез келген басқа да қаржылық актив немесе міндеттеме әділ құн бойынша бағалануы керек. Халықаралық есепте мұндай бағалаудың Қазақстандағы есептен аса көп айырмашылығы жоқ.

Қысқа мерзімді дебиторлық берешек дисконтталмайды, себебі бұл бір жылдан аз кезең ішінде ақша құнының аса көп өзгермейтіндігімен байланысты. Алғашқы танылғаннан кейін дебиторлық берешек әр есептік кезеңде амортизацияланған құн бойынша бағаланады (тиімді пайыздық ставка әдісін пайдаланумен) құнсызданған соманы шегеру бойынша (кесте 2).

Кесте 2 – Келісім шарттардың әртүрлі типтері кезіндегі табысты тану

Келісім үлгісі	Табысты сипаттау	Табыс қашан танылады
Қорларды сату	Сатудан түскен табыс	Сату кезінде (жеткізілім)
Қызметтерді көрсету	Көрсетілген қызметтен немесе қаламақдан табыс	Көрсетілген қызметтер пайдалануға берілді және олар бойынша төлеуге шот қойылды
Активті пайдалануға құқықтардың берілуі	Авторлық қаламақы мен рентадан пайыз-дық табыс	Активтердің қолдануымен немесе уақыт ағымымен
Босалқылар болып табылмайтын, активті сату	Сатудан түскен табыс немесе залал	Сату немесе айырбастау кезінде
Ескерту – Автормен құрастырылды		

Сондай-ақ, қысқа мерзімді дебиторлық берешек құнсыздануы мүмкін болатын резервті шегергеннен кейінгі әділ құн бойынша көрсетіледі. Тәжірибеде мынадай жағдайлар қалыптасқан, мысалы тауарлар мен қызметтердің әділ құны келісім шарт негізінде анықталады. Бірақ та дебиторлық берешектің келесі есебі анағұрлым күрделі және оның түріне байланысты болады (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді).


Дебиторлық берешекті осындай қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп бөлу қажеттілігі екі негізгі себептермен анықталады:

1) дебиторлық берешекті мұндай жіктеу қаржыландыру көздерінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы; қысқа мерзімді дебиторлық берешек үшін қаржыландыру көзі болып көбінесе қысқа мерзімді пассивтер табылса, ал ұзақ мерзімді дебиторлық берешек үшін меншікті қаражаттар (жарғылық капитал, бөлінбеген пайда) және ұзақ мерзімді пассивтер табылады;

2) дебиторлық берешектің мерзімі өскен сайын, оны қайтармау тәуекелдігі де өседі.

Халықаралық тәжірибе бойынша құнсыздануға резерв құру мынадай жағдайда болады, егер қарыз тұлғадан ақша қаражаттарының алынбау мүмкіндігі дәлелденген жағдайда. Мұндай дәлелдеуді талдау жүргізу негізінде алуға болады: дебиторлық берешектің мөлшері, мерзімі өтіп кеткен қарыздардың кезеңі, жабылмаған қарыздардың тәуекелділігін бағалау. Сонымен қатар сот процесінің шешімі бойынша, қарыз алған тұлға банкротқа

ұшыраған жағдайда, қарыз алған тұлғаның ауыр материалдық жағдайы болғанда бағаланады (сурет 2):



Сурет 2 – Дебиторлық берешекті бағалау

Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [34]

О.В. Ефимова өз жұмысында былай деп жазады, егер дебиторлық берешек ұзақ мерзімді болса, онда ол тиімді пайыздық ставка әдісін қолдану негізінде амортизацияланған құн бойынша көрсетілуі керек. Амортизацияланған құн өз кезегінде былай анықталады:

Амортизацияланған құн = Алғашқы құн – негізгі соманы жабу бойынша болған төлемдер + жинақталған амортизация – құнсызданумен байланысты азайған сомалар.

Амортизация тиімді пайыздық ставка әдісін қолдану негізінде есептелінуі тиіс. Тиімді пайыздық ставка ақша қаражаттарының ағынын бағалауды қаржылық құралдар көзқарасы тұрғысынан қарастырады, яғни болашақ кезең уақыты төлемдері. Бұл әдіс болатын несиелік залалдарды есепке алмайды, бірақ та басқа да келісім шарт жеңілдіктері жағдайын, төлеу шығындарын есепке алады.

Басқа да жағдайларда халықаралық есепте келісім шартта көрсетілген ақша қаражаттары ағындарын пайдалануға рұқсат етіледі. Нарықтық экономика жағдайында ұйымның бухгалтерлік есебінде активтер мен міндеттемелерді объективті бағалау үшін дебиторлық берешекті бағалаудың шынайылығы өзекті орын алады [35].

ХҚЕС 1 «Қаржылық есептілікті табыс ету» сәйкес бухгалтерлік баланста аналық компанияның, еншілес компанияның, тәуелді компанияның және басқа да өзара байланыс тараптардың дебиторлық берешегі бөлек ашылады. Дебиторлық берешек ҰҚЕС және ХҚЕС есебіне сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектіге тиесілі ағымдағы операциялар бойынша сатып алушылар мен өзге де дебиторлардың қарыз сомалары ретінде анықталады [36].

М.К. Калибаев мақалада дебиторлық берешекті тауарларды сату, қызметтерді көрсету нәтижесінде пайда болатын алынуға тиісті шоттар ретінде анықтауға болады деп көрсетеді. Сонымен қатар есептік кезең ішінде есептелген жал төлемдері, сыйақылар және өзге де алынуға тиісті сомалардан тұрады. Түсім келесідей операциялардың нәтижесінде пайда болады: тауарларды сату, қызметтерді көрсету, басқа тараптармен ұйым активін пайдалану [37].

ХҚЕС 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сай бухгалтерлік баланста көрсетілетін дебиторлық берешектің сомасын анықтаған кезде мыналарды орындау қажет:

- 1) дебиторлық берешектің құнсыздануына және үмітсіз қарыздардың сомаларын есептен шығаруға тест жүргізу;
- 2) қалған қарыздар сомаларын күмәнді қарыздар бойынша резерв сомасына түзету;
- 3) өтеу мерзімі бір жылдан аз дебиторлық берешекті ағымдағы активтердің құрамында, ал ұзақ мерзімді қарыздарды айналымнан тыс активтердің құрамында көрсету [38].

Дебиторлық берешек ұлттық және халықаралық стандарттар есебіне сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектіге тиесілі ағымдағы операциялар бойынша сатып алушылар мен өзге де дебиторлардың қарыз сомалары ретінде анықталады. Қазақстандағы есепте және халықаралық есепте де дебиторлық берешектің есебі бойынша арнайы стандарт жоқ. Бірақ та дебиторлық берешектің есебі мен бағалауы кезінде әртүрлі стандарттардың талаптарын сақтау қажет.

Егер дебиторлық берешек сыйақы элементінен тұрса, онда ол өтеу құны болашақта алынатын ақша қаражаттарының ағымдағы құнына тең болатындай танылады. Дебиторлық берешекті дисконттау және оны бухгалтерлік есепте қалай көрсету керек екендігін мысал келтіру негізінде түсіндіруді ұйғардық.

Компания 2014 жылдың қаңтар айында 3 жыл мерзімге 1 500 000 теңге сомасында займ берді. Осы жылдың қаңтар айында осындай типтегі несиелер бойынша нарықтық мөлшерлеме жылына 17 % құрады. Займның амортизацияланған өзіндік құны – PV келтіру коэффициентін қолдану негізінде анықталады:

$$PV = (1 / (1 + r))^n \quad (1)$$

Мұндағы, r – пайыздың тиімді мөлшерлемесі, n – өтеуге дейінгі кезеңдер саны.

Сонымен, 3 жылға келтірілген коэффициентті анықтаймыз, ол мынаған тең болады:

$$PV = (1 / (1 + r))^n = (1 / (1 + 0,17))^3 = 0,624371$$

Жоғарыда көрсетілген формуланы қолдана отырып, займның амортизацияланған құнын есептейміз (кесте 3).

Кесте 3 – Займның амортизацияланған құнын есептеу

Кезең	Займның амортизацияланған құны, теңге	Займ бойынша есептелінетін сыйақылар, теңге
2014 жыл	$1\,500\,000 * 0,624371 = 936\,556,5$	$936\,556,5 * 0,17 = 159\,214,61$
2015 жыл	$936\,556,5 + 159\,214,61 = 1\,095\,771,11$	$1\,095\,771,11 * 0,17 = 186\,281,09$
2016 жыл	$1\,095\,771,11 + 186\,281,09 = 1\,282\,052,19$	$1\,282\,052,19 * 0,17 = 217\,948,87$
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [77]		

3-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, займның амортизацияланған құны негізгі соманы келтірілген коэффициентке көбейту негізінде анықталады. Ал займ бойынша есептелінетін сыйақылар займның амортизацияланған құнын пайыздың тиімді мөлшерлемесіне көбейтіп, анықтау керектігін аңғардық (кесте 4).

Кесте 4 – Займ бойынша операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету проводкалары

Операциялар	Дебет	Кредит	Сома, теңге
Берілген займ (қаңтар-2014)	2010 «Ұзақ мерзімге берілген займдар»	1030 «Ағымдағы банктегі шоттардағы ақша қаражаттары»	1 500 000
2014 жылы есептелген сыйақы	2170 «Алынуға тиісті ұзақ мерзімді сыйақы»	6110 «Сыйақылар бойынша табыстар»	159 214,61
2015 жылы есептелген сыйақы	2170 «Алынуға тиісті ұзақ мерзімді сыйақы»	6110 «Сыйақылар бойынша табыстар»	186 281,09
2016 жылы есептелген сыйақы	2170 «Алынуға тиісті ұзақ мерзімді сыйақы»	6110 «Сыйақылар бойынша табыстар»	217 948,87
Займды өтеу (қаңтар-2017)	1030 «Ағымдағы банктегі шоттардағы ақша қаражаттары»	2010 «Ұзақ мерзімге берілген займдар»	1 500 000
Ескерту – Автормен құрастырылды [59]			

В.С Зимин дебиторлық берешекті бағалаудың төрт түрі кездесетінін көрсетеді:

Бірінші түрі – бұл активтің нарықтық құны анықталғанда ұйымның барлық бизнесінің құнын құрайтын бүтіндей бөлігі ретінде дебиторлық берешекті біркелкі ағыммен бағалау. Мұндай тәсіл осындай элементті бизнестен тұтастай шығарып алуды және дәл осы элементтің ерекшеліктерін зерттеуді шоғырландыру ұйым бизнесінің жалпы беталысын әрбір элементтің мақсатының қарапайым емес сомасының жүйелері ретінде есепке алмауы мүмкін екендігімен түсіндіріледі. Бұл жағдайда ерекше көңіл қарыздарды төлеп беруге қатысты ұйым менеджментінің нақтылы саясатына емес, бизнесті дамытудағы дәл ортақ мақсаттарға бөлінеді, өйткені ол бизнесті сатқан кезде түбегейлі өзгеруі мүмкін. Сондықтан бұдан да маңызды факторлар болып

дебиторлардың қаржылық жағдайы мен қарыздар айналымының динамикасы табылады. Мұндай жағдайда оны бағалау инвестициялық құн бойынша жүргізіледі. Нақтылы инвестор ретінде дебиторлық берешектің құндылығын анықтайтын бизнес жүйесінің өзі болып табылады. Ұйымның дебиторлық берешегін құрайтын қаражаттары шаруашылық айналымға қатысудан дерексізденеді, әрине бұл ұйымның қаржылық жағдайы үшін оң нәтиже емес. Дебиторлық берешектің өсуі шаруашылық субъектіні қаржылық сәтсіздікке ұшыратуы мүмкін. Сондықтан ұйымның бухгалтериясы үшін есепте дебиторлық берешекті дұрыс және анық бағалау мен мойындау, оның мөлшері ұйымның мүліктік жағдайын объективті көрсету және қаржылық есептілікті жаңылуға, қателесуге салмау маңызды.

Екінші түрі басқарушылық шешім қабылдау мен оның мақсатқа сәйкестілігі, яғни активтің нақты иесі үшін алдын ала қарыздарды бағалаумен байланысты. Әрбір нақтылы қарызгерлер жайында айтылуы керек және бар бизнес жүйесінде оны сату кезіндегі мүмкін болатын тиімділігі мен оның нақтылы пайдалылығымен салыстыру.

Үшінші түрі – дебиторлық берешекті негізделген нарықтық құн бойынша нарықта сатуға арналған тауар ретінде бағалау. Бұл бағалауда аукционға ұсынылған активтің құнын, сонымен қатар сатудың минималды құнын анықтау міндеті тұруы мүмкін. Бағалаушы активке жалпы қабылданған талап үлгісі мен потенциалды сатып алушылар үшін оның тиімділігін бағалауға міндетті. Содан кейін барып осы талаптарды есепке ала отырып, оның құнын бағалауды алу үшін ешбір сатушыда немесе сатып алушыда оның қорытынды мәндерінің шындылығы мен негізділігіне күмән келтірмейтіндей әрбір болжамды үдерістегі қарыздардың өздеріне тән ерекшеліктеріне байланысты талдауы мүмкін.

Төртінші түрі – бұл дебиторлық берешекті сатып алудың нақтылы инвестор – тапсырыс беруші үшін тиімділігін бағалау. Мұндай жағдайда сол шекті бағаны жасырын бағалау орын алады, яғни активті ары қарай қолданудың шынайы мүмкіндіктері мен оның ресми қызығушылықтарын есепке ала отырып, инвестор бұл актив үшін төлеуге дайын. Қолданылған бағалау стандарты – бұл инвестициялық құн. Қойылған міндеттердің мұндай ерекшеліктері бұл жағдайда қарыздарды ары қарай пайдаланудың өздеріне тән ерекшеліктеріне байланысты, мысалы, дебитордың бизнесін бақылаудың әдісі ретінде қолдану, көбінесе инвестордың ерекше қызығушылық табандылығы танылады. Бағалау міндеттері, осы жағдайда максималды орынды және нақты болады [39].

Дебиторлық берешекті бағалаудың барлық талданған түрлерінің қойылымы мен тағайындалуына қатысты екі ескерту жасауға болады:

1) дебиторлық берешекке қатысты нарықтық құнмен және инвестициялық құнмен негізделген стандарттарды пайдалану негізінен, қолданыста бар немесе болашақтағы бизнес жүйесіндегі элемент ретінде емес,

сәйкесінше бизнес жүйесінен тыс – дербес тауар ретінде оны талдаумен анықталады;

2) бұл активті көтермелеп бағалау дебиторлық берешектің қосынды шамасын пайдаланғанды білдірмейді. Ең мақсатқа сай болып дебиторлардың кейбір біркелкі топтарын талдау табылады.

М.Қ. Қалибаев, Н. Бердімұрат, Г.Р. Қасымбекова өздерінің жұмыстарында нарықтық қатынастардың дамуымен дебиторлармен есеп айырысудың тиімділігін қамтамасыз ету бойынша басқарушылық шешім қабылдау мен өнімдерді өндіру кезінде ұйымның жауапкершілігі және өз бетімен жұмыс істеуі артады деп көрсеткен. Дебиторлық берешектің жағдайы, оның мөлшері және сапасы ұйымның төлемқабілеттілік көрсеткіштеріне, сондай-ақ оның қаржылық жағдайына маңызды әсер етеді. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында ұйым өзінің қаржы-шаруашылық қызметі барысында міндетті түрде әртүрлі контрагенттермен, сондай-ақ бюджетпен салықтар бойынша есеп айырысуларды жүргізеді. Өздерінің өндірген өнімдерін тиіп жіберіп немесе қандай да бір қызмет түрін көрсете отырып, ұйымдар көп жағдайда қолма-қол төлем ақша ала алмайды, бұл орайда олар сатып алушыларды несиелейді. Сондықтан, өнімдерді тиіп жіберген уақыттан бастап, ұйымның есеп айырысу шотына ақша қаражаты түскен уақытқа дейін ұйым дебиторлық берешек түрінде әрекетсіздікте болады, сөйтіп оның деңгейі көптеген факторлармен анықталады:

- 1) өнімнің түрімен;
- 2) нарық сыйымдылығымен;
- 3) өндірілген өніммен нарықтың толықтырылу деңгейі;
- 4) келісім – шарттың жағдайы;
- 5) ұйымның қолданатын есеп айырысу жүйесі [40].

О.В. Рура дебиторлық берешекті жіктеу оның түрлерінің көптігін сипаттап бере алмайды, сонымен қатар «саудалық», «тауарлық», «операциондық» дебиторлық берешек терминдерінің мазмұны әртүрлі түсіндіріледі деп жазады [41].

Терминдерді анықтау, жіктеуді экономикалық негіздеу Қазақстан Республикасының ұйымдарында дебиторлық берешектің есебінің тиімділігін қамтамасыз етуі мүмкін, өйткені дебиторлар туралы есептік ақпараттарды топтастыру әртүрлі пайдаланушы топтардың мақсаттарына байланысты олармен басқарушылық шешім қабылдау негізі жатыр. Дебиторлық берешекті мойындау және бағалау, оны жіктеудің мәні сияқты негізге алынатын сұрақтары көптеген шетелдік және отандық авторлардың жұмыстарында жеткілікті дәрежеде кеңінен жарық көрген. Дебиторлық берешекті жіктеудің ерекшеліктеріне өз жұмыстарын арнаған О.М. Губачова, С.И. Мельник, К.С. Сурина мен А.М. Казакаева. О.М. Губачова мен С.И. Мельник тауарлық және операциондық дебиторлық берешек терминдерін синонимдер ретінде қолданады [42].

Біздің пікіріміз бойынша, тауарлық және саудалық дебиторлық берешек ұғымдарының айырмашылықтары бар және олардың өзгешеліктерінің негізінде тауарлық және саудалық операциялардың мазмұнындағы айырмашылықтары жатыр. Осы операциялардың экономикалық мәндері мен заңдық нысандарын зерттеу келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Тауарлық операциялар – бұл тауарларды сақтаумен және олардың қозғалысымен байланысты операциялар, яғни тауарлық операциялар тауарды сатып алу-сатуды жоспарлауды міндеттемейді, оларға сонымен қатар кепілдік, сақтау және т.б. келісім шарттар бойынша тауарларды беру операциялары жатқызылады. Мұндай көзқарас кейбір экономистерге тауарлық қарыз тек тауарлар жеткізілгенде ғана жабылуы керек деп айтуға негіз береді.

К.С. Сурин дебиторлармен есеп айырысуларды жіктеу мәселелерін қарастырған. Сурин К.С. дебиторлық берешектің келесі түрлерін бөліп көрсетеді:

а) тауарлық (операциондық) – ұйымның кәдімгі операциондық қызметінің нәтижесінде пайда болады және тауарлардың сатылуын, жұмыстардың орындалуын немесе қызметтердің көрсетілуін қарастыруы мүмкін;

б) тауарлық емес (операциондық емес) – ұйымның басқадай қызметтерінен пайда болады (яғни, сатылған тауарларға, істелген жұмыстарға немесе көрсетілген қызметтерге қарағанда, басқа операциялар). Тауарлық емес дебиторлық берешек есепте сәйкесінше атаумен көрсетіледі және тауарлық дебиторлық берешектің құрамына кірмейді [43].

Бірақ та бүгінгі уақытқа дейін дебиторлық берешекті жіктеумен байланысты көптеген сұрақтар жеткілікті түрде зерттелмеген немесе өңделмеген. Ғалымдардың арасында «саудалық», «тауарлық», «операциондық» дебиторлық берешектің түсініктеріне қатысты ортақ пікірге келетін анықтама жоқ, сол себепті әдебиеттерде көрсетілген дебиторлық берешектің әртүрлі жіктелуі осы нысанның есептік аспектілерін анықтауда пікірталас тудырады. Дебиторлық берешектің жіктелуін ары қарай зерттеу экономикалық субъектіні басқару жүйесінде ақпараттың ішкі жүйесі ретінде оны дамыту бухгалтерлік есептің отандық жүйесін халықаралық принциптермен үйлестіруге мүмкіндік тудырады.

Шетелдік компаниялардың қаржылық есептіліктерінде саудалық және өзге де дебиторлық берешек бөлініп көрсетіледі. Сонымен, саудалық дебиторлық берешек деп сатып алушылардың оларға берген тауарлары мен көрсетілген қызметтері үшін төлеу бойынша басқа ұйымға қарызы, ол тіпті егер ақша қаражаттарының келіп түсуі 12 ай мерзімі өткен соң күтілетін айналым активі ретінде есепке алынады. Ұлттық қаржылық есептілік стандартына сәйкес, дебиторлық берешек – бұл белгілі датаға дебиторлардың ұйымға қарыз сомасы. Халықаралық стандарттардан айырмашылығы «саудалық» дебиторлық берешек ұғымы отандық нормативтік құжаттарда анықталмаған. Дебиторлармен есеп айырысуды сипаттау үшін шетелдік ғалымдардың ғылыми

жарияларымдарында дебиторлық берешектің «саудалық», «тауарлық», «операциондық» терминдері қолданылып жүр, сонымен қатар бұл терминдер синоним ретінде пайдаланылады, мұны біз қате деп түсінеміз.

Өз кезегінде, саудалық дебиторлық берешек сатып алушыларға тауарларды сату-сатып алумен және қызмет көрсетумен байланысты тауарлық операциялардың нәтижесінде пайда болады. Оны саудалық операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде болашақта алынатын ақшаға үшінші тұлғаға талап ретінде анықтауға болады. Бұл түсініктің жаңаша баян етілуі халықаралық стандарттардың ережелеріне жауап береді, тауарларды және көрсетілген қызметтерді несиеге сату шарттары орындалған кезде ұйымның кәдімгі операциондық қызметі үдерісінде пайда болатын қарыз ретіндегі саудалық дебиторлық берешекті анықтайды.

Операциондық дебиторлық берешек, өзінің атауынан көрініп тұрғандай, ұйым қызметінің сәйкесінше түрімен байланысты. «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке» сәйкес операциондық қызмет – ұйымның негізгі қызметі, сонымен қатар инвестициялық немесе қаржылық қызметтер болып табылмайтын қызметтің басқа да түрлері. Операциондық қызметтің нәтижесінде тек саудалық операциялар бойынша ғана емес, сондай-ақ есеп беруге тиісті тұлғаларға берілген аванстар, келтірілген материалдық залалды қайтару бойынша шағымдар, бюджеттің және бюджеттен тыс қорлардың қарыздары бойынша дебиторлық берешек пайда болуы мүмкін.

Операциондық дебиторлық берешек түсінігі саудалық және тауарлық дебиторлық берешекке қарағанда кең ауқымды болып келеді. Операциондық дебиторлық берешек операциондық қызметті жүзеге асырумен байланысты операциялар бойынша дебиторлардың қарыздарының жиынтығы болып табылады, оның ішінде саудалық, тауарлық операциялар бойынша. Дебиторлық берешекті қарастырғанда, оның түрлерінің әртүрлі көп екендігін байқамауға болмайды. Топтың, сондай-ақ жеке нысанның есеп тәртібінің өзі дебиторлық берешекті дұрыс жіктеуден байланысты болуы мүмкін. Шетелде дебиторлық берешекті қаржылық нәтижені бағалау, басқарушылық шешім қабылдау, бақылау және реттеу үшін топтастырады.

Американдық аудитор Marquis Codjia дебиторлық берешектің құрамынан клиенттердің қарыздарын (customer accounts receivable), алынуға тиісті вексельдерді (notes receivable) және өзге де дебиторлық берешекті (other receivables) бөліп көрсетеді. Клиенттердің дебиторлық берешегі клиенттің ұйымға қарыз сомаларынан тұрады. Алынуға тиісті вексельдер компанияның басқа фирмаға берген несиелерін рәсімдеуі болуы мүмкін. Өзге де дебиторлық берешек табыс салықты қайтару, топ-менеджерлерге берілген аванстар мен несиелерді қамтуы мүмкін [44].

Шетелдік компаниялардың қаржылық жағдай туралы есебінде дебиторлық берешек, жекелей алғанда ағылшын-американдық есеп жүйесі елдерінде мынандай топтарға бөлінеді:

а) алынуға тиісті шоттар – сатып алушыға шотты төлеуге жазбаша міндеттемесіз «ашық шот» бойынша тауарларды сату кезінде пайда болатын дебиторлық берешектің түрі, яғни сатушының сатып алушыға берген қысқа мерзімді несиесінің нәтижесінде бар болуы. Қалыпты жағдай кезінде шот бойынша қаражаттар 30-60 күн алынуы керек;

б) алынуға тиісті вексельдер;

в) сатумен байланысты емес дебиторлық берешек.

Чехияда ұйымдардың қаржылық жағдай туралы есебінде еншілес және аналық ұйымдардың, байланыс тараптардың, акционерлермен есеп айырысу бойынша қарыз, басқа да қысқа мерзімді дебиторлары бөлек көрсетіледі. Отандық есепте ұлттық қаржылық есептілік стандартына сәйкес қаржылық есептілікте дебиторлық берешек келесідей түрлерге бөлінеді: кәдімгі операциялық кезеңге қатысты (ағымдағы және ұзақ мерзімді), өтеу мерзімдері бойынша (қалыпты, күмәнді және үмітсіз), есеп нысандарына байланысты (сатылған тауарлар, істелген жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін қарыз, берілген аванстар, бюджетпен есеп айырысу, есептелінген табыстар, ішкі есеп айырысулар, шағымдар және басқа да ағымдағы дебиторлық берешек бойынша).

Біз қазіргі бар дебиторлық берешекті жіктеу белгілеріне келесідей толықтырулар енгізуді ұсынамыз: контрагентке қатысты (расталған және расталмаған), қамтамасыз етілгендік дәрежесі бойынша (қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген), қайтару уақыты бойынша (мерзімі өтпеген, кейінге қалдырылған және мерзімі өткен), өтеудің болжамдық әдісі бойынша (ақшалай және ақшалай емес), мәнділік деңгейіне байланысты (ұйғарымды және ұйғарымды емес), төлемеу тәуекелдігі бойынша (тәуекелді және тәуекелді емес), ұйымға қатысты (ішкі және сыртқы).

Осы күнге дейін дебиторлық берешек тек бухгалтерлік есеп мақсаттары бойынша қарапайым түрде қысқаша нұсқада жіктеліп келген, біз зерттеу барысында дебиторлық берешектің бухгалтерлік есеп мақсаттары бойынша жіктелуіне толықтырулар енгіздік: өтеу нысаны бойынша – монетарлық дебиторлық берешек, монетарлық емес дебиторлық берешек; қамтамасыз етілуі бойынша – вексельмен қамтамасыз етілген және вексельмен қамтамасыз етілмеген; контрагентке қатысы бойынша – расталған және расталмаған дебиторлық берешек.

Дебиторлық берешекті жіктеуді тек қана бухгалтерлік есеп мақсаттарында ғана емес, нарықтық экономика талаптарына лайықты етіп бақылау, талдау және басқару мақсаттары бойынша кеңейтіп, тереңдетіп жіктеуді ұсынамыз. Мұндай жіктеу дебиторлық берешектің тиімділігін арттыру мен қаржылық ақпараттарды үйлестіруге септігін тигізеді. Дебиторлық берешектің кеңейтілген, тереңдетілген жіктеуін қолдану негізінде дебиторлық берешектің басқару есебін жүргізу мүмкіндігі пайда болады, ол оны бақылаудың тиімді құралы болып табылуы мүмкін. Біздің көзқарасымыз бойынша, ұсынылған

жіктеу сондай-ақ, оның жағдайы туралы ең кең ақпараттық базалары негізінде дебиторлық берешектің экономикалық талдауын ұйымдастыруды күшейтуге мүмкіндік береді.

Бухгалтерлік есеп, бақылау, талдау және басқару мақсаттарында дебиторлық берешектің кеңейтілген, тереңдетілген жіктеуі (кесте 5).

Кесте 5 – Дебиторлық берешектің кеңейтілген, тереңдетілген жіктеуі

Жіктеудің мақсаты	Жіктеушілік белгісі	Дебиторлық берешектің түрлері
Бухгалтерлік есеп мақсаттары бойынша	Өтеу мерзімдері бойынша	- ұзақ мерзімді - ағымдағы
	Валютамен есеп айырысуға байланыстылығы бойынша	- ұлттық валютада - шетелдік валютада
	Өтеудің сенімділігі бойынша	- қалыпты - күмәнді - үмітсіз
	Контрагенттер бойынша	- отандық дебиторлар - шетелдік дебиторлар
	Қаржылық есептіліктің элемент-тері бойынша	- сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қарызы - алынуға тиісті вексельдер - берілген аванстар - тәуелді және еншілес компаниялардың қарыздары - өзге де дебиторлар
	Өтеу нысаны бойынша	- монетарлық - монетарлық емес
	Қамтамасыз етілуі бойынша	- вексельмен қамтамасыз етілген - вексельмен қамтамасыз етілмеген
Бақылау, талдау және басқару мақсаттары бойынша	Контрагентке қатысы бойынша	- расталған - расталмаған
	Қаржылық тәртіпті сақтау дәрежесі бойынша	- ақталған - ақталмаған
	Пайда болу әдісі бойынша	- саудалық - саудалық емес
	Жоспарлауға ілігу дәрежесі бойынша	- жоспарланған - жоспарланбаған
	Төлемеу тәуекелдігіне байланыс-ты	- тәуекелді - тәуекелді емес
	Өтімділік дәрежесіне байланыс-ты	- жоғары өтімді - орташа өтімді - өтімсіз
	Ұйымға қатысы бойынша	- ішкі - сыртқы
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [45]		

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының ережелеріне жауап беретін, сондай-ақ ұйымда дебиторлық берешектің деңгейіне бақылау жүргізу жүйесін құруға, тауарларды сату операцияларын жоспарлауға және келісім шарттық қатынастардың тиімділігін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған дебиторлық берешектің кеңейтілген, тереңдетілген жіктеуі қаржылық есептілікте дебиторлық берешекті дұрыс бағалауға, күмәнді қарыздарға резерв есептеуге, қиын дебиторларды бөліп көрсетуге, үмітсіз дебиторлық берешекті есептен шығарғаннан болған жоғалтуларды анықтауға, несиелік саясаттың тиімділігін жасау бойынша қажетті шараларды қабылдауға, дебиторлық берешек туралы ақпараттарды анық көрсету деңгейін, дебиторлық берешектің қалыпты деңгейін, есеп айырысу мерзімдерінің сақталу аясында бақылау функцияларын жүзеге асыру мен басқарушылық есепті ұйымдастыруға, сонымен қатар ұйымның қаржылық жағдайы туралы көбірек кеңейтілген ақпарат алуға, дебиторлық берешектің экономикалық талдауын ұйымдастыруды күшейтуге, тауарларды сату операцияларын жоспарлауға және келісім шарттық қатынастардың тиімділігін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

1.3 Дебиторлық берешекті басқарудың теориялық және әдіснамалық аспектілері


Қазіргі нарықтық экономика жағдайында дебиторлық берешекті басқару – көптеген қазақстандық ұйымдарда негізгі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, отандық ұйымдар дебиторлармен жүйелендірілген жұмыстың болмауынан, бақыланбайтын дебиторлық берешектің өсуі мен өтімділіктің төмендеуіне тап болып отыр. Қазақстанның экономикалық дамуының қазіргі сатысы экономикада ақша қаражаттарының тапшылығымен және көптеген ұйымдардың төлем қабілеттіліктерінің жоқтығымен сипатталады, мұның барлығы компанияларда дебиторлық берешектің өсуіне әкеп соқтырады. Елімізде дебиторлық берешектің мұндай өсуі нарықтық реформаға өту құбылыстарының екінші сатысы – ұйымдармен жұмыстың шынайы нарықтық механизмдерін меңгеру және дебиторлық берешекті қаржылық құралдардың ең мықты белсенді құралы ретінде пайдаланудың салдарынан болып отыр.

Дебиторлық берешекті басқару – дебиторлық берешекті инкассациялауды өз уақытында қамтамасыз ету және ұйымның сатылған өнімдерінің көлемін ұлғайтуға бағытталған ұйымның маркетингтік саясаты мен айналым активтерін жалпы басқарудың бір бөлігі болып табылады. Сонымен қатар қаржы менеджментінің өзіне тән ерекше функциясы, оның негізгі мақсаты болып экономикалық құрал ретінде дебиторлық берешекті тиімді басқару есебінен компаниялардың пайдасын өсіру табылады.

К.Ш Дюсембаев, М.К. Калибаев еңбектерінде сенімді клиенттерге несиеге өнімдерді сатуды кеңейту есебінен сату көлемін өсіруге және қарызды

инкассациялауды өз уақытында қамтамасыз етуге бағытталған дебиторлық берешекті тиімді басқару сұрақтары кез келген ұйымның маңызды міндеті, сондықтан ол өзекті болып табылады. Қарыздарды өндіру мен дебиторлық берешекті құрумен байланысты «дебиторлар» мен қарыздарды басқару жүйесі барлық үдерістерді регламент белгілеу жолымен құрылады.

Дебиторлық берешек бойынша жұмыс істеудің негізгі бағыттары (сурет 3):



Сурет 3 – Дебиторлық берешекті басқарудың негізгі бағыттары

Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [46]

3-суреттен көріп отырғанымыздай, дебиторлық берешекті басқару бойынша жұмыс жасаудың жоғарыда көрсетілген бағыттары қаржылық басқаруда негізгі төрт бағытты қамтиды – дебиторлық берешектің мөлшерін жоспарлау; несиелік лимиттерді басқару; оның жағдайын, яғни істеріне ықпалсыз қарайтын дебиторларлардың жұмыстарына бақылау жүргізу.

Сенімді клиенттерге несиеге өнімдерді сатуды кеңейту есебінен сату көлемін өсіруге және қарызды инкассациялауды өз уақытында қамтамасыз етуге бағытталған дебиторлық берешекті тиімді басқару сұрақтары кез келген ұйымның маңызды міндеті, сондықтан ол өзекті болып табылады. Қарыздарды өндіру мен дебиторлық берешекті құрумен байланысты «дебиторлар» мен қарыздарды басқару жүйесі барлық үрдістерге регламент белгілеу жолымен құрылады.

С.Г. Брунгильд дебиторлық берешекті басқару міндеттері болып мыналар табылады деп көрсетеді:

- 1) дебиторлық берешектің ыңғайлы деңгейін шектеу;
- 2) ақша қаражаттарының түсу кепілдігін қамтамасыз ететін сату шарттарын тандау;

3) төлем тәртібін сақтау көзқарасы тұрғысынан әртүрлі топтағы сатып алушылар үшін жеңілдіктер мен қосымшаны анықтау;

4) қарызды қайтаруды талап етуді күшейту;

5) бюджеттік қарыздарды азайту;

6) дебиторлық берешекпен байланысты мүмкін болатын шығындарды, яғни дебиторлық берешекте тұрып қалған қаражаттарды пайдаланбаудан жіберіп алған пайданы бағалау [47].

Жоспарлау – бұл алдын ала қаржылық шешім қабылдау. Жоспарлау тиімді болу үшін мыналар қажет:

1) ұйымның ұзақ мерзімді мақсатын анықтау;

2) ұйымның стратегиясын құру;

3) іске асырылатын саясатын анықтау;

4) іске асырылатын рационалды процедурасын таңдау.

Басқаруды ұйымдастыру осындай реттілік бойынша қызметтің координациясын білдіреді: іс – әрекеттің барлық тұстары таңдалып алынған функциялар бойынша топтастырылуы керек; өз қызметтеріне жауапты тұлғаларға теңбе-тең құқық берілуі қажет.

Мотивация дегеніміз тұтастай алғанда адамның мінез-құлқын анықтайтын психологиялық сәттердің жиынтығы болып табылады. Сондықтан, дебиторлық берешекті басқару өнімдердің сату көлемін ұлғайтуға бағытталған айналым активтерін жалпы басқарудың бөлігінен және ұйымның маркетингтік саясатынан, сондай – ақ осы қарыздардың жалпы мөлшерін оңтайландыру мен оны өз уақытында инкассациялауды қамтамасыз етуден тұрады.

А.М. Казакаева дебиторлық берешекті мамандандырылған басқару негізінде келесідей фундаменталдық сұрақтар бойынша қаржылық шешімдерді қабылдау жатыр деп түсіндіреді:

1) әрбір есептік датаға дебиторлық берешектің есебі;

2) дебиторлық берешектің өтімділігінің жағымсыз жағдайының себептері мен жағдайына диагностикалық талдау;

3) адекваттық саясатты жасау және дебиторлық берешекті басқарудың қазіргі замандағы әдістерін ұйымдардың тәжірибесіне енгізу;

4) дебиторлық берешектің ағымдағы жағдайын бақылау [48].

Жалпы, қаржы менеджментінің өзіне тән ерекше функциясы, оның негізгі мақсаты болып экономикалық құрал ретінде дебиторлық берешекті тиімді басқару есебінен компаниялардың пайдасын өсіру табылады.

Г.Н. Лиференко дебиторлық берешекті шартты түрде екі түрге бөліп көрсетеді:

1) қалыпты;

2) ақталмаған.

Қалыпты дебиторлық берешек ұйымның шаруашылық қызметіндегі жетіспеушіліктен емес, сатылған тауарлар мен қызметтер үшін қолданылатын есеп-айырысу нысандарының салдарынан болады, себебі көп жағдайда өнімдер

төлемді өтеуді кейінге қалдырумен сатылады. Мұндай дебиторлық берешек қалағандықтан емес, қажеттіліктен туындайды. Ақталмаған дебиторлық берешек ұйымдағы жұмыстарда жіберілген кемшіліктердің салдарынан тұрады (мысалы, босалқылар мен ақша қаражаттарының жетпегендігін, талан-таражға салынғандығын анықтау нәтижелерінен) немесе қызметкерлердің өздерінің функционалдық міндеттерін жеткілікті деңгейде орындамағандықтарынан (мысалы, олардың дебиторларға өздерінің міндеттемелерін орындатудағы бақылаудың әлсіздігі). Ірі дебиторлық берешектің бар болуы ұйымның қаржылық жағдайына кері әсер етуші фактор ретінде қарастырылады, ал баланс жиынтығында үлес салмағының өсуі оның қаржылық жағдайының төмендегенін куәландырады [49].

Бухгалтерлік есеп қағидаларына сәйкес ұйымның қаржылық жағдайы туралы есебінде тек қана табыс әкелетін активтерді ғана көрсету қажет, себебі кейбір жағдайларда дебиторлардың банкротқа ұшырап қалулары салдарынан ұйым алдындағы өздерінің міндеттемелерін орындамай қалулары мүмкін. Сондықтан күмәнді талаптар бойынша резерв құру қарастырылады. Бұл резерв үмітсіз деп мойындалған, яғни өндіріп алуға растығы жоқ қарыздардан болған залалдарды ғана жабуға пайдалануы мүмкін. Үмітсіз қарыздар бойынша залалдарды жабуға толық емес ауыстырылған күмәнді талаптар бойынша резерв сомасы келесі есептік кезеңге ауыстырылуы мүмкін.

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің қаржылық жағдайы туралы есебінде дебиторлық берешек саудалық және саудалық емес дебиторлық берешек деп жіктеп көрсетілгені.

1) Саудалық дебиторлық берешек – бұл клиенттердің кәдімгі шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезіндегі сатып алған тауарлары үшін (істелген жұмыс пен көрсетілген қызмет) төлеуге тиісті сомалары. Саудалық дебиторлық берешек – нақтылы компанияда бар дебиторлық берешектің түрлері. Ол екі топқа бөлінеді:

а) алынуға тиісті шоттар – сатып алынған өнімдер үшін сатып алушылардың кәдімгі қарыздары;

б) алынуға тиісті вексельдер – шотты төлеу бойынша жазбаша міндеттемемен рәсімделген сатып алушылардың қарызы.

2) Саудалық емес дебиторлық берешек қызметтің басқа да түрлерінің нәтижесінде пайда болады, мысалы, қызметкерлерге немесе компанияның филиалдарына аванс беру, потенциалды залалды жабуға арналған депозиттер, төлемдерді кепілдендіретін депозиттер, алынуға тиісті дивидендтер мен сыйақылар, салықтарды қайтару бойынша үкіметтік ұйымдарға шағымдар. Бұл қарыз тауарларды қоюға немесе қызметтерді көрсетуге, төлемдерді жүргізуге жазбаша түрдегі уәде болуы мүмкін.

Айналым активтеріне салынған капиталдың айналымдылығына және ұйымның қаржылық жағдайына дебиторлық берешектің өсуі мен кемуі үлкен әсер етеді. Дебиторлық берешекті басқару шеберлігі оны өз уақытында

инкассациялауды қамтамасыз ету мен оның жалпы мөлшерін оңтайландыру болып табылады.

Дебиторлық берешекті инкассациялауды жеделдету үшін келесідей шаралар қолданылады:

- 1) қарыздарды өтеу мерзімін қысқартқандары үшін сатып алушыларға жеңілдік беру;
- 2) мерзімдері өтіп кеткен төлемдерге айыппұл шараларын енгізу;
- 3) төлемдерді кейінге қалдырғандары үшін белгілі пайызды алумен сатып алушылармен коммерциялық вексельмен келісімді рәсімдеу;
- 4) алдын ала төлем шартымен сатып алушыларға тауарларды сату;
- 5) факторинг механизмін қолдану және т.б.

Сонымен қатар, мерзімінен бұрын төлегендері үшін қарастырылған жеңілдіктер немесе ұйымның операцияндық немесе инвестициялық қызметтеріне қаражаттарды берумен күтілген төлемдердің мерзімін кейінге қалдырғандары үшін қосылған пайыз ставкасын салыстыру керек.

Бүгінгі таңда дебиторлық берешегі жоқ бірде – бір қазақстандық компанияны кездестіру мүмкін емес, өйткені оның пайда болуы мен бар екендігін қарапайым объективті себептермен түсіндіруге болады:

- 1) қарыз-компания үшін – бұл қосымша, былайша айтқанда, тегін айналым қаражаттарын пайдалану мүмкіндігі;
- 2) кредитор-компания үшін – бұл тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу нарығын кеңейту.

И. Николаев, Л.А. Андреева дебиторлық берешекті басқару мыналардан тұрады деп көрсеткен:

- 1) дебиторларды талдау;
- 2) бар болған дебиторлық берешектің шынайы нақтылы құнын талдау;
- 3) дебиторлық және кредиторлық берешектердің ара қатынасын бақылау;
- 4) коммерциялық несиелер беру мен аванстық есеп-айырысулар саясатын жасау;
- 5) мерзімінен бұрын төлем жасаған кезде берілетін жеңілдіктердің нақты мөлшерлерін анықтау;
- 6) факторингті бағалау және жүзеге асыру, яғни дебиторлық берешекті сату.

Дебиторларға талдау жүргізу факторинг келісім шарттарының жағдайлары мен коммерциялық несиелерді берудің жеке шарттарын құру мақсатында, ең алдымен олардың төлем қабілеттіктерін талдауды болжайды. Өтімділік коэффициенттерінің деңгейі мен динамикасы менеджерді тек алдын ала төлеу кезінде ғана өнімдерді сатудың мақсатқа сай екендігі немесе, керісінше – коммерциялық несиелер бойынша төмендеу мүмкіндігі туралы шешім қабылдауға алып келуі мүмкін. Дебиторлық берешекті талдау және оның шынайы құнын бағалау болып, олардың пайда болу мерзімдері бойынша

қарыздарға талдау жүргізу табылады, сондай – ақ үмітсіз қарыздарды анықтап және осы сомаға күмәнді қарыздар бойынша резерв құру. Айналымдылық кезеңі немесе олардың пайда болу мерзімдері бойынша дебиторлық берешектің динамикасына талдау жүргізу белгілі қызығушылық тудырады [50].

Қарыздардың мерзімдері бойынша пайда болуына талдау жүргізу ақша қаражаттарының келіп түсуін, дебиторларды анықтауға және оларға қатысты қарыздарды қайтару бойынша қажетті қосымша күш-жігерді салуға, күмәнді қарыздар бойынша резерв құруға, дебиторлық берешекті тиімді басқаруды бағалауды болжауға мүмкіндік береді. Дебиторлық және кредиторлық берешектердің ара қатынасы – қаржы менеджментінің тиімділігі мен компанияның қаржылық тұрақтылығының сипаттамасы. Тәжірибеде компанияның қаржылық қызметінде кредиторлық қарыздардың өзгеруінсіз дебиторлық берешектің төмендеп кетуі жағдайларының кездесуі мүмкін, мұндай жағдай пайдасыз болып табылады. Дебиторлық берешектің төмендеп кетуі өтімділік коэффициентін азайтады, компания өзінде қандай да бір жетіспеушілік белгілерінің бар екендігін сезініп, мемлекеттік органдар мен кредиторлар тарапынан осал жерлері болып қалады.

О. Савченко тиіп жіберілген өнімдер үшін төлемдер жасау шарттары – сату көлеміне әсер етуші факторлардың бірі болып табылады деп көрсетеді. Төлемдер жасаудың шарттары дегеніміз:

а) жеке сатып алушыларға коммерциялық несие беру (төлемді кейінге қалдыру);

б) несие мерзімі;

в) өз уақытында төлегендері үшін жеңілдік.

Атап көрсетілген үш шарттардың барлығы кеңінен таралған сызба түрінде көрсетілуі мүмкін: Мысалы, «3/10 таза 30» компания 3 пайыздық жеңілдік береді, егер вексель 10 күннің ішінде төленсе, масималды мерзімі (жеңілдіксіз) – 30 күн. Соңғы мерзім – коммерциялық несиенің мерзімі; ары қарай – төлем мерзімі өтіп кеткені үшін айыппұлдар. Жеңілдіктер берілген үстеме қосуға қарағанда жақсырақ, өйткені жеңілдіктер салық салу базасын төмендетеді, ал үстеме қосу оны өсіреді [51].

О Савченко төлемдер жасау шарттарын анық көрсетуге тырысқан, бірақ біздің пікірімізше шара қолдануға қарағанда, көтермелеудің әрқашан да жақсы әсер ететіндігі белгілі. Дебиторлық берешектің деңгейіне келесідей негізгі факторлар әсер етеді:

– өнімдердің түрлеріне, сатып алудың көлеміне, клиенттердің төлем қабілеттіктеріне, несиелік қарым-қатынастың тарихына және төлеу шарттарының жорамалдығына қарай сатып алушыларды бағалау және жіктеу;

– дебиторлармен есеп айырысуларды бақылау, дебиторлық берешектің шынайы жағдайын бағалау;

– инкассация коэффициенттерін есепке ала отырып, ақша ағындарына талдау жүргізу және жоспарлау.

Л. В. Донцова дебиторлық берешекке салынған инвестицияларды анықтау үшін есеп айырысу қолданылады, онда несиеге сатудың жылдық көлемі және төленбеген дебиторлық берешектің мерзімі көрсетіледі. Ұйым шаруашылық қызметі үдерісінде өзінің өнімдерін тұтынушыларына арнап тауарлық несие ретінде береді, яғни сатылған тауар мен олар үшін төлемдердің келіп түсуі уақыт аралығында үзілістің болуы нәтижесінде дебиторлық берешек пайда болады. Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті есеп айырысуға салынған қаражаттар бір жыл ішінде қанша рет айналғандығын көрсетеді. Ол мына формула бойынша анықталады:

$$\text{АЙДБ} = \frac{\text{ӨНІМДЕРДІ САТУДАН ТҮСКЕН ТАБЫС}}{\text{ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ ОРТАША СОМАСЫ}} \quad (2)$$

Айналымдар санының көп болғандығы жақсы болып есептеледі. Мұндай жағдайда ұйым шоттар бойынша төлемді тезірек алады. Осы коэффициентті пайдалана отырып, бұдан да көрнекілік көрсеткіш – инкассация кезеңін есептеуге болады, яғни дебиторлық берешектің ақша қаражаттарына қанша уақыт ішінде айналатындығын. Бұл үшін талдау жүргізілетін кезеңнің ұзақтығын есеп айырысулар бойынша айналымдылық коэффициентіне бөлу қажет. Дебиторлық берешектің айналымдылық көрсеткіштерін кредиторлық берешектің айналымдылығымен салыстыру пайдалы. Бұл үшін айналымдық коэффициенті мен тауарлық операциялар бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектің айналым мерзімін анықтау қажет.

Талдау барысында дебиторлық берешекті өтеу мерзімі есептеледі:

$$\text{ДБ}_{\text{ө.м.}} = 360 / \text{К}_{\text{АЙДБ}}, \quad (3)$$

мұндағы, $\text{ДБ}_{\text{ө.м.}}$ – дебиторлық берешекті өтеу мерзімі;

$\text{К}_{\text{АЙДБ}}$ – дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті.

Ол компанияның клиенттеріне қойылған шоттарды төлеуге қажет уақытты сипаттайды. Бұл көрсеткіштің төмендеуі оң, ал көтерілуі теріс бағаланады. Талдау кезінде ағымдағы активтердегі дебиторлық берешектің үлесі қарастырылады. Дебиторлық берешектің үлесі дебиторлық берешектің ағымдағы активтердің қатынасымен анықталады. Бұдан басқа, дебиторлық берешек туралы толық мәлімет алу үшін ағымдағы активтердегі күмәнді дебиторлық берешектің үлесіне талдау жүргізу қажет, ол күмәнді дебиторлық берешектің ағымдағы активтердің қатынасымен анықталады [52].

Мұндай көзқарас шағын бизнеске арналған коммерциялық несие шарттарын жабдықтаушылар тарапынан пайдаланатын, талданатын ұйыммен өздерінің клиенттеріне берілетін несиелеу шарттарына сәйкес салыстыруға келісім береді. Күмәнді дебиторлық берешектің үлесі дебиторлық берешектің сапасын сипаттайды. Оның өсуі өтімділіктің төмендегенін куәландырады. Ағымдағы активтердегі күмәнді дебиторлық берешектің үлестері мен

дебиторлық берешектің үлестерінің өсу беталысы дебиторлық берешектің өтімділігінің тұрақты еместігін, дебиторлық берешек өтімділігінің ылғи да азайғандығын куәландырады, яғни әр тоқсан сайын күмәнді дебиторлық берешек өседі.

Е. С. Стоянова нарықтық қатынастар мен қаржы нарығындағы инфрақұрылымның дамуы тәжірибеде дебиторлық берешекті басқару формасын, яғни қайта қаржыландыруды пайдалануға мүмкіндік береді. Қайта қаржыландыру дегеніміз ұйымның басқа формадағы айналым активтерін ақша қаражаттары мен жоғары өтімді қысқа мерзімді құнды қағаздарға айналдыру болып табылады. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында қолданылатын қайта қаржыландырудың негізгі формалары болып мыналар табылады:

- Факторинг;
- Өнімді немесе қызметті сатып алушыларға берілген вексель есебі;
- Форфейтинг.

Факторингтік мәміленің объектісі болып қызмет немесе тауарды сату нәтижесінде төлем мерзімін кейінге қалдыру шарты бойынша қызмет көрсетуші немесе жабдықтаушының сатып алушыларға пайда болған ақшалай талаптары табылады. Мәміле субъектілері болып жабдықтаушы немесе қызмет көрсетуші, тауар немесе қызметті сатып алушы және қаржы агенті (факторингтік компания немесе несие мекемелері) табылады.

Ірі компаниялар дебиторлық берешекті басқарудың бәріне белгілі артықшылықтарын иеленеді. Біріншіден, төлемдер есебі, шоттарды өңдеу және рәсімдеу – қызметтің осы барлық түрлеріне масштаб эффектісі тән, яғни операциялар көлемінің өсуі кезінде потенциалды экономия. Екіншіден, қарыздарды жинау – бұл арнайы тәжірибе мен білімді талап ететін ерекше бизнес. Шағын компаниялардың мамандандырылған кредиттік менеджерлерді дайындау немесе жалдауға қалталары көтермейді. Бірақ та мұндай ерекшеліктердің болмауының орнын дебиторлық берешекті жинау бойынша жұмыстың бір бөлігін делдалдық етушіге беру арқылы толтыруға болады, яғни факторингтік агентке [53].

Факторинг қызметтің арнайы түрі ретінде келесілерден тұрады. Факторингтік агент пен клиент келісім шартқа отырады, онда әрбір сатып алушының кредиттік лимиті мен дебиторлық берешекті жинаудың орташа мерзімі айтылады. Одан кейін клиент әрбір сатып алушыға оның қарызы факторингтік агентпен қайта сатылып алынғандығы жөнінде хабарлама жібереді. Кез келген сату кезінде клиент факторингтік агентке шоттың көшірмесін жібереді, сатып алушы тікелей факторингтік агентке төлейді, ал факторингтік агент өз кезегінде, сатып алушы төледі ме, жоқ па оған тәуелді емес дебиторлық берешекті жинаудың орташа кезеңімен қарастырылған жағдайға сәйкес клиентке төлейді. Әрине, мұндай операциялар шығындармен байланысты болады және факторингтік агент өзінің қызметі үшін шотта көрсетілген сомадан 1 – 2% мөлшерде комиссия алады, яғни көптеген

факторингтік агенттер коммерциялық банктердің еншілес компаниялары болып табылады. Факторингтік агенттің әдеттегі клиенті – шағын өндірістік фирма, ол өзінің өнімін үнемі жүйелі түрде басқа да үлкен өндірістік немесе саудалық (бөлшек саудалық) фирмаларға сатады.

Мұндай факторингтік келісімдер клиенттерге дебиторлық берешекті жинауға көмектеседі және үмітсіз қарыздардан сақтануды қамтамасыз етеді. Бұдан басқа факторингтік агент базистік ставкадан жоғары 2 – 3 % алынуға тиісті шоттар сомасынан 70 – 80% мөлшерінде клиентке аванс төлеп беруге дайын. Дебиторлық берешекті сақтандыру, жинау бойынша құрамды қызметтер ескі модалық факторинг деп аталады, яғни мұндай регрессиондық факторинг кезінде компания барлық төленбеген шоттары үшін өзі жауап береді. Мұндай жағдайда факторингтік агент сақтандыруды емес, дебиторлық берешекті жинауды қамтамасыз етеді.

Брейли Ричард, Майерс Стюарт өз еңбектерінде факторинг сатуды кеңейту үшін мыналарды қолданылуы мүмкін деп көрсетеді:

- 1) сатып алушылардың жаңа топтарына сатудың мүмкіншілігі;
- 2) капиталдың көбірек жылдам айналымдылығы.

Сонымен қатар, классикалық және тікелей факторингтердің қалай жүзеге асырылу тәсілдеріне тоқталған.

Классикалық факторинг былай жүзеге асырылады:

1) сатушы сатып алушыға тауаларды жеткізеді. Сатушының шот – фактураларында сатып алушының факторингтік компанияның пайдасына төлем жүргізуі керек деген хабарлама жазуы болу керек;

2) шот – фактуралар мен көлік құжаттарының көшірмелері сатушы факторингтік компанияға жіберіледі;

3) сатушының факторингтік компаниясы сатушыға сатылып алынған дебиторлық берешегі үшін жеткізілген сомадан 70-80% дейін төлейді;

4) сатушының факторингтік компаниясы сатып алушының факторингтік компаниясына дебиторлық берешекті қайта табыстайды;

5) сатып алушының факторингтік компаниясы дебиторлық берешекті иемденуші ретінде қарыз соманы өндіріп алуы керек және сатып алушы тарапынан төлем болмаған жағдайда, өтелмеген төлем тәуекелін өзіне қабылдап алады және сатушының факторингтік компаниясына төлейді;

6) сатып алушы өзінің факторингтік компаниясына төлейді;

7) сатып алушының факторингтік компаниясы сатушының факторингтік компаниясының пайдасына сатып алушыға төлемдерді аударады немесе сатып алушы төлемеген жағдайда, кепілдік төлемді жүзеге асырады;

8) сатушының факторингтік компаниясы сатушыға факторингтік комиссияны шегеріп жеткізілген соманың қалған бөлігін есепке алады.

Тікелей факторинг операцияның жүргізілу тәсілі:

- 1) сатып алушыға тауарды жеткізу;
- 2) факторға қарызды қайта табыстау;

- 3) жеткізу сомасынан 70-80% дейінгі мөлшерде қаржыландыру;
- 4) қарыздарды өндіріп алу процедурасы;
- 5) жеткізілімдерді төлеу;
- 6) фактор комиссиясын шегеріп, жеткізілген соманың қалған бөлігін аудару.

Мұндай тәжірибе контрагенттердің бір – біріне жақын орналасқандары кездерінде немесе тексерілген сатып алушылармен келісімдер жүзеге асырылғанда, олардың өздерін ұқыпты төлеушілер екендіктерін көрсеткен кездерінде қолданылуы мүмкін. Айта кету керек, көп жағдайда факторингтік операция жеткізушілерге пайдалы, себебі елеулі шығындарды талап етпей, қаражаттар айналымын жеделдетеді [54].

Факторингтің келесідей кемшіліктері бар:

- қарыз соманың толық емес алынуынан таза залалдар;
- қарызгерлердің үстінен бақылауды жоғалту;
- потенциалды клиенттер ретінде, қарызгерлер туралы ақпараттарды жоғалту.

Нарықтық экономика жағдайында көптеген ұйымдар үшін дебиторлық берешекті басқарудың рационалды саясатын қолдау міндеті өзекті болып табылады. Саясат рационалды болып есептелінеді сол жағдайда, егер дебиторлық берешектің айналымдылық көрсеткіші тиімді болып табылса.

Дебиторлық берешекті басқарудың үш саясаты бар:

- 1) консервативтік саясат, мұндағы:

$$ДБ + Б < КБ ; \quad (4)$$

Мұндағы, ДБ — дебиторлық берешек;

Б — босалқылар;

КБ — кредиторлық берешек.

- 2) Біркелкі саясат, мұндағы:

$$ДБ + Б = КБ ; \quad (5)$$

- 3) агрессиялық саясат, мұндағы:

$$ДБ \geq КБ ; \quad (6)$$

Жинақтай келе мынадай қорытынды жасауға болады, дебиторлық берешекті басқарудың негізінде екі көзқарас жатыр:

- 1) өнімдерді сату саясатын өзгерту кезінде пайда болатын шығындар мен жоғалтуларды қаржыландыру сызбасымен байланысты қосымша пайдамен салыстыру;

2) дебиторлық және кредиторлық қарыздарды салыстыру және олардың мерзімдері мен мөлшерлерін оңтайландыру. Мұндай салыстыру несие төлеу қабілеттілігі деңгейі, төлемді кейінге қалдыру уақыты, жеңілдіктер стратегиясы, табыстар мен шығыстардың инкассациясы бойынша жүргізіледі.

Дебиторлық берешектің шынайы жағдайын бағалау, яғни үмітсіз қарыздардың ықтималдығын бағалау – айналым капиталын басқарудағы маңызды сұрақтарының бірі. Бұл бағалау дебиторлық берешектің топтары бойынша қарыздардың пайда болуларының әртүрлі мерзімдерімен жеке жүргізіледі. Қаржы менеджері ұйымда жинақталған статистиканы пайдалануы, сонымен қатар эксперт – кеңесшілердің қызметтеріне жүгінуі мүмкін. Сөйтіп, дебиторлық берешекті тиімді басқару ең алдымен, есеп айырысудағы қаржылық қаражаттарға бақылау жасауды жорамалдайды. Дебиторларға әсер етуші әртүрлі әдістер және жеңілдіктер жүйесі ұйымды инфляциядан болатын залалдардан қорғауға және айналым капиталын ақшалай және натуралды формада арзан толықтыруға мүмкіндік туғызады .

Сондықтан, дебиторлық берешекті басқаруды үйрену керек. Ол үшін мерзімі өтіп кеткен қарыздар бойынша сатып алушылармен есеп айырысудың жағдайын бақылау қажет, дебиторлық және кредиторлық қарыздардың жағдайын қадағалап отыру керек, өйткені дебиторлық берешектің артуы ұйымның қаржылық тұрақтылығына қауіп-қатер төндіруі мүмкін, сол себепті қосымша қымбат тұратын қаржыландыру көздерін тартуды қажет етеді, ал мерзімінен бұрын төлеген кезде ұйымның қаржылық жағдайын тұрақты ету үшін жеңілдіктер жүйесін қолдану мүмкін, себебі дебиторлық берешектің айналымдылығының баяулауы ақша ағындарының қысқаруына әкеледі. Дебиторлық берешек деп ұйымға тиесілі, бірақ әлі алынбаған ақша қаражаттары немесе сатылған тауарлар немесе көрсетілген қызметтер үшін ақша төлеу бойынша ұйым алдындағы клиенттердің міндеттемелері. Дебиторлық берешек ұйым – кредитордың қаржылық жағдайы туралы есебінде көрініс табатын «қатырылған» ресурстар болып табылады. Оның көлемі ұйымның қаржылық жағдайына теріс әсер етеді.

Біріншіден, болашақта алынатын сома бүгінгі күнге алынатын соманың баламасы емес екендігін естен шығармау керек, яғни уақыт бойынша ақшаның «қартаю» үдерісі жүреді. Әрине, бұл өз сатып алушыларына төлемді кейінге шегеруге мүмкіндік беретін кредитор жоғалған пайда тәуекеліне ұшырайтындығын білдіреді.

Екіншіден, жоғалған пайда тәуекелінен басқа ұйым қарызгер тарапынан төлемді төлемеу тәуекеліне ұшырауы, яғни күмәнді дебиторлық берешектің туындауы мүмкін.

Үшіншіден, тәжірибеде шаруашылық жүргізуші субъект қаржылық ресурстарға қажеттілік секілді басқа да қиыншылықтармен жиі кездеседі. Осындай кезде оған қарыздық ақша қаражаттарына жүгінуіне тура келеді. Осылайша, ақшалар ұйымның қаржылық жағдайы туралы есебінде есептеледі,

бірақ шын мәнісінде жоқ болатын парадоксалды жағдай орын алады.

Жоғалған пайдалар тәуекелін және дебиторлар тарапынан төлемді төлемеуді азайту үшін айналым активінің берілген түрін тиімді басқаруды үйрену керек. Дебиторлық берешекті басқару – оның көлемін оңтайландыруға бағытталған әдістер, тәсілдер жиынтығы, шаруашылық жүргізуші субъектісінің қаржылық тұрақтылығының белгіленген деңгейіне жету мақсатында уақытылы инкассациямен қамтамасыз ету табылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің несиелік саясатты жасау мен іске асыруында қолданылатын жаңартпаларға байланысты басқарудың құралдары мен тәсілдерін төмендегідей көрсетуге болады:

- 1) дебиторлық берешекті басқарудың дәстүрлі әдістері мен құралдары;
- 2) дебиторлық берешекті басқарудың инновациялық әдістері мен құралдары.

Басқарудың дәстүрлі әдістері мен құралдары басқару теориясына функционалды тәсіл негізінде туындаған. Берілген әдістер тобына мыналар жатады:

- 1) дебиторлық берешек жағдайын талдау;
- 2) дебиторлармен есеп-айырысу жүйесін ұйымдастыру;
- 3) дебиторлардан ақша қаражаттардың келіп түсуін болжау;
- 4) дебиторлық берешек қозғалысын бақылау.

А.М. Петров нарықтық экономика жағдайында біздерді дебиторлық берешекті басқарудың инновациялық әдістері мен құралдары көбірек қызықтырады және инновация түсінігі төрт негізгі белгілерге жауап беретін жаңа өнім (технология, құралдар) тұрғысынан түсіндіріледі:

– Маңыздылық. Жаңа өнім тұтынушыға маңызды деп танылатын пайдаларды беру қажет;

– Бірегейлік. Жаңа тауардан пайдалар бірегейлі ретінде қабылдануы қажет. Егер тұтынушы жаңа тауардың нарықтағы тауардан еш артықшылығы жоқ екендігін түсінсе, онда оны жоғары бағаламайды;

– Тұрақтылық. Жаңа тауар бірегейлі немесе маңызды пайдалар беруі мүмкін, бірақ егер олар бәсекелестермен жеңіл шығарылатын болса, онда оның нарықты жаулап алу артықшылығы мүмкін болмай қалады;

– Өтімділігі. Ұйым қалыптасқан тауарды жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болу қажет, ал бұл үшін ол тиімді және сенімді болуы тиіс, тұтынушының қалтасы көтеретіндей бағада сатылуы қажет [55].

Жоғарыда аталып өткен белгілерге дебиторлық берешекті басқарудың инновациялық құралдары ретінде форфейтинг және факторингті жатқызуға болады. Форфейтинг және факторинг – бұлар айналым активтерінің берілген түрін қайта қаржыландыру құралдары болып табылады, яғни дебиторлық берешектің ақша қаражаттары мен бағалы қағаздар сияқты айналым активтерінің басқа түрлеріне айналуын білдіреді.

А.Г. Ивасенко, Я.И. Никонова, В.А. Павленко факторингтік келісімнің объектісі болып қаржылық агентке берілген төлемді кейінге шегеру шартында өнімді жіберілген сатып алушының жабдықтаушы алдында туындаған ақшалай талаптары табылады. Субъектісі ретінде келесілер танылады: тауар жабдықтаушысы, тауар сатып алушысы және қаржылық агент (несиелік ұйым немесе фактор-ұйым). Факторингті іске асыру механизмі келесіден тұрады. Жабдықтаушы іске асырылған жеткізілім сәтінен бастап 24-48 сағат ішінде қаржылық агентке дебиторлық берешекті жеңілдете отырып, қаржылық агенттен қарыз сомасының 60- 90% алады, ал қалған 10-40% тәуекел өтімі ретінде арнайы шотқа депозиттеледі. Жіберілген өнімдер үшін жабдықтаушы дебиторына төлемді төлегеннен кейін қаржылық агент факторингтік қызмет құнын шегере отырып қалған соманы қайтарады.

Өз кезегінде факторингтік қызмет құнына келесілер кіреді:

- құжаттарды қайта өңдеуге комиссия;
- сәйкес қызметтерді көрсетуге комиссия;
- қарыздық қаражаттарды қолдауға төлем;
- несиелік тәуекелге (регрестік емес факторинг жағдайында) төлем.

Факторингтің артықшылық жақтары болып мыналар табылады:

Жабдықтаушы ұйым үшін:

- дебиторлық берешектің айналымдылығын жылдамдату;
- дебиторлық берешекті әкімшілік басқарумен байланысты шығындарды қысқарту;
- қаржылық жағдайдың жақсаруы;
- нарықта бәсекелестік позициясын нығайту;
- кепілдіктің болмауы;
- пайдаға салықтан үнемдеу.

Қаржылық агент үшін:

- клиенттердің қатарын толықтыру;
- табыс алу;
- қызметті әртараптандыру.

Сатып алушы үшін:

- төлем шартын өзгерту;
- сапасыз өнімді алу тәуекелін төмендету;
- сатып алулар көлемін арттыру [56].

Халықаралық факторингтік қызмет 1998 жылдың 28 мамырында Оттава қаласында қабылданған «Халықаралық факторинг туралы» UNIDROIT Конвенциясымен реттелген.

UNIDROIT Конвенциясы талаптарына сәйкес факторинг болып келісім негізінде рәсімделген келісім – шарт танылады:

1) жабдықтаушы жеке, отбасы және үй-шаруашылығы үшін қолдануға алынған тауарларға қатысты келісім-шарттарды қоспағанда, жабдықтаушылар

мен сатып алушылар арасында бектіліген тауарларды сатып алу-сату келісім-шартынан туындайтын ақшалай талаптарды қаржылық агенттікке беру қажет немесе мүмкін;

2) қаржылық агент кем дегенде келесі екі қызметтердің бірін орындайды:
– қарыз және алдын ала төлемді қоса алғанда жабдықтаушыны қаржыландыру;

- тиісті ақшалар бойынша есеп жүргізу;
- ақшалай талаптарды төлеуге талап ету;
- төлемге қабілетсіз қарызгерлерден қорғау

3) Қарызгерлер талаптың орын алған шегінуі жөнінде хабардар болуы қажет [57].

Нарықтық экономика жағдайында ұйымдар дебиторлық берешекті басқару мәселесіне баса көңіл бөлу қажет. Берілген актив айналымын басқару саясатын қалыптастыру кезінде ұйым дәстүрлі ғана емес, сондай – ақ инновациялық әдістерді және басқару құралдарын, соның ішінде форфейтинг пен факторингті қолдануына болады. Сондай-ақ дебиторлық берешекті басқарудың сызбасын ұсынамыз (Қосымша А).

Факторинг бизнес үшін қаржылық құрал ретінде Қазақстанда енді қолданып келе жатыр. «Бірінші факторингтік компания» ЖШС 2007 жылы құрылды, бірақ өзінің белсенді операцияларын 2009 жылы бастады. Қазіргі таңда Қазақстандағы бірінші маманданған факторингтік компания болып табылады. Таяу арада Атырау қаласында филиалы ашылды, 2012 жылы мәліметтерге сүйенсек, компания 2,6 млрд. тенгеге 1300 тауарлар мен қызметтердің жеткізілімін қаржыландырды.

Қазақстандық және шетелдік ұйымдармен қолданылатын дебиторлық берешекті инкассациялаудың әдістерін олардың тиімділік белгілері бойынша топтастыруға болады, яғни оларды тәжірибеде қолданудың жиілігімен сипатталады:

1) Сатып алушылармен оларға берілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер бойынша төлеу мерзімдері туралы коммерциялық келіссөздер және өзара есепке алу операцияларын жүргізу;

2) Дебиторлық берешекті вексельмен рәсімдеу;

3) Қарыздарды сот арқылы өндіру;

4) Талап етуден қайту дебиторлық берешекті өтеудің әдісі ретінде;

5) дебиторлық берешекті факторингтік операциялардың көмегімен инкассациялау;

б) дебиторлық берешекді өндірудің басқа да әдістері.

М. Хромов форфейтингке мынадай анықтама береді, форфейтинг – дебиторлық берешекті экспорттық тауарлық немесе қызметтік несие бойынша қайта қаржыландыру операциясы. Бұл операция аудармалы векселді импорттаушымен акцептелген аккредитивпен немесе векселмен рәсімделген қарыздарды экспорттаушыдан форфейтердің сатып алуын көрсететін

дебиторлық берешекті басқару құралы. Берілген қаржылық құрал, сондай-ақ ішкі саудалық операцияларды қайта қаржыландыру үшін қолданылады, орта мерзімді (180 күн және одан көп) сипатқа ие болады және тауарлардың (машиналардың, құралдардың) экспортерлері және күрделі (инвестициялық) бағыттағы (мысалы, шетелдегі өнеркәсіптік объектілердің құрылысы) қызметтері үшін арналады. Форфейтингтік келісім объектісі болып төлемді кейінге шегеру шарттарында импорттерге экспортермен іске асырылатын тауарлар мен қызметтер болып табылады. Келісім субъектілері болып экспортер (ұйым-жабдықтаушы), импорттер (ұйым-сатып алушы) және форфейтер (коммерциялық банк) және басқа да қаржылық делдалдар табылады.

Форфейтингтік келісім-шарт 5 сатыда жүргізіледі:

- 1) Форфейтермен келіссөздер;
- 2) Экспортер мен импорттер арасында саудалық келісім жасау;
- 3) Форфейтинг келісімін жасау;
- 4) Экспорттық келісімді жүзеге асыру;
- 5) Форфейтинг келісімді атқару.

Форфейтингтік келісім құнына келесілер кіреді:

- 1) қарыздық ресурстарды қолданғаны үшін төлем;
- 2) тәуекелге сыйақы;
- 3) аккредитивке қызмет көрсету комиссиясы.

Форфейтинг артықшылықтары

Экспортер үшін:

- экспорттық келісімді жүзеге асыру барысында туындайтын дебиторлық берешекті басқарумен байланысты шығындарды азайту;
- тәуекелді, соның ішінде төлеу тәуекелін форфейтерге беру;
- осындай келісімдердің құпиялылығы.

Форфейтер үшін:

- классикалық банктік несиелеуге қарағанда жоғарырақ табыс алу;
- банктік қызметті әртараптандыру;
- екінші нарықта алынған активтерді сату мүмкіндігі;
- жаңа клиенттерді тарту.

Импортер үшін:

- қажетті, соның ішінде бірегейлі өнімге ие болу;
- экспорттық келісім бойынша төлеумен қиындықтар туындаған жағдайда несиелеу мерзімін ұзарту мүмкіндігінің бар болуы;
- банкте несиелік желіні қолдану [58].

Біздің пікірімізше, ұйымның дебиторлық берешегінің мөлшеріне мыналар әсер етеді:

- сатудың жалпы көлемі және кейінгі төлеу шартындағы ондағы сатудың үлесі. Сату көлемінің өсуімен, дебиторлық берешектің де қалдығы өседі;

– Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп-айырысудың шарттары. Сатып алушыларға есеп-айырысудың жеңілдік жағдайлары көптеп берілген сайын (мерзімдердің өсуі, дебиторлардың сенімділігін бағалауда талаптардың төмендеуі), соғұрлым дебиторлық берешектің қалдықтары жоғары болады.

Бірінші бөлім бойынша тұжырымдама:

Дебиторлық берешек ұғымы шартты түрде төрт негізгі авторлық көзқарас тұрғысынан қарастырылды:

Автормен берілген бірінші көзқарасты, біздер «заңдық» көзқарас деп атадық. Осы көзқарас бойынша дебиторлық берешек үшінші тұлғаның қандай да бір ұйым алдындағы қарыз сомасы ретінде; екінші көзқарас, «экономика-құқықтық» ретінде, яғни дебиторлық берешекті шаруашылық жүргізуші субъектінің активтерінің, мүліктерінің бөлігі ретінде; үшінші көзқарас, «экономикалық» көзқарас ретінде анықталуы мүмкін, бұл көзқарас бойынша дебиторлық берешекті ұйыммен өзінің дебиторларына берілетін несие ретінде; төртінші көзқарас, дебиторлық берешектің анықтамасын «бухгалтерлік» тұрғыдан анықтауға мүмкіндік береді, яғни ол бухгалтерлік ұстанымға негізделеді. Бухгалтерлік есеп айқындамасы бойынша міндеттеме дегеніміз нақтылы болған шаруашылық операциялары, олар туралы алынған ақпараттар міндетті түрде бухгалтерлік есеп тіркелімдерінде көрсетілулері керек.

Дебиторлық берешектің «саудалық», «тауарлық», «операциондық» түрлерін ажыратып көрсетуге болады. Саудалық дебиторлық берешекті сатып алушыларға тауарларды сату-сатып алумен және қызмет көрсетумен байланысты тауарлық операциялардың нәтижесінде пайда болатын, оны саудалық операцияларды жүзеге асыру кезінде болашақта алынатын ақшаға үшінші тұлғаға талап ретінде анықтауға болады. Саудалық дебиторлық берешек тауарлардың қозғалысымен байланысты операциялардың нәтижесінде пайда болады, ал бұл әрқашанда сатып алу-сату операциялары емес. Операциондық дебиторлық берешек түсінігі анағұрлым кеңірек, ол операциондық қызметті жүзеге асырумен байланысты операциялар бойынша дебиторлардың қарыздарының жиынтығы болып табылады, оның ішінде саудалық, тауарлық операциялар бойынша.

Әртүрлі мақсаттар үшін дебиторлық берешекті бөлек жіктеу қажет деп санаймы, яғни бухгалтерлік есепте, бақылауда, талдау мен басқаруда. Ұсынылып отырған дебиторлық берешектің кеңейтілген, теңдетілген жіктеуі қаржылық есептілікте дебиторлық берешекті дұрыс бағалауға, күмәнді қарыздарға резерв есептеуге, қиын дебиторларды бөліп көрсетуге, үмітсіз дебиторлық берешекті есептен шығарғаннан болған жоғалтуларды анықтауға, сонымен қатар несиелік саясаттың тиімділігін жасау бойынша қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Дебиторлық берешекті басқару қандай елде, қандай компанияда болмасын өзекті мәселе. Олар барынша осы салада түрлі тәсілдерді қолдана отырып жетістікке жетуге талпынады. Ал жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін дебиторлық берешекті басқарудың факторинг пен форфейтинг секілді инновациялық құралдарын қолдану қажет және осы мәселені Қазақстанда да дамыту керек деп ойлаймыз. Сонымен қатар, дебиторлық берешекті басқарудың инновациялық құралдарының ішінде факторинг ең танымал және талап етілетін болып тұр. Факторингке деген қызығушылықтың өсіп келе жатқанын төмендегілермен түсіндіруге болады:

- факторингтік мәмілелер шағын бизнес субъектілері үшін де, ірі компаниялар үшін де қолжетімді болып есептелінеді;
- экономиканың макро және микро деңгейлерінде атқаратын рөлімен;
- мәмілеге қатысушыларға факторингтің беретін артықшылықтарымен.

ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» сәйкес, саудалық дебиторлық берешек белсенді нарықта бағаланбайтын тіркелген немесе анықтамалы төлемдермен туынды емес қаржылық құралдарға жатады. Қаржылық құралдарды алғашқы бағалау әділ құн бойынша жүзеге асырылады. Дебиторлық берешектің әділ құны ол бойынша пайыздар қарастырылмаған ұқсас кредиттік рейтингі бар осыған ұқсас құралдар үшін басым нарықтық мөлшерлемелері пайызын пайдалана отырып, дисконтталған барлық болашақ ақша ағындарының келіп түсуінің келтірілген құны ретінде есептелуі мүмкін. Егер дисконттаудың әсері мардымсыз болса, онда қысқа мерзімді дебиторлық берешекке жататын ақша қаражатының ағындары дисконтталмайды. Қаржылық актив болып табылатын дебиторлық берешекті одан кейінгі бағалау пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша жүзеге асырылады.

Пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісі – бұл қаржылық актив пен қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу және тиісті кезеңге арналған пайыздық кірісті немесе пайыздық шығысты бөлу әдісі болып табылады.

2 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ ЕСЕБІ

2.1 Қазақстандағы және халықаралық есепте дебиторлық берешек есебін жүргізудегі мәселелер, оларды шешу жолдары

Зерттеу жүргізілген «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалының бухгалтерлік есебінде дебиторлық берешектің есебі ҚР-ның ҚМ-нің 2007 жылғы мамырдағы №185 «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары» бұйрығымен бекітілген қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер бөлімдерінің шоттарында жүргізіледі, яғни 1200 «Қысқа мерзімді дебиторлық берешек» кіші бөлімі қысқа мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған, ал 2100 «Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек» кіші бөлімі ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған [59].

Сондай-ақ, ҚР ҚМ 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидалары» ережелеріне сәйкес ұйымда бухгалтерлік есепті жүргізу қағидасының негізгі міндеттемелері болып инвесторлардың, құрылтайшылардың, сатып алушылардың, қарыз берушілердің, мемлекеттік органдардың, банктердің және өзге де мүдделі тұлғалардың пайдалануы үшін қажетті субъектілердің қаржылық жағдайы, қызмет нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық әрі дұрыс ақпаратты қалыптастыру. Шаруашылық операцияларды жүзеге асыру кезінде ҚР заңнамасының сақталуын және олардың орындалуларын қадағалау үшін қаржылық есептіліктің ішкі және сыртқы пайдаланушыларын қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету. «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалының бухгалтерлік сеп жүргізуі мен қаржылық есептілік жасауы есептеу және үздіксіз қағидаларына негізделеді. Ал, есептеу әдісі бойынша операциялар түсім немесе ақша қаражаттарының төленген немесе төленбегеніне қарамастан, нақты болған есепті кезеңде көрсетіледі [60].

Есептеулер жүргізілген кезде 1210 шотының дебети бойынша тауарлар мен көрсетілген қызметтерге олардың Қазақстан Республикасының Салық кодексімен бекітілген ҚҚС сомасы қосылған төлемдері көрсетіледі. Ал бұл шоттың кредиті бойынша тауарларды сатып алушылар мен қызметті пайдаланушы жеке немесе заңды тұлғалардан ұйымның банктегі ағымдық шотына немесе қолма – қол ақша қаражаты түрінде төлеген қаржылары көрсетіледі. Сонымен қатар бұл шоттың кредитінде сатып алушылардың олардан алынған аванстар бойынша қарыздарының азаюы бейнеленеді.

«Қазмұнайгаз Өнімдері» ЖШС-де автомобильдерге жанар-жағармай құю станцияларындағы (АЖҚС) мұнай өнімдерін бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар мұнай өнімдерін бөлшек саудада сату жөніндегі операцияларды жүргізген кезде міндетті түрде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1710 «Автомобильдерге жанар-жағармай құю станциясындағы мұнай өнімдерінің

қозғалысын есепке алу журналын жүргізу қағидалары туралы» қаулымен бекітілген нысан бойынша жанар-жағармай құю станциясындағы мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналын толтырады. Ұйымда АЖҚС мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналы нөмірленген, тігілген және жеке немесе заңды тұлғаның қолымен және мөрімен куәландырылған және аталған журналды жүргізуге тағайындалған жауапты тұлғалардың қолдары қойылған [61].

Ұйымның АЖҚС-на қабылданған ЖЖМ-ды есепке алу тәсілі АЖҚС-ның есеп саясатында тіркеледі. ЖЖМ-ды сатып алу құны бойынша бағалаған жағдайда, ұйымның бухгалтерлік есебінде келесідей бухгалтерлік проводкалар беріледі (кесте 6):

Кесте 6 – «Қазмұнайгаз Өнімдері» ЖШС-де қабылданған ЖЖМ-ды есепке алған кезде берілетін бухгалтерлік проводкалар

Шаруашылық операциялардың мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Ұйым жеткізуші компаниядан ЖЖМ сатып алды	1313/1	3310
Сатып алынған ЖЖМ бойынша қосымша құн салығы зачетқа алынды	1420	3310
Ұйым жабдықтаушы компаниямен есеп айырысты	3310	1030
Егер ЖЖМ сату бағасы бойынша бағаланса, онда саудалық үстеме баға былайша көрсетіледі	1313/1	6030
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [62]		

«Қазмұнайгаз Өнімдері» ЖШС-нің АЖҚС мұнай өнімдерін жеткізу автомобиль көлігімен жүзеге асырылады. Барлық мұнай өнімдерін қабылдау тауарлық-көліктік жүкқұжат бойынша жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 22 маусымдағы № 221 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есепті жүргізу ережесіне сәйкес, ұйыммен қайта сату үшін сатылып алынған тауарлар, олар сатып алу құны бойынша бағаланады.

Ұйым бөлшек сауданы жүзеге асыратын болғандықтан, сатып алынған ЖЖМ сату құны бойынша үстемелерінің (жеңілдіктерінің) жекелеген есебімен бағалауды жүргізеді. Саудалық үстеме баға ЖЖМ-ды сату және сатып алу құны арасындағы айырмашылық болып табылады. ЖЖМ-дың алыну фактісін растайтын құжат накладной, ал ҚҚС-ті зачетқа алудың негізі болып шот-фактура табылады.

ЖМ-ды сату. Мұнай өнімдерін сату үш тәсілмен жүзеге асырылады:

- клиенттермен қолма-қол есеп айырысу;
- талондарды алдын-ала сатумен қолма-қолсыз есеп айырысу;
- кредиттік карталар бойынша.

ЖЖМ-ды қолма-қол ақшаға сатқан кезде, ұйымда бухгалтерлік есеп былай жүргізіледі (кесте 7):

Кесте 7 – ЖЖМ-ды қолма-қол ақшаға сатқан кезде берілетін бухгалтерлік проводкалар

Шаруашылық операциялардың мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерге қолма-қол ақшаға ЖЖМ сатылды	1210	6010
Есептелінген ҚҚС сомасына	1210	3130
Сатылған ЖЖМ-дың өзіндік құны есептен шығарылды	7010	1313/1
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден кассаға ақша қаражаттары келіп түсті	1010	1210
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [62]		

АЖҚС-сы ЖЖМ-ды талон бойынша қолма-қолсыз есеп айырысу бойынша сатқан кезде, клиент жанар-жағар май құю станциясына белгілі бір ақша сомасын аударады, яғни болашақта ЖЖМ сату есебінен аванс. АЖҚС-сы, өз кезегінде, клиентке мұнай өнімдерін босатқандығы туралы накладной, шот-фактура және талондар береді. Талондар қатаң есептілік бланкілері болып табылады және 006 «Қатаң есеп беру бланкілері» баланстан тыс шотында есепке алынады. Талондар ұйымның қатаң есеп беру бланкілері болып саналатындықтан, оларды өзіндік құны бойынша кіріске алады. Бұл ретте, талондарды сату мұнай өнімдерін сату болып есептелінбейді, өйткені талондарды сату кезінде ұйымда болашақта талон ұстаушыға бензин сату міндеттемесі, сондай-ақ сатудан түскен табыс пен сату бойынша салық салынатын айналым талон бойынша бензин сату кезінде пайда болады.

АЖҚС-ның есебінде мұнай өнімдерін талондар бойынша сатып алушы ұйымдармен есеп айырысулар төмендегідей көрсетіледі (кесте 8):

Кесте 8 – Ұйымда мұнай өнімдерін талондар бойыншасатқан кезде берілетін бухгалтерлік проводкалар

Шаруашылық операциялардың мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Бензин талондары есепке алынды	006	-
Сатып алушылардан аванс алынды	1030	3510
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерге қолма-қолсыз ақшаға ЖЖМ сатылды	1210	6010
Есептелінген ҚҚС сомасына	1210	3130
Алынған қысқа мерзімді аванстар шотын жабу	3510	1210
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден ағымдағы есеп айырысу шотына ақша қаражаттары келіп түсті	1030	1210
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерге талондар берілді	-	006
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [62]		

«Қазмұнайгаз Өнімдері» ЖШС-нің АЖҚС-да сатылатын негізгі өнім – бензин, дизельдік отын, мотор майлары болып табылады, олар ҚР Салық кодексінің 281 бабының «ҚР-да өндірілетін, өткізілетін акцизделетін тауарларға салық салу объектісі» 3-ші тармақшасына сәйкес акцизделетін тауарларға жатады, ҚР-да өндірілетін, өткізілетін акцизделетін тауарларға, яғни бензинді және дизель отынын көтерме және бөлшек саудада өткізуі салық салу объектісі болып табылады. Көтерме саудада өткізу саласына бензин мен дизель отынын одан әрі өткізу үшін құрылымдық бөлімшелерге жөнелті де жатады, сондай-ақ мұнай өнімдерін карточкалық жүйемен сатып алу-сату туралы шарт жасалынады (Қосымша Ә).

«Қазмұнайгаз Өнімдері» ЖШС-нің АЖҚС-да мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау, беру және есепке алу РД-112-РК-002-94 «Стационарлық, контейнерлік және жылжымалы автомобильдерге жанар-жағармай құю станцияларын техникалық пайдаланудың ережелері» басшылық құжатына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады. АЖҚС-да мұнай өнімдерінің есебін, босатылуын және сақталуын жүргізудің негізгі құжаты болып ауысым есебі табылады, сонымен қатар картаны толтыруға өтінім жасалады (Қосымша Б).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2000 жылғы 6 сәуірдегі № 308 «Бөлшек саудада сатылатын бензин (авиациялықтан басқа) және дизель отынына белгіленген акциздер ставкаларын қолдану тәртібі туралы» бұйрығына сәйкес бензиннің барлық түрлері үшін тығыздықтың орташа көрсеткіші 0,730 кг/литр, ал дизель отыны үшін 0,769 кг/литр құрайды; осыларды ескергенде:

- бензиннің 1 тоннасы = 1000 кг: 0,730 кг/л = 1370 литрді құрайды;
- дизель отынының 1 тоннасы = 1000 кг : 0,769 кг/л = 1300 литрді құрайды [63].

ҚР-ның Салық Қодексінің 279 бабына сәйкес акциздеуге жататын тауарлар қатарына алкогольдік және табак өнімдері, спирт, бензин, дизельдік отын, транспорт құралдары, мұнай, газ, құрамында спирт бар медициналық мақсаттағы өнімдер жатады. Біздің пікірімізше, акциздеуден босатылу үшін экспорттаушы акциздеуге тиісті тауарларының экспортын дәлелдеуі керек.

ҚР-сы акцизделетін тауарлар экспортын акцизден босатуды көздейтін халықаралық шарттар жасасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД) қатысушы мемлекеттерге акцизделетін тауарлар экспортталған кезде ҚР-ның кеден аумағынан экспорт кедендік рәсмінде әкелінетін акцизделетін тауарларды импорттаған кезде рәсімделген жүктің кедендік декларациясының көшірмесі қосымша табыс ету де кіреді. Негізінде, экспорт кезінде бюджетке төленетін салықтар тура және жанама болып келеді. Тауарды сатқаннан түскен табыс бұл тауар елдің ішінде жұмсалды ма, әлде экспортқа шығарылды ма соған қарамастан біртұтас жылдық табыс болып есептеледі де одан тура корпоративтік табыс салығы (КТС) алынады. Осыған байланысты экспорт кезіндегі КТС елдің ішінде жүзеге асқан тауардан алынғандай есептеледі. Тура

салықтың басқа салық салу объектілері тауарды жүзеге асыру кірістеріне байланысты емес, сол себепті экспорттаушылардың тура салық төлеу жөніндегі салық жүктемесі басқа салық төлеушілермен бірдей деңгейде жүргізіледі. ҚР – да жанама салықтың негізгі түрлеріне ҚҚС мен акциз жататындығы белгілі. Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше елдердің көпшілігі салық салу жүйесінде айналымдағы басқа салықтың түріне қарағанда осы ҚҚС пен акциздерді қолдайды, ал қазіргі уақытта 160 ел ҚҚС алуда. Еуропалық Одақ пен ТМД елдері, сондай-ақ Қазақстан тауар тағайындаған елдің қағидаты бойынша ҚҚС алады. Тағайындаған елдің қағидаты бойынша экспорттаушы экспортқа шығарылатын тауарға оны өндіру кезінде күрделі шығындар жасаған болса, тауар өндірген елде ол тауарға ешқандай ҚҚС алынбайды. Ондай тауар қай елде импортталады немесе қай ел тұтынады, соған байланысты ҚҚС алынады. Екі ел арасында сауда істерін жүргізген кезде қос салық салудың әлеуетті мүмкіндігі пайда болады, сол себепті тағайындайтын елдің қағидаттары бұл жағдайды болғызбау жағын қарастырады, сонымен қатар тағайындайтын елдің қағидаттары отандық өндірушілерге шетелдік өндірушілермен бір деңгейде болуға мүмкіндік береді және экспортқа шығарылатын тауарлардың халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ҚР-ның Салық Кодексінде тағайындайтын елдің қағидаттары экспортқа шығарылатын тауар өндірісі кезінде пайдаланылған құрал-жабдықтар, материалдар және сол кезде атқарылған жұмыс үшін, сондай-ақ осы тауар өндірісі үшін салынған құрылыс объектілері үшін экспорттаушылардан ағымдағы мөлшерлеменің 12 % бойынша ҚҚС алынады және олар бюджетке төленеді. Біздің пікірімізше, бұл құрал-жабдықтар, материалдар мен (жұмыс, қызмет) сатып алу кезінде экспорттаушы шот-фактура негізінде тауармен қамтамасыз етушіге тауардың бағасына енгізе отырып ҚҚС бірге төлеуі тиіс. Сондай-ақ экспорттаушы осы төленген ҚҚС есепке ала отырып оны экспорт басталғанша жинай береді. Экспортқа шығарылған тауардан ҚҚС алынбайтындықтан, ҚР-ның Салық Кодексінің 242 бабы бойынша, экспорттаушыларда оған есептелетін ҚҚС сомасына қатысты ҚҚС мөлшері өседі. Экспорттаушы Салық Кодексінің 272 бабы, 2-тармағына сәйкес тауар экспорты басталғаннан кейін салық органдарына тауарды өндіру және экспортқа дайындау кезінде төлеген ҚҚС бюджеттен қайтару жөнінде өтініш айтуға құқығы бар. Экспортқа белгіленген ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі мен бюджеттен қайтарылатын ҚҚС сомасы салық төлеудегі жеңілдік болып есептелмейтінін және салық төлеуден босатпайтынын атап өткен маңызды деп санаймыз. Сол себепті, бөл тауар тағайындайтын елдегі ҚҚС алыну қағидатының жүзеге асырылуын орындау әдісі болып табылады, ал мемлекет болса нақты деректер бойынша экспорттаушыға алдын-ала төлеп қойған салықты қайтарып береді. Біздің елде тағайындайтын елдің қағидаттары бойынша акциз қолданылады, экспорт кезінде акцизден босатылып, тағайындайтын елде импорт кезінде есептеледі, сөйтіп, осылайша мұнай

өнімдерін Қазақстаннан экспортқа шығару кезінде акцизден босатылады да, оларды импортқа алу кезінде акциз тағайындалады [4, б. 272].

Біздің пікірімізше, кез келген ұйымның бухгалтері өзінің қызметі барысында шаруашылық операцияларын жүзеге асырған кезінде, ҚҚС сомасын естен шығармай отыруы керек. Яғни, біздің айтпағымыз экспорттық нөлдік мөлшерлеме мен ҚҚС-тан босатылу арасындағы айырмашылық. Көп жағдайда бухгалтерлер нөлдік мөлшерлеме мен ҚҚС-тан босатылуды өте жиі шатастырып жатады. Ал, шын мәнінде нөлдік мөлшерлеме дегеніміз ол осы салықтан босатылу, яғни нөлдік мөлшерлеме қолдану барысында жүзеге асыру жөнінен айналымға ҚҚС алынбайды, сонымен қатар өнім беруші төлеген ҚҚС есепке алынады. ҚҚС-тан босатылу жқзеге асыру жөніндегі айналымға ҚҚС түспегені жөнінде ғана қарастырып қоймайды, сондай-ақ өнім беруші төлеген, босатылған айналым үшін жұмсалған ҚҚС есепке алынбайды. Сол себепті ҚҚС-тан босатылған кезде, есепке алынған ҚҚС мөлшері артып кетпейді. Сондай-ақ, Халықаралық тасымал және қаржылық операцияларға байланысты қызмет түрлерінде ҚҚС-тан босатылады. Нөлдік мөлшерлеме мен ҚҚС босатылудың айырмашылығын көрсететін мысалдар қарастырылған (кесте 9).

Кесте 9 – ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі мен одан босатылудың айырмашылығы

	12% бойынша алынатын айналым	0% бойынша экспорт	Босатылған айналым
Тауарларды тарату	2 000	2 000	2 000
Таратқан кездегі ҚҚС	240	0	0
Тауарларды алу	1 600	1 600	1 600
Жалпы пайда	400	400	400
Есепке алынатын ҚҚС	192	192	0
Төлемге ҚҚС	48	(192)	0
Салық төлеушінің қарамағындағы ақша қоры	352	592	400
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [76]			

9-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, төлемге ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі қолданылған кезде кері жағдай көрінеді, яғни экспорттаушы алдында бюджет міндеттілігі пайда болады және экспортер қарамағында көбірек ақша қоры пайда болады. Былайша айтқанда бюджет экспорттаушы тауар жеткізушіге төлеген, экспортталған тауар өндірісі үшін пайдаланған ҚҚС сомасын қайтарып береді.

Осы тұрғыдан алғанда, біз ҚҚС қайтару мәселелеріне тоқталып кетуді жөн көрдік, себебі ҚҚС қайтару мәселелері экспортқа салық салу жүйесінде ең өзекті де кең тараған мәселе болып табылады. Біздің пікірімізше, шартты түрде экспорттаушыларды ҚҚС қайтару кезінде 2 топқа жұптауға болады:

– бірінші топтағы мәселелерге тәжірибеде қолданыстағы салықтық заңнаманың нормаларының қолданылуы кезінде туындайтын мәселелерді жатқызуға болады;

– екінші топқа экспортушыларға ҚҚС қайтаруды реттейтін кейбір нормативтік-құқықтық актілердің нормаларының жетілдірілмеуінен туындайтын мәселелер.

Біздің елдің экспорттаушылардың тәжірибелерінде жиі кездесетін мәселелік сұрақтардың әр тобын жеке-жеке қарастыратын болсақ, осы мәселелік сұрақтардың бірінші тобы – бұл салықтық заңнаманың қолданыстағы нормаларының дұрыс қолданылуы, яғни тәжірибеде ҚҚС қайтарудан немесе оны төмендетуден бас тартудың әртүрлі себептері бар, ол салық төлеушінің құжатта көрсетілген мекен-жайы бойынша болуының расталмауы.

Біздің пікірмізше, келесі мәселе – ол қазақстандық экспорттаушылардың салықтық органдарға ресейлік компаниялардың мекен-жайына жөнелтілген тауардың кіруіне және осы өнімге төленетін жанама салыққа өтініш берумен байланысты. Бұл өтінішті (импортушы) қазақстандық экспорттаушыдан өнімді сатып алушы Кедендік одаққа мүше, мысалы Ресей мемлекетінің салықтық органдарына міндетті түрде осы мемлекеттің уәкілетті органдарының таңбасымен тапсыруы керек. Бірақ та, тәжірибеде ресейлік компаниялар көрсетілген құжаттарды беруге ынталы емес, олар өз мемлекетінің салық органдарымен қарым-қатынаста бітпейтін бюрократиялық қиыншылықтарды алға қояды, сөйтіп қазақстандық экспорттаушыға тауарды экспорттағанын дәлелдеу шын мәнінде Кедендік одаққа мүше мемлекеттегі экспорттаушыға осы мәселені серіктестерімен алдын-ала шешіп алу ұсынылады, соның ішінде келісімшартқа бөлек шарт ретінде серіктесті қажетті құжаттармен қамтамасыз етуге міндеттейтін бөлім енгізілуі керек, сонымен қатар отандық экспорттаушылар үшін заңмен тағайындалған 180 күннің ішінде салық органдарына барлық қажетті құжаттарды жинау көп қиындықтар туғызады.

Егер ұйым көрсетілген мерзім ішінде қажетті құжаттарды жинап үлгермесе, онда өсімпұл салынады, яғни мұндай жағдайда экспорттаушыларға соңынан салық органдарына тапсырылатын құжаттарды жинауды тоқтатпауды ұсынамыз, себебі ұйымдар түбінде ҚҚС орынын толтырады деп есептейміз. Сонымен қатар, экспорттаушыларға ҚҚС қайтарылмауына, не қайтарылым мерзімін созылуына келісімшарттардың анық толтырылмауы да себер болуы мүмкін екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Келісім шарттарда тауарды экспорттауға арналған компанияның нені және кімге сататыны, соның ішінде барлық тараптардың аты-жөндері мен қолдары анық көрінуі керек.

Жоғарыда аталған мәселелік сұрақтардың екінші тобы – бұл экспорттаушыларға ҚҚС қайтаруды реттейтін кейбір нормативтік-құқықтық актілердің нормаларының жетілдірілмеуінен туындайтын мәселелер деп санаймыз, өйткені біздің елдің мұнай экспорттаушылары үшін, атап айтқанда: кеңес беруші, инжинирингтік, аудиторлық қызмет көрсету мен шикізатты

өңдеуге байланысты көрсетілетін қызметтерден басқа қызметтерде қазіргі таңда Салық кодексінде қызмет көрсетілген жағдайда ҚҚС есептеу тәртібінің болмауы. Мысалы, оқытуға Ресей аумағында Ресей мөлшерлемесімен 18 пайыз мөлшерінде ҚҚС шот-фактура беріледі, бұл мәселенің шешімі тек салықтық заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілгенде ғана табылатынын айту керек.

Экспортты дамытуға кедергі келтіретін тағы бір салықтық мәселе ретінде қазақстандық кәсіпкерліктері нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдар жасалған нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын жалпы айналымның ҚҚС қайтаруды атап көрсетуге болады. Себебі, Салық кодексінің 272-бабының 3-тармағына сәйкес, нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдар жасалған және декларацияда ол бойынша ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап көрсетілген салық кезеңі ішінде нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналым өткізу бойынша салық салынатын жалпы айналымның кемінде 70 пайызын құрайтын болса, онда қайтарылуға жатады.

Жалпы, салық салуға тиісті сату айналымынан экспорттық пайданы 70 пайызға жеткізу көбінде мүмкін емес, сондықтан ҚҚС артылған сомасы есепте қалады. Сонымен қатар, жаңа экспорттаушылар және істегі экспорттаушылар өндірілген өнімнің көп бөлігін ішкі нарықта сататындықтан, 70 пайыздық мөлшерге қол жеткізу көбінде мүмкін емес, соның салдарынан есептелген ҚҚС сомасы жинала береді. Біздің пікірімізше, бұл мәселені шешудің бір жолы – көрсетілген мөлшерлемені мысалы 30 пайызға дейін төмендету болар еді, ал ол болса, қазақстандық тауарларды экспорттаудың көлемін өсіруге ықпал етер еді.

Қазіргі таңда, ҚҚС қайтарудың ең басты проблемаларының бірі ретінде 2013 жылы қабылданған «Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының асып түскен сомасын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларының» нормаларын атап кетуге болады, сондықтан осы қағидаларды қайта қарастыруды ұсынамыз [64].

Сатып алушылармен есептесу әр түрлі тәсілдер арқылы жүргізіледі:

- вексельдер;
- чектер;
- банктегі ағымдық шотқа ақша аудару;
- кассадан ақша беру [65].

Ф.С. Сейдахметова дебиторлық берешекті есепке алу уақытында есептесу жолдарын, нақтырақ айтсақ олардың алғашқы құжаттарының көрсетілуі міндетті. Алынуға тиісті сауда шоттарында компанияның кәдімгі операциялық қызметінің ішіндегі клиенттің алған тауарлары, істелген жұмыстары, көрсетілген қызметтері үшін қарыз сомалары көрсетілетін шоттар. Бұл сомалар шот – фактуралармен, кәдімгі қарыз міндеттемелермен, тауарларды босатқан кездегі накладнойлармен немесе басқа да шаруашылық құжаттарымен расталынады. Яғни, осы алынуға тиісті шоттар негізінде ұйым сатып алушылар мен тапсырыс берушілерге төлеп беруге шот қояды. Қойылған шот негізінде

сатып алушылар мен тапсырыс берушілер шотта көрсетілген соманы аударып төлеп береді. Егер келісім шарт бойынша алдын ала төлеу қарастырылған болса, онда оған бөлек шот қойылады. Ондай жағдайда, алдын – ала төлеу бойынша қойылған шоттың сомасы бөлек төленеді де, жалпы сома тауарларды алғаннан кейін төленеді [66].

Штиллер М.В. компания клиенттерге бағаны өзінің каталогы және прејскуранты бойынша тағайындайды. Бұл бағалар саудалық жеңілдікке жатады немесе тауарларды үлкен партияда сатқан кезде болатын жеңілдіктер. Сауда жеңілдіктерінің мақсаты сатып алушыларды тауарларды үлкен мөлшерде сатып алуларына қызығушылықтарын туғызады (тауарлардың бағасын арзандатып сату). Тауарларды несиеге сату әрқашанда сатып алушылардың сатып алған тауарлары үшін ақшаны төлемеу тәуекелдігімен байланысты. Ақша жеңілдіктері сатып алушыға алған тауарлары үшін мерзімінен бұрын есеп айырысуға қызығушылық тудырады. Сондықтан компания өзінің клиенттерін мерзімінде төлеп тұруға жағдай тудырады, себебі ешқандай стандарттар белгіленген мерзімді анықтамайды. Ұйым халықаралық немесе жеке тәжірибе жағдайларға сүйене отырып мерзімді өзі анықтайды [67].

Әдетте, «әдеттегі ақы төлеудің» дебиторлық берешектің алынуға тиісті борыштар мерзімі 30 – 60 күн аралығы болып келетін. Әйткенімен әрбір ұйым ақы төлеудің мерзімін дербес анықтайды және есеп саясатында бекітеді. Жеңілдік шарты және саудалық несиенің мерзім аралығы былай белгіленеді «5/10, n30», сатып алушы 5% жеңілдік алады егер де төлем жасауды 10 немесе одан аз күн ішінде сатып алу күнінен бастап жүргізсе, сонымен бірге борышты өтеудің әдеттегі мерзімі жеткізуші алдында 30 күн. Сол арқылы келісімшарт негізінде анықталған 10 күн жеңілдіктің қызмет ету мерзімі. Егер де сатып алушы өзінің борышын 10 күннен кейін төлесе, онда оған жеңілдік берілмейді. Ал егер де төлем жасау мерзімі 30 күн ішінде жүргізілмесе, онда бұл дебиторлық берешек уақыты өткен болып есептеледі [68].

Ең ыңғайлы және кеңінен қолданыстағы әдістің келісім есебінде сату және жеңілдік бойынша дебиторлық берешек есебінің және сату көлемінің толық сомада көрсетілуі дебиторлық берешектің есебі болып табылады және толық көлемде сатылған сома немесе жалпы әдіс деп аталады. Осы әдіске байланысты жеңілдіктер сатушының бухгалтерлік есеп шоттарында жеңілдіктің болған мерзімінде төленген есебінде мойындалады. Жеңілдіктер ұйымның жиынтық табыс туралы есебінде сату көлемін азайту негізінде таза сатылудың көлемін көрсетеді. Таза сатылу көлемі – бұл кезең ішіндегі жеңілдіктерді, қайтарылған тауарларды және басқа да элементтерді шегергеннен кейінгі сату көлемі, ол нақтылы түрде көрсетілуі керек. Осы орайда, біз жалпы есептеу қағидаты ұйымның қаржылық есептілігіне қалай әсер ететіндігіне тоқталғымыз келді.

Яғни, есептеу қағидаты қаржылық есептілікке былайша әсер етеді:

– операциялар мен оқиғаларды ақша қаражаттарының келіп түсуі немесе төленуі кезінде емес, олардың болған мезетінде мойындау талап етіледі;

- бұл бухгалтерлік баланста актив ретінде көрсетілген ақша қаражаттарын немесе қаржылық ресурстарды алуға құқық береді;
- бұл бухгалтерлік баланста міндеттеме ретінде көрсетілген ақша қаражаттарын немесе көрсетілген қызметті төлеуге міндеттейді;
- қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепте табыстар мен шығыстарды олардың жатқызылатын кезеңдерінде көрсету талап етіледі;
- есептеу қағидаты дәлме-дәл келу қағидатымен келісілген, яғни ақша қаражаттарын алу уақытына байланысты емес [69].

Г.К. Тулешова өз жұмысында ХҚЕС сәйкес дебиторлық берешек есептілікте үмітсіз және күмәнді қарыздарға құрылған резервті шегергеннен кейін көрсетіледі. Көрсетілген резерв былайша есептелінуі мүмкін. Өткен жылдың базасы негізінде дебиторлық берешектің жалпы сомасындағы үмітсіз қарыздардың пайызы есептелінеді, бұл ағымдағы жылдың дебиторлық берешектің мөлшеріне көбейтіледі. Осы пайыз дебиторлық берешектің жалпы сомасының базасына немесе дебиторлық берешектің белгілі бір тәртібі негізінде есептелінуі мүмкін (сәйкесінше, осы топ бойынша есептелген пайыз ағымдағы жылдағы осы топтағы қарыздың мөлшеріне көбейтілуі мүмкін) [70].

Қазақстандағы есепте қысқа мерзімді дебиторлық берешектің есебі жүргізілген шаруашылық операциялардың негізінде пайда болған қарыздардың құны бойынша есептелінеді. Дебиторлық берешектің құнсыздануы мынадай жағдайда пайда болуы мүмкін, егер қарызгерден ақша қаражаттарының алынбау тәуекелі болған кезде. Халықаралық стандарттар есебі бойынша, құнсыздануға резерв құру мынадай жағдайда болуы мүмкін, егер қарызгерден ақша қаражаттарының алынбау мүмкіндігі дәлелденген кезде. ХҚЕС бойынша түгендеу дегеніміз – бұл күмәнді қарыздармен жұмыс істеу мен белгіленген күнге баланс мәліметтерін растау үшін мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті анықтау. ХҚЕС мақсаты үшін дебиторлық берешекті түгендеуді құжаттық көрсету сияқты дебиторлық берешектің есебін жүргізудің мұндай тәжірибесін Қазақстанда қабылдаудың маңызы зор деп санаймыз. Операцияларды құжаттық рәсімдеуді бұрынғыша қалдыру керек. Қаржылық есептілікті ХҚЕС бойынша құрудың мақсаты үшін дебиторлық берешек ағымдағы (қысқа мерзімді) және ұзақ мерзімді болып жіктеледі. Баланста кәдімгідей негізгі және өзге де болып көрсетіледі [71].

ХҚЕС бойынша дебиторлық берешектің есебі үшін келесідей тәжірибелік ұсыныстарды ұсынуға болады: Дебиторлық берешектің бөлігінде сақтық қағидасын басшылыққа алуға болады (активтердің құнын аса көтеріп жібермеу үшін); берілген аванстар мен салықтар бойынша артық төленген ақшаларды 1200 «Қысқа мерзімді дебиторлық берешек» бөлімінде ашып көрсетуді ұсыну (жекеленген жағдайларда оларды «аванспен төленген шығыстар» ретінде жіктеуге болады); дебиторлық берешекті трансформациялау үшін мына шоттарды қолдану қажет: 1610 «Қысқа мерзімге берілген аванстар», 1210 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық

берешегі», 1620 «Алдағы кезең шығыстары». Ұйым басшысы нақтылы қарыздар бойынша резервтерді құру сұрақтарына ғана емес, сондай-ақ дебиторлық берешектің барлық категориялары бойынша жалпы резерв құру сұрақтарына қатысты өз бетінше шешім қабылдауы мүмкін; негізгі құралдар бойынша есеп айырысуды ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеу, келісім мердігерлік келісім шарт бойынша операцияларды ХҚЕС (IAS) 11 «Мердігерлік келісім шарттар» сәйкес түзету; ағымдағы қызмет бойынша есеп айырысуды дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв құруға түзету жүргізу; қысқа мерзімге берілген аванстарды құжаттары әлі алынбаған, болған операцияларға түзету жүргізу. Бұл операциялар дебиторлық берешектің жалпы сальдосынан алынып тасталады [72].

Бүгінгі таңда біздің елімізде бухгалтерлік есептің дамуы, нарықтық экономикасы дамыған елдерде қабылданған олардың тәжірибесімен жақынырақ болуына алып келеді. Нарықтық экономика жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектілердің бәсекелестік артықшылығы мен тұрақты дамуы көбінесе ақпараттардың өз уақытында алынуларымен және олардың сенімділігіне байланысты, себебі олардың негізінде басқарушылық шешім қабылданып, жүзеге асырылады. Дебиторлық берешекті басқаруда болашақтағы жағдайларға дұрыс болжам жасауды, қайтаруға тиісті қарыздардың ішінде мерзімдері өтіп кеткен және үмітсіз қарыздардың пайда болуларына жол бермеу мақсатында оларды өтеуге әрқашанда бақылауды ұйымдастыруды, дебиторлық берешекті дұрыс жіктеуді, тануды, бағалауды және көрсетуді дұрыс қамтамасыз етуге міндетті, яғни осындай ақпараттарды жеткізуші болып бухгалтерлік есеп жүйесі табылады.

Сондықтан, олармен байланысты мыналар болып табылады:

- халықаралық және ұлттық тәжірибеде дебиторлық берешектің есебінің сұрақтарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің болмауы;
- дебиторлық берешекті басқарудың толық бітпегендігі төлемеушілік пен күмәнді қарыздардың мөлшерінің орасан зор көбеюіне алып келеді, қаржылық есептіліктерде дебиторлық берешек туралы ақпараттарды берудің кейбір аспектілерін анықтау қажеттілігі ерекше өзекті болып табылады.

Бұдан басқа дебиторлық берешекті басқару мен есебіне байланысты көптеген мәселелер бар, бастысы олардың күмәнділік дәрежесін анықтау, ең маңыздысы болып мыналар табылады:

- сатып алушылардың төлем қабілеттіліктері мен несие қабілеттіліктеріне бағалау жүргізудің тәжірибесінің жоқтығы. Бұл мәселе әрбір дебитордың қаржылық жағдайын объективті бағалаумен байланысты, қаншалықты осы немесе басқа да қарыздық талаптарды күмәнді қарыздар ретінде тану сатып алушы-қарызгердің төлем қабілеттілігін бағалау негізінде жүргізіледі;
- қарыздарды өтеу мерзімдері туралы дұрыс ақпараттың болмауы. Әдетте, дебиторлық берешек келісім шартпен рәсімделеді, бірақ та әрқашанда

сатып алушылармен және клиенттермен қаржылық тәртіп сақтала бермейді. Шаруашылық субъектінің қаржылық жағдайын объективті бағалау бухгалтерлік ақпараттар негізінде жүргізіледі, бұл ақпараттарды ұйым тауарлық операциялар бойынша барлық контрагенттерге беруге міндетті емес. Сондықтан күмәнді қарыздар сомаларын объективті есептеу, бұл мақсат үшін қажетті ақпарат көздерінің болмауына байланысты мүмкін емес болып табылады. Бұдан басқа, бухгалтерлік есептегі дебиторлық берешек туралы ақпараттардың анық еместігісі мен келісім шарттарда көрсетілген аналитикалық құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеушілігі мәселелері (өтеу мерзімдері, қарыздардың сомалары). Осындай жағдайлардың салдарынан ұйымда мерзімдері өтіп кеткен қарыздар пайда болады, сондай-ақ мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті басқарудың қиындығы.

Бұл мәселе әрбір жеке алынған дебиторлық берешекті өтеудің мүмкіндігін бағалау шарттылық элементі болып табылатын жағдайлармен байланысты. Көрсетілген мәселені шешу үшін ұйымда ақпарат көздерінің жоқтығынан ғана емес дәл қандай қарыздың болмауының мүмкін екендігін айту қиынырақ, сондықтан алдын ала болжау қажет. Сонымен қатар, дебиторлық берешектің айналымдылығының уақыттары мен мөлшері туралы мәліметтердің дәйексіздігі және т.б.

Біздің көзқарасымыз бойынша, жоғарыда көрсетілген мәселелер әртүрлі резервтерді құру жолымен саудалық дебиторлық берешек есеп шоттарының қалдығына түзету жүргізудің отандық есеп тәжірибесінде танылуының жеткіліксіздігі негізгі себеп болып табылады. Сонымен бірге бұл мәселелер тек отандық есепке ғана тән емес, сондай-ақ ХҚЕС да тән, ережелерге сәйкес резервтер тек тауарларды (өнімдерді, істелген жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді) несиеге сату кезінде құрылады.

Болашақта «Саудалық дебиторлық берешек» шотының төрт контршоты болу керек деп ойлаймыз:

- күмәнді қарыздар бойынша резервтер;
- берілген жеңілдіктер бойынша резервтер;
- сатылған тауарларды қайтару бойынша резервтер;
- құнсыздану бойынша резервтер.

Қазіргі уақытта еліміздің көптеген ұйымдарының қаржылық есептіліктерінде үмітсіз қарыздар ғана емес, сондай-ақ қызмет істемейтін, жоқ ұйымдардың дебиторлық берешегі көрсетіледі. Сонымен, күмәнді қарыздар, жеңілдіктер мен сатылған тауарларды қайтару және дебиторлық берешектің құнсыздануына резервтер құру, бір жағынан алғанда есептік жұмыстың тиімділігін біршама арттырады, ал басқа жағынан алғанда – осы операцияларды ХҚЕС бойынша есепте және отандық есеп жүйесінде түбегейлі айырмашылықтарын жою. Дебиторлық берешектің есебін өз уақытында және сауатты ұйымдастыру қазақстандық ұйымдардың жұмыс істеу тиімділігінің негізі болып табылады (кесте 10).

Кесте 10 – Дебиторлық берешектің есебін ХҚЕС мен ҰҚЕС сәйкес салыстырып сипаттау

Критерийлері	ХҚЕС	ҰҚЕС
Дебиторлық берешектің жалпы түсінігі	Дебиторлық берешек қаржылық активтердің жеке класында бөлініп көрсетіледі және белсенді нарықта бағаланбайтын туынды емес қаржылық активтер ретінде анықталады	«Қаржылық құралдар» мен «Қаржылық активтер» түсініктері қолданылмайды, тек дебиторлық берешекке жатпайтын тар шеңберлі категория – «қаржылық салымдар» қолданылады. Анықтамасы жоқ.
Активті мойындаудың негізгі критерийлері	Активтерді сенімді бағалау (құжаттық растау), экономикалық тиімділігі (болашақта алынатын)	Жоқ
Дебиторлық берешекті мойындау	Келісім шартқа қол қою мезетінде	Меншік құқығы тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге өткен мезетте
Дебиторлық берешекті бағалаудың әдістері	Бастапқыда тікелей шығындарды ескере отырып, әділ құн бойынша бағаланады. Содан кейін пайыздың тиімді ставкасы әдісін қолданумен амортизацияланатын құн бойынша бағаланады	Келісім шартпен белгіленген барлық жеңілдіктерді, үстеме бағаларды, коммерциялық несие бойынша пайыздарды, валюта бағамының айырмасы бойынша бағалау көрсетіледі (номиналды құны бойынша)
Күмәнді қарыздар бойынша резервтер	Есептілікте көрсетілетін дебиторлық берешектің сомаларын оларды әділ құнына келтіру үшін резерв есептелінеді. Ұйым басшысы өз бетінше нақтылы қарыздар бойынша резерв құру ғана емес, дебиторлық берешектің барлық категориялары бойынша жалпы резерв құруға қатысты сұрақтарды шешуі мүмкін.	Бухгалтерлік есепте резервтердің сомасы жүргізілген түгендеудің қорытындылары бойынша анықталады. Нақтылы қарыздарға қатысты қарастырылған резервтерді құру бойынша
Дебиторлық берешекті түгендеу	Белгілі күнге баланстағы мәліметтерді растау мен күмәнді қарыздармен жұмыс жасау үшін мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті анықтау	Есептілік пен есеп мәліметтерінің шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында құжаттық растау бойынша тәжірибелік іс-әрекеттің реттілігін анықтау болып табылады.
Ескерту – Автормен құрастырылды		

Бүгінгі таңда отандық бухгалтерлік есептің қағидалары көп жағдайда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен сәйкес келеді, бірақ та бірталай ерекше өзгешеліктері бар. Сонымен, есептілікті халықаралық стандарттар бойынша дайындаудың екі негізгі әдістері бар: ҰҚЕС бойынша есептілік мәліметтерін ХҚЕС-на трансформациялау және қаржылық есепті қатар жүргізу. Қазіргі уақытта Қазақстанда бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша бірде-бір ережелерде дебиторлық берешекке анықтама берілмеген. Сондықтан бухгалтерлік есепте дебиторлық берешекті азаматтық құқық нысандарының бірі болып табылатын мүліктік құқық деп түсіну қабылданған. Күмәнді қарыздар, жеңілдіктер мен сатылған тауарларды қайтару және дебиторлық берешектің құнсыздануына резервтер құру, бір жағынан алғанда есептік жұмыстың тиімділігін біршама арттырады, ал басқа жағынан алғанда – осы операцияларды ХҚЕС бойынша есепте және отандық есеп жүйесінде түбегейлі айырмашылықтарын жою. Осыған байланысты зерттеу барысында дебиторлық берешектің бухгалтерлік есебін ХҚЕС-н ҰҚЕС-мен салыстыру талдауы жүргізілді, ол дебиторлық берешектің аналитикалық базасын жетілдіру мақсатында ХҚЕС алдағы уақытта қолдануға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, халыққа сатылатын жанар-жағармай материалдары мен газдың құны өндіріліетін мұнай мен газды ішкі нарықта өткізу бағасына айтарлықтай дәрежеде байланысты, сондықтан жер қойнауын пайдаланушыларға салықтық жүктеме кен орындарын әзірлеу сатысын ескермейді және өндірілетін мұнайдың қымбаттауына әкеледі, осыған орай, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне мыналарды:

1) ашық әрі объективті салық салу тетігін жасау мақсатында жер қойнауын пайдаланушылардың қолданыстағы салықтық және салықтық емес аударымдары жүйесін қайта қарауды;

2) жер қойнауын пайдаланушыларға салықтық жүктемені төмендетуді көздейтін ұсыныстарды енгізу керек деп санаймыз.

2.2 Бухгалтерлік есеп пен салық есебінде күмәнді қарыздар бойынша резервтерді есептеудің ерекшеліктері мен айырмашылықтары

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-де резерв есебі 1290 «Күмәнді талаптар бойынша резерв» шотында жүргізіледі. Бұл шот Қазақстан Республикасы қаржы министрінің 23.05.2007 жылғы № 185 санды «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары» бұйрығына сәйкес 1-ші бөлімнің «Қысқа мерзімді активтер» 1200 «Қысқа мерзімді дебиторлық берешек» бөлімшесінде орналасқан, аталған шоттарға қатысты 1290 шоты контршот болып табылады. Бұл жағдайда күмәнді қарыздардың мүмкін болатын мөлшерлері бағаланады немесе сатудың жалпы мөлшері негізінде, немесе дебиторлық берешектің мөлшері негізінде, және белгілі сомаға күмәнді қарыздарға резерв есептеледі. Ол 7440 «Резервті құру мен үмітсіз талаптарды есептен шығару бойынша

шығыстар» шотының дебеті бойынша және 1290 «Күмәнді талаптар бойынша резерв» кредиті бойынша көрсетіледі [59, б. 1].

Дебиторлық берешек келісім шарттағы міндеттемелердің орындалмауы салдарынан, артық төленген салықтардан, өндірілген өсімдерден, есеп беруге тиісті тұлғаның есебіне ақша қаражаттарын бергенде пайда болады. Сатылған тауарлар, істелген жұмыс, көрсетілген қызмет үшін келісім шартта бекітілген мерзімде төленбеген қарыз және есеп айырысу құжаттарының қате рәсімделуімен немесе шаруашылық келісім шарттардың бұзушылығымен байланысты болған қарыз мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек болып саналады. Өз кезегінде мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек күмәнді және үмітсіз болуы мүмкін.

Күмәнді қарыздар бойынша резервтер есепті кезең соңында ұйымда дебиторлық берешекке жүргізілген түгендеудің нәтижелері негізінде құрылады. Есептен шығаруды жүргізу үшін ұйымға дебиторлық берешекке түгендеу жасап отыру қажет. Дебиторлық берешекке түгендеу жүргізу ондағы қарыз соманың дұрыстығы мен негізділігін анықтап тексеру болып табылады. Ұйым салыстыру актілерінің негізінде өздерінің сатып алушыларымен және тапсырыс берушілерімен жиі өзара салыстыру актілерін жүргізіп отырулары тиіс. Дебиторлық берешектің есебіндегі жеке мәселе оларды есептен шығару тәртібі болып табылады. Айтарлықтай жиі ұйымның дебиторлық берешегінің құрамында мерзімі өтіп кеткен қарыз болып сипатталатын, яғни өндіріп алуды іске асыру мүмкін емес оның бір бөлігі бар деп саналады [73].

Қаржылық есептілікте дебиторлық берешекті көрсету мәселесі оны номиналды құны бойынша көрсеткеннен кейін пайда болады. Есептілікте дебиторлық берешекті көрсету біріншіден оны жіктеуден, екіншіден бағалаудан тұрады. Егер дебиторлық берешек талап бойынша қайтарылатын болса, онда ол қысқа мерзімді дебиторлық берешек ретінде жіктеледі. Дебиторлық берешекті бағалау өте күрделі. Қысқа мерзімді дебиторлық берешек таза сату құны бойынша бағаланады және көрсетіледі, яғни қолма-қол ақша түрінде алынуға тиісті деп күтілген таза сомада. Таза құнды анықтау үмітсіз қарызды бағалауды талап етеді. Үмітсіз дебиторлық берешек – бұл пайданың азаюына әкеп соқтыратын табыстарды жоғалту. Пайданың азаюы үмітсіз қарыздар бойынша шығыстар есебі арқылы мойындалады. Үмітсіз дебиторлық берешек есебіндегі басты мәселе болып болған залалды көрсетудегі уақыт мезетін анықтау табылады. Егер де ұйым дебиторлық берешекті күмәнді деп таныса, онда бухгалтер ондай дебиторлық берешекті есептен шығару туралы шешім қабылдайды, олар кезең шығындарына немесе құрылған резервке апарылады.

Е. Гиганова күмәнді дебиторлық берешекті есептен шығару үшін негізгі екі әдістің біреуі қолдануды ұсынады:

1) тікелей есептен шығару әдісі. Бұл әдіске сәйкес шот үмітсіз деп анықталғанша есепте ешқандай жазба жазулары жазылмайды. Сонда алынған залал 7440 «Резервті құру мен үмітсіз талаптарды есептен шығару бойынша

шығыстар» шотының дебеті бойынша және 1210 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» кредиті бойынша көрсетіледі. Бұл берілген әдіске сәйкес үмітсіз қарыз сол жылы есепке алынады, егер де нақтылы дебиторлық берешектің жабылмағандығы анықталған болса. Бухгалтерлік есептің теориясына сәйкес берілген тікелей есептен шығару әдісі тиімді болып есептелмейді. Сәйкесінше кіріс пен шығыстың пайда болу кезеңіне келтіруге мүмкіндік туғызбайды. Күмәнді қарыздар оның сатылған тауар партиясына сәйкес емес, есеп беру аралығындағы анықталған зиянға жатқызылады;

2) резервтеу әдісі. Несиеге сатылатын барлық күтілген үмітсіз шоттардың сомаларын немесе дебиторлық берешектің жалпы сомасын бағалау осы әдіс негізінде жүргізіледі. Бұл есептелген сома шығыс есебінде және сол кезеңдегі алынуға тиісті шоттарды жанама түрде азайту болып есептеледі және егер де сату есепке алынса, онда жанама азаюға алынған шоттар сол аралықта есептеледі. Егер де сату қолма – қолсыз есеп айырысу негізінде жүзеге асырылса, онда резервтеу әдісі кезінде шығындар есепте есеп беру кезеңіндегі бағалау негізінде көрсетіледі. Резервтеу әдісін қолдану кезінде мынадай жағдайлар орын алу ықтималдығы болуы мүмкін, яғни активтердің құнсыздануы және шығындар сомасы түзетіліп бағалануы мүмкін [74].

Күмәнді қарыздар бойынша резервті есептеудің екі әдісі бар:

1) несиеге сату көлемінің пайыз әдісі немесе пайда мен залал туралы есеп әдісі. Өткен жылдардың тәжірибесін пайдалана отырып ұйым өзінің жабылмаған дебиторлық берешегінің пайызын анықтайды.. Ол қарыздар үмітсіз болып қалады, егер де негізгі шоттар анықталмаса. Аталған әдіс дебиторлық берешекті сату құнын бағалауды нақтылы қамтамасыз етеді, бірақ та шығындар мен табыстардың дәл келу қағидаларымен үйлеспейді. Бұл әдістің мақсаты дебиторлық берешекті бухгалтерлік баланста таза сату құны бойынша көрсету, сондықтан ол дебиторлық берешектен алынған пайыз әдісі немесе бухгалтерлік баланстың әдісі деп аталады. Бұл әдісті қолдану кезінде соңғы үш жылдың ішінде кредитке сатылған нақтылы ұйымның тарихи мәліметтерін есепке алу керек [75].

2) «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС резерв құрудың уақыт бойынша есептеу тәсілін қолданады. Бұл әдісте төленуге тиісті шоттар жиынтығы көрсетіліп, олардың әрбіреуінің күмәнді қарыздар бойынша жобаланған пайызы анықталуы тиіс, мұнда күмәнді қарыздардың күтілетін пайызы анықталады. Қарыздардың төлену уақыттарының ұзақтығына қарай әр қарыздың ұйымның есеп саясатында белгіленген резервтік ставкасы болады. Күмәнді қарыздардың пайызы компанияның бухгалтерінің кәсіби біліктілігінің жоғарылығымен, жұмыс тәжірибесінің молдығымен, клиенттің несие тарихын терең білуі негізінде анықталады.

Мысалы, есеп беретін күнге дебиторлық берешекке төлеу мерзімдері бойынша, сонымен қатар күмәнді қарыздар пайызы негізінде резервті бағалауға

талдау жүзеге асырылды. «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-де 2013 жылдың желтоқсан айының 31-не саудалық дебиторлық берешектің мөлшері 1 057 млн. теңгені құраған, ол пайызсыз болып табылады және 30-90 күн ішінде өтелуге тиіс. Мұнай өнімдерін сату 100 пайыз алдын ала төлем болғаннан кейін жүргізіледі. Егер өндіруші зауытта тауарлардың артылып сатылмай жатып қалуы болған жағдайда, өндірілген мұнай өнімдерін жедел өткізу қажеттігі туындайды. Мұнай өнімдерін ірі партияда алдын ала төлеусіз өткізу дебиторлық берешектің пайда болуына алып келеді.

Төмендегі 11-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, алынған нәтижелердің негізінде 1 057 млн. теңге көлеміндегі дебиторлық берешектің 76,1 млн.теңгесі күмәнді қарыздар екенін анықтадық. Есепті кезең басына 1290 «Күмәнді талаптар бойынша резерв» шоты бойынша сальдо болмаған. Ендеше, күмәнді қарыздар бойынша резервті қалай есептеу керек екендігін талдап көрсетейік.

Күмәнді қарыздардың пайда болу тәуекелі туындайды. 2013 жылдың желтоқсан айының 31-не саудалық дебиторлық берешектің мерзімдері бойынша пайда болуының талдауы (кесте 11):

Кесте 11 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС бойынша 2013 жылға күмәнді қарыздар бойынша резервті есептеу

Қарыз кезеңі	Дебиторлық берешек, млн. теңге	Күмәнді қарыздардың пайызы	Күмәнді қарыздар бойынша резерв, млн.теңге
Төлеу мерзімі әлі басталмаған	929	1	9,3
Мерзімі өткен 1-30 күн	58	5	2,9
Мерзімі өткен 30-60 күн	3	10	0,3
Мерзімі өткен 60-90 күн	3	20	0,6
Мерзімі өткен 90-120 күн	2	50	1
Мерзімі өткен 120 күннен жоғары	62	100	62
Жиыны	1 057		76,1
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [76]			

Резервті құру бойынша шығыстар 76,1 млн. теңгені құрады, бұл сома ұйымның пайда және залал туралы (жиынтық табыс) есебінде көрсетіледі. Бухгалтерлік баланста (қаржылық жағдайы туралы есепте) дебиторлық берешек сомасы 980,9 млн. теңгені құрайды (1 057 – 76,1). Яғни, жалпы 1 057 млн. теңге сомадан 76,1 млн. теңгеге қойылған сомадағы шоттар төленбейді деген сөз. Компания мерзімі өткен, бірақ құсызданбаған саудалық дебиторлық берешек 2014 жылдың ішінде толығымен алынады деп есептейді. Резерв қалдығына әр есеп беретін күнге түзету енгізіледі.

Ұйымда әрбір ай сайын орындалған операцияларды өткен аймен салыстыра отырып болған айырмашылықтарды анықтап отырады. Егер де құрылған резерв келесі айдағы резервтен аз болатын болса, онда ол ұйымның қаржы шаруашылық операцияларының нәтижелері бойынша кезең шығындары болып табылады. Шығындар дегеніміз – өнімдерді, тауарларды (атқарылған жұмыс, көрсетілген қызмет) дайындауға кеткен нақтылы және қоғамдық еңбек шығындарының жиынтығы. Ал кезең шығындары резервтен асып кетсе, онда пайда болып табылады.

Төмендегі 12-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, алынған нәтижелердің негізінде 2013 жылы 911 млн. теңге көлеміндегі дебиторлық берешектің 18 млн. теңгесі күмәнді қарыздар екенін анықтадық. Есепті кезең басына 1290 «Күмәнді талаптар бойынша резерв» шоты бойынша 76,1 млн. теңгеге кредиттік сальдо болған. Ендеше, 2014 жылдың соңына күмәнді қарыздар бойынша шығыстардың сомасы 58,1 млн. теңгені құрайды (76,1 – 18).

Бірінші әдістің мақсаты күмәнді дебиторлық берешектің пайда болған шығындарын есептеу болса, екінші әдіс қарыздардың сомасын дәл есептеуге арналған. Екінші әдіс бірінші әдіске қарағанда күмәнді қарыздар бойынша резервтер бойынша нақтырақ ақпарат береді (кесте 12).

Кесте 12 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС бойынша 2014 жылға күмәнді қарыздар бойынша резервті есептеу

Қарыз кезеңі	Дебиторлық берешек, млн.теңге	Күмәнді қарыздардың пайызы	Күмәнді қарыздар бойынша резерв, млн. теңге
Төлеу мерзімі әлі басталмаған	879	1	8,8
Мерзімі өткен 1-30 күн	17	5	0,9
Мерзімі өткен 30-60 күн	4	10	0,4
Мерзімі өткен 60-90 күн	2	20	0,4
Мерзімі өткен 90-120	3	50	1,5
Мерзімі өткен 120 күннен жоғары	6	100	6
Жиыны	911		18
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [76]			

2013 жылы резервті құру бойынша шығыстар 58,1 млн. теңгені құрады, бұл сома ұйымның пайда және залал туралы (жиынтық табыс) есебінде көрсетіледі. Бухгалтерлік баланста (қаржылық жағдайы туралы есепте) дебиторлық берешек сомасы 852,9 млн. теңгені құрайды (911 – 58,1).

Компания мерзімі өткен, бірақ құсызданбаған саудалық дебиторлық берешек 2015 жылдың ішінде толығымен алынады деп есептейді (кесте 13).

Кесте 13 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС бойынша 2015 жылға күмәнді қарыздар бойынша резервті есептеу

Қарыз кезеңі	Дебиторлық берешек, млн. теңге	Күмәнді қарыздардың пайызы	Күмәнді қарыздар бойынша резерв, млн. теңге
Төлеу мерзімі әлі басталмаған	1 321	0	0
Мерзімі өткен 1-30 күн	133	5	6,6
Мерзімі өткен 31-60 күн	21	10	2,1
Мерзімі өткен 61-90 күн	41	20	8,2
Мерзімі өткен 91-120	22	50	11
Мерзімі өткен 121 күннен жоғары	27	100	27
Жиыны	1 565		54,9
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [76]			

13-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, алынған нәтижелердің негізінде 1 565 261 мың теңге көлеміндегі дебиторлық берешектің 54,9 млн. теңгесі күмәнді қарыздар екенін анықтадық. Есепті кезең басына 1290 «Күмәнді талаптар бойынша резерв» шоты бойынша 58,1 млн. теңгеге кредиттік болған. Ендеше, 2014 жылдың соңына күмәнді қарыздар бойынша шығыстардың сомасы 3,2 млн. теңгені құрайды (58,1 – 54,9).

Резервті құру бойынша шығыстар 3,2 млн. теңгені құрады, бұл сома ұйымның пайда және залал туралы (жиынтық табыс) есебінде көрсетіледі. Бухгалтерлік баланста (қаржылық жағдайы туралы есепте) дебиторлық берешек сомасы 1 561,8 млн. теңгені құрайды (1 565 – 3,2). Компания мерзімі өткен, бірақ құсызданбаған саудалық дебиторлық берешек 2016 жылдың ішінде толығымен алынады деп есептейді. Ұйымның бухгалтерлік есебінде күмәнді арыздар (талаптар) бойынша резерв есептеген кезде есепті күнге келесідей бухгалтерлік проводка берілген (кесте 14):

Кесте 14 – Ұйым бойынша 2015 жылы күмәнді қарыздарға есептелген резервке келесідей бухгалтерлік проводка берілген:

Шаруашылық операциялардың мазмұны	Шоттар корреспонденциясы		Сома, млн. теңге
	Дебет	Кредит	
Күмәнді қарыздар бойынша резерв есептелінді	7440 «Үмітсіз талаптарды есептен шығару және резервті құру бойынша шығыстар»	1290 «Күмәнді талаптар бойынша резервтер»	3,2
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [62, б. 8]			

М.Қ. Қалибаев мақалада баланста есептен шығарылған күмәнді қарыздар есептен шығарылғаннан кейін 5 жыл баланстан тыс шоттарда көрсетілуі тиіс. Қарыз төлеушінің мүлдік жағдайы өзгерсе, уақыты өтіп кеткен күмәнді қарыздар өтелген жағдайда түскен ақша негізгі емес өндірістен түскен ақша болып есептеледі, оған келесідей жазу жүргізіледі:

Дт 1030 «Банктегі ағымдық шоттағы ақша қаражаттары»

Кт 6280 «Басқа да кірістер».

Бес жыл өткеннен кейін дебитордың өтелмеген қарыздары баланстан тыс шоттардан шығарылады. «Төлеуге қабілетсіз дебиторлардың шығындары» шотының кредитінде көрсетіледі. Есептен шығарылған дебиторлық берешекті қалпына келтіру. Алынуға тиісті белгілі бір шот үмітсіз шот деп есептелінеді сол уақытта, егер де оның қалдығы бухгалтерлік кітапта алынып тасталса. Мұндай жағдайда 1290 «Күмәнді талаптар бойынша резерв» шоты дебеттеледі де, ал 1210 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі» шоты кредиттеледі. Кей уақытта сатып алушы уақыт ағымының өтуіне байланысты күмәнді деп есептелінген есептен шыққан шотты толығымен немесе бір бөлігін төлеп беруі мүмкін. Бұл жағдайда екі бухгалтерлік проводка берілуге тиісті. Біріншісі – қазір қате деп табылған бұрындар есептен шығарылған қарыздарға жойылу проводкасын беру және келесі қарыздарды жабуды көрсету проводкасы:

Дебиторлық берешекті қалпына келтіру: Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі шотында қалпына келтіру сомасы клиенттің берген ақшасының сомасына тең болуы керек. Егер де тікелей есептен шығару әдісі қолданылса, онда Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі шоты дебеттеліп және Қорды құру бойынша шығындар және үмітсіз талаптарды есептен шығару шоты кредиттеліп бір мезетте клиенттен ақшаны алу жазуы жазылады.

Ақшаның алынуы бір уақытта көрсетіледі:

Д-т 1010, 1030 «Ақша қаражаттары»

К-т 1210 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі» [77].

Ю.А. Мягкова 39-шы ХҚЕС (IAS) 58-ші пункіне сәйкес ұйым әр есепті кезең соңында амортизацияланған құн бойынша бағаланған қаржылық актив немесе қаржылық активтердің тобының құнсызданғанын куәландыратын шындықтың бар екендігін бағалауға тиісті. Егер мұндай куәліктің бар болуы рас болса, онда ұйым құнсызданудан болған залал сомасын анықтау үшін 39-шы ХҚЕС (IAS) 63 пунктін қолдануы керек. Яғни, 39-шы ХҚЕС (IAS) 63 пункіне сәйкес, егер амортизацияланған құн бойынша бағаланған қаржылық активтерден залалдың шынайы болғандығы расталса, онда залал сомасы активтің баланстық құны мен бастапқы тиімді пайыз ставкасымен қаржылық актив бойынша дисконтталған есеп айырысатын болашақтағы ақша қаражаттары ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде

бағаланады (яғни бастапқы мойындау кезіндегі есептелінген, тиімді пайыз ставкасы). Активтің баланстық құны тікелей немесе бағалау резерві шотын қолданумен азаюы керек. Залал сомасы пайда немесе залал құрамында мойындалуы керек деп жазады [78].

Н.А. Лытнева, Е.А. Кыштымова 39-шы ХҚЕС (IAS) сәйкес, егер келесі кезеңде құнсызданудан болған залалдың мөлшері қысқартылады және бұл қысқаруды құнсыздануды мойындаған кездегі болған жағдайлармен шынайы байланыстыруға болатын болса, (мысалы, дебитордың несиесі қабілеттілігінің өсуімен), онда құнсызданудан болған бұрын мойындалған залалды не тікелей, не бағалау резерві шотына түзету енгізу жолымен қайта қалпына келтіруге болады. Мұндай реверсивті жазу қаржылық активтің баланстық құны оның амортизацияланған құнынан асып кетпеуіне әкелмеуі керек. Реверсивтік жазулардың сомасы пайда немесе залалдың құрамында мойындалуы керек. Дебиторлық берешек есебіндегі жеке мәселе болып оларды есептен шығару тәртібі табылады. Ұйымның дебиторлық берешегінің құрамында мерзімі өтіп кеткен қарыз ретінде сипаттауға болатын, яғни өндіріп алынуы мүмкін емес оның бөлігі жиі жеткілікті дәрежеде кездеседі [79].

Е.А. Безверхая нарықтық экономика жағдайында сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің арасында шоттарды төлемеу немесе өз уақытында төлемеу тәуекелі көбеюде, бұл дебиторлық берешектің пайда болуына әкеледі. Нарықтық қатынастардың дамуы дебиторлармен есеп айырысудың тиімділігін қамтамасыз ету бойынша басқарушылық шешім қабылдау мен ұйымдардың жауапкершілігімен, өз бетінше жұмыс істеуін арттырады. Дебиторлық берешектің өсуі немесе азаюы ұйымның қаржылық жағдайының өзгеруіне әкеледі. Мысалы, дебиторлық берешектің кредиторлық қарыздан біршама артып кетуі техникалық банкротқа алып келуі мүмкін. Бұл ұйымның қаражаттарының айналымнан оқшаулануымен және кредиторлар алдындағы қарыздарды өз уақытында жаба алмау мүмкіндігінің болмауына байланысты [80].

Г.В. Киселева өз жұмысында ұйымның қаржылық жағдайы қойылған өнімді, тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтерге төлеу бойынша келісім шартта көрсетілген шарттардың орындалуымен тікелей байланысты. Әрбір заңды тұлғалар мен кәсіпкерлерде оларға қарыз контрагенттердің өздерінің қарыздарын уақытында өтемеу жағдайлары жиі кездеседі. Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек сатып алушылардың, тапсырыс берушілердің оларға берілген несиелері үшін есеп айырысу мерзімдерін бұзушылығынан пайда болады. Келісім шартта көрсетілген есеп айырысу мерзімдерінің өтіп кетуі дебиторлық берешектің пайда болуына әкеледі, яғни оның өтелуі күмәнді болып саналады [81].

Талап ету мерзімі өтіп кеткен талап ете алмайтын дебиторлық берешек, сонымен қатар өндіріп алуы мүмкін емес дебиторлық берешек, бухгалтерлік есепте көрсетілген сомада ұйым шығыстарының құрамына кіргізілуі керек.

Мерзімі өтіп кеткен қарыз әрбір міндеттеме бойынша жеке есептен шығарылады.

Алынуы мүмкін емес үмітсіз қарыздарды есептен шығарудың негіздемелері болып мыналар табылады:

- 1) жүргізілген түгендеудің мәліметтері;
- 2) Дебиторлардан қарыздарды өндіріп алудың мүмкін еместігін жазбаша негіздеу;
- 3) мұндай міндеттемелерді есептен шығару туралы ұйым басшысының бұйрығы (өкімі).

В.В. Семенихин дебиторлармен есеп айырысуға түгендеу ұйымның контрагенттерімен жасалынған салыстыру актісі мәліметтері бойынша жүргізіледі. Олардың мәліметтері негізінде «сатып алушылармен, жабдықтаушылармен және өзге де дебиторлармен, кредиторлармен есеп айырысудың түгендеу актісі» рәсімделеді. Актіде дебиторлық берешек түрлері бойынша көрсетіледі (дебиторлармен расталынған немесе расталынбаған талабы өтіп кеткен қарыз). Дебиторлардан өндіріліп алуы мүмкін емес қарыздардың жазбаша негіздемесі бас бухгалтердің жазулары бойынша дайындалады және оған қосымша растайтын құжаттар тіркелінеді. Жойылған ұйымнан үмітсіз қарыздарды қайтарып алудың мүмкін еместігін негіздейтін құжат болып заңды тұлғаларды тіркейтін реестрдегі жазбалар, сонымен қатар ұйымның жойылғандығын растайтын салық органының хаты табылады [82].

Біздің пікірімізше, қаржылық нәтижеге апарылған дебиторлық берешек ұйымның өзге де шығыстарының құрамына кіргізіледі. Ол бухгалтерлік есепте көрсетілген сомада жатқызылады: Дебет 7470 «Өзге де шығыстар», кредит 1210 «Сатып алушылар мен тапсырыс берішілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі». Қарыздардың пайда болу мерзімдері (өтелуі) туралы мәліметтер жүйелі және жедел болуы керек, оларды мақсатқа сәйкес жеке құжатта жинақтап отыру қажет, мысалы: дебиторлар шоттарының тозу реестрінде. Мұндай реестрді матрица түрінде құруға болады, жолдар бойынша қарыз субъектілері көрсетіледі, тігінен – пайда болу мерзімдері. Реестр қарызгерлерді жедел түрде анықтауға мүмкіндік береді және олармен ойдағыдай жұмыс жасау ұйымға үлкен нәтиже алып келеді, сонымен қатар сол қарызгерлермен ерекше қарым-қатынас қалыптастыру керек:

– дебиторлық берешектің айналымдылығын, сонымен қатар мерзімі өтіп кеткен қарыздар бойынша есеп-айырысудың жағдайын бақылау, өйткені инфляция жағдайында кез келген төлемдерді кейінге қалдыру мынадай жағдайға алып келеді, ұйым қойылған өнімдердің құнының тек белгілі бір бөлігін ала алады, сондықтан мейлінше аванстық төлемдердің жүйесін кеңейту керек;

– болған жағдайда ұйымда дебиторлық берешектің аналитикалық есебінің жүйесін мерзімдер бойынша ғана емес, сондай-ақ мөлшерлері бойынша, заңды

және жеке тұлғалардың орналасқан жерлері және ұсынылатын төлемдердің шарттары ұйымдастырылуы мүмкін.

В. А Терехова, егер ұйым күмәнді қарыз бойынша резерв құрмаса және үмітсіз қарыздың айқындалу жағдайы пайда болса, онда бұл сома кезең шығындарына жатқызылып есептен шығарылады, яғни бұл сома ұйымның «Жиынтық табысы туралы» есебінде көрсетілуі тиіс. Сонымен, жоғарыда көрсетілген ұсыныстар есеп-айырысулар мен олардың есебін ұйымдастыруды жетілдіруге, сонымен қатар дебиторлық берешекті болдырмауға және ұйымның қаржылық жағдайын нығайтуға мүмкіндік туғызады. Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті ұйым басшысының бұйрығының негізінде компанияның қаржылық нәтижесіне есептен шығаруға болады. Дебиторлық берешекті активтердің құрамында сақтау таза активтердің аса көтерілуіне әкеледі, мұндай жағдай ұйымның қаржылық жағдайын объективті бағалауға мүмкіндік бермейді [83].

Күмәнді қарыздар бойынша резерв құру мен дебиторлық берешектің бухгалтерлік және салық есебі бойынша мәселелері:

–дебиторлық берешекті мойындау үшін негіздер;

–бухгалтерлік және салық есебінде дебиторлық берешекті түгендеудің ерекшеліктері;

–жазбаша нысанда келісім шарт болмаған кезде бухгалтерлік және салық есебінде күмәнді қарыздар бойынша резерв құру;

– келісім шартта қарызды өтеудің мерзімі көрсетілмеген кезде, бухгалтерлік және салық есебінде күмәнді қарыздар бойынша резерв құру;

–алдын ала төлеу бойынша, айыппұл санкциялары бойынша, коммерциялық несие келісім шарттары бойынша, займдық келісім шарттары бойынша және талап ету құқығын берген кезде резервті құру;

–күмәнді қарыздар бойынша резервті құру кезінде ҚҚС сомасының есебі;

–күмәнді қарыздар бойынша резерв құру кезіндегі бухгалтерлік проводкалар;

–күмәнді қарыздар бойынша резервті салық декларациясында көрсету;

–бухгалтерлік есепте күмәнді қарыздар бойынша резервті құрудың міндеттілігінің бұзушылығы.

2.3 Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дебиторлық берешек туралы ақпараттарды ашып көрсету

Нарықтық қатынастардың дамуы дебиторлармен есеп айырысудың тиімділігін қамтамасыз ету бойынша басқарушылық шешім қабылдауда ұйымның жауапкершілігі мен дербестігін арттырады. Дебиторлық берешектің өсуі немесе кемуі ұйымның қаржылық жағдайының өзгеруіне әкеледі. Мысалы, дебиторлық берешектің кредиторлық берешектен біршама артып кетуі техникалық банкротқа алып келуі мүмкін. Бұл ұйымның қаражаттарының айналымнан біршама оқшауланып кетуімен және кредиторлар алдындағы

қарызды өз уақытында жабуға мүмкіндіктің болмауымен байланысты. Осының негізінде дебиторлық берешектің жағдайына талдау және мониторинг жүргізу қажет [84].

Дебиторлық берешек есебінің мәселелерін зерттеу қазақстандық есепте болсын, тіпті шетелдік бухгалтерлік есепте де өзекті тақырыптардың бірі болып табылады, өйткені бүгінгі экономика өзінің шарттарын ұсынады және соған толық сәйкес келуін талап етеді. Осы диссертациялық жұмыс шеңберінде біз дебиторлық берешек есебінің негізгі ерекшеліктерін ХҚЕС бойынша қарастырып көруге және оларды ҰҚЕС-мен салыстыруға тырыстық. Халықаралық бухгалтерлік есепті алатын болсақ, онда айта кету керек ХҚЕС-да дебиторлық берешек есебіне арналған арнайы стандарт жоқ. Дебиторлық берешектің анықтамасы, оның жіктелуі мен есепте көрсетілу тәртібі төмендегі ХҚЕС-ның ережелеріне сәйкес жүргізіледі:

– ХҚЕС (IAS) 1 сәйкес қаржылық жағдай туралы есепте саудалық және өзге де дебиторлық берешек жеке бапта көрсетіледі. Сондай-ақ, бұл стандарт өтеу мерзімі бір жылдан аз немесе кәдімгі операциялық кезең ішіндегі дебиторлық берешекті айналым активтерінің, ал ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті айналымнан тыс активтердің құрамында көрсетуді анықтайды. Бірақ осы стандартта дебиторлық берешектің нақтылы категорияларын жіктеу, бағалау және мойындау қарастырылмаған.

ХҚЕС (IAS) 18 «Табыс» сәйкес сатып алушылардың дебиторлық берешегі ұйымның түсімінің құрамында көрсетіледі, ал ХҚЕС (IAS) 39 дебиторлық берешектің мөлшерін анықтау мақсатында келесідей ақпараттарды ашып көрсетуді толықтырады:

а) дебиторлық берешектің құнсыздануы мен үмітсіз қарыздардың сомаларын есептен шығаруға тестілеу жүргізу;

ә) ХҚЕС (IAS) 39, 63 пунктіне сәйкес дебиторлық берешекті құнсыздануы бойынша резервтерді шегергеннен кейін қаржылық жағдай туралы есепте көрсету.

– ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» реттелінеді.

ХҚЕС (IAS) 32 «Қаржылық құралдар: ақпараттарды ашу және ұсыну» дебиторлық берешекті қаржылық есептілікте көрсету туралы ақпараттар қарастырылған. Халықаралық стандарттардың талабы дебиторлық берешек есебін қалай құру керек екендігін ойға салады.

В. Ю. Сутягин қаржылық активті займдар мен дебиторлық берешек ретінде мойындау үшін негізгі талап болып, белсенді нарықта баға белгіленімдерінің болмауы табылады. Бірақ та, егер белсенді нарықта актив жоғары бағаланса және ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес қаржылық активті займдар немесе дебиторлық берешек ретінде жіктеу үшін басқа да талаптарға жауап бермесе, онда мұндай жағдайда ол өтеуге дейін ұстап тұратын инвестицияға жатқызылуы мүмкін. Дебиторлық берешек қаржылық активтердің жеке категориясында бөлініп көрсетіледі және «белсенді нарықта бағаланбайтын

төлемдермен анықталынатын немесе белгіленген туынды емес қаржылық активтер» ретінде анықталады [85].

Займдар мен дебиторлық берешек қаржылық құралдар категорияларының бірі болып табылады. ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» бойынша қаржылық құралдарда займдар мен дебиторлық берешектің алатын орнын қарастырайық (сурет 4).



Сурет 4 - ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес қаржылық құралдардағы займдар мен дебиторлық берешектің орны

Ескерту – Автормен құрастырылды

О.А. Гришина сатуға арналған активтер немесе тауарлар (сауда ұйымдары үшін), егер компания оларды жақын арада есептен шығаруды жоспарласа, онда олар алынып тасталынады. Қаржылық активтердің бұл категориясы мыналардан тұруы мүмкін: саудалық дебиторлық берешек, қарыздық құралдарға инвестициялар және банк депозиттері, сонымен қатар тартылған активтер. Егер қаржылық активтер нарықта бағаланса, онда ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау» сәйкес олар дебиторлық берешек ретінде топтастырылуы мүмкін емес [86].

Н. А. Антонова берілген аванстар мен салықтар бойынша артық төленген сомалар ҰҚЕС және ХҚЕС сәйкес «Дебиторлық берешек» бөлімінде ашып көрсетіледі, бірақ та егер ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау» келтірілген дебиторлық берешек анықтамасын ескерсек, онда атап көрсетілген баптар дебиторлық берешек болып табылмайды, олар шаруашылық операцияларды жүргізу мезетіне дейін баланста уақытша есепте тұрған «аванспен төленген шығыстар» деп аталатын шығыстарға апарылады. Егер бұл

баптардың мәнді мөлшерлері болса және тұтастай алғанда есептілік көзқарас тұрғысынан маңызды болса, онда олар міндетті түрде ұйымның қаржылық жағдайы туралы есебінде тікелей ашылып көрсетіледі [87].

Дебиторлық берешекті тану үшін есепте активтерді мойындаудың жалпы критерийлері қолданылады. Активті тану үшін, оның негізгі екі критерийлерге сәйкес болуы қажет:

- осы активпен байланысты экономикалық пайда алудың (ақшалай қаражаттың кетуі) жоғары ықтималдығының болуы;
- актив құны сенімді бағалануы мүмкін.

Дебиторлық берешек есебін бағалау кезіндегі негізгі мезет болып есеп айырысуларға түгендеу жүргізу табылады және халықаралық тәжірибеге сәйкес дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв (күмәнді қарыздарға резерв) құру. ҰҚЕС айырмашылығы ХҚЕС бойынша түгендеу жүргізудің мақсаты – бұл күмәнді қарыздармен жұмыс жасау үшін мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті анықтау және белгілі күнге баланстағы мәліметтерді растау. Ол кертартпалық қағидатын сақтау үшін, сонымен қатар компанияның активтерін аса көтермеу және пайдаланушыларды жаңылдыруға салмау үшін жүргізіледі. Түгендеу ішінара немесе толық әдістерімен жүргізіледі. Сонымен қатар, қандай жағдайларда және қашан дебиторлық берешектің пайда болатындығын көруге болады. Дебиторлық берешек есебін бағалау кезіндегі негізгі мезет болып есеп айырысуларға түгендеу жүргізу табылады және халықаралық тәжірибеге сәйкес дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв (күмәнді қарыздарға резерв) құру. ҰҚЕС айырмашылығы ХҚЕС бойынша түгендеу жүргізудің мақсаты – бұл күмәнді қарыздармен жұмыс жасау үшін мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті анықтау және белгілі күнге баланстағы мәліметтерді растау. Ол кертартпалық (консервативность) қағидатын сақтау үшін, сонымен қатар компанияның активтерін аса көтермеу және пайдаланушыларды жаңылдыруға салмау үшін жүргізіледі. Түгендеу ішінара немесе толық әдістерімен жүргізіледі.

А.А. Надырова өз еңбегінде халықаралық тәжірибеде дебиторлық берешекке түгендеуді аудиторлармен жүргізу кеңінен таралғандығын көрсеткен. Осы жағдайда ұйымның бланкісінде жазылған салыстыру актілері жауапты тұлғаның қолы қойылуы үшін кері адресте аудиторлық ұйымның пошталық реквизиттері көрсетіліп, дебиторларға жіберіледі. Қазақстандық тәжірибеге түгендеуді бас бухгалтердің басшылығымен бухгалтерлер немесе материалды-жауапты тұлғалардан құралған комиссия жүзеге асырады. ХҚЕС салыстыру актілерінің екі негізгі нысаны бар: оң және теріс. Теріс нысандағы салыстыру актісінде белгілі күнге дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі және онда көрсетілген сомамен контрагент келіспеген жағдайда ғана салыстыру актісін кері жіберуді өтінеді. Жауапты алмаған кезде қарыз расталған боп есептелінеді. Оң нысандағы салыстыру актісінде қандай жағдай болмасын салыстыру актісін кейін қайтару өтініледі. Мұнда осы компания

бойынша қарыз сомасы көрсетілуі мүмкін, бірақ халықаралық тәжірибеде былай жасауға жол берімейді, себебі контрагент өзінің есебіне сәйкес актіде қарыз сомасын көрсете алмайды. Қазақстанда теріс нысандағы салыстыру актілері қолданылмайды, өйткені көптеген жағдайда контрагенттен жауаптың болмауы көп мағына бере бермейді және осы ұйымның мәліметтерін растауын да қажет етпейді [88].

ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» активтер бойына резервтер есептеу (есепте құнның төмендеуі), егер олардың әділ құны баланстық құннан төмен болған жағдайда ғана қарастырылады. Дебиторлық берешекке қатысты резерв есептелінуі керек, егер дебиторлардан алғашқы қарыздан аз соманың түсуі күтілсе. Бұл стандартта «Дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв» термині енгізілді. ХҚЕС бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв есептеу – есептілікте көрсетілетін қарыз сомаларын, оның әділ құнына келтіру әдісі [89].

Е.А. Безверхая өз еңбегінде дебиторлық берешек туралы ақпараттарды ашып көрсетудің талаптары жайлы сұрақтарға келетін болсақ, ол талаптар ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» көрсетілген, осы стандартқа сәйкес ұйымның қаржылық жағдайы туралы есепте мына төмендегі баптардың ашылуы керек:

- 1) ағымдағы салықтар бойынша міндеттемелер (пайдаға салынатын салық);
- 2) саудалық және өзге де дебиторлық берешек;
қаржылық міндеттемелер (мысалы, лизинг бойынша) [90].

Жабу мерзімдері бойынша қарызды қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп бөлу қажет. Сонымен қатар ХҚЕС талаптары бойынша қаржылық есептіліктің түсіндірілмелі мәліметтерін мыналарға келтіру қажет:

- қарыздың негізгі топтарындағы сомаларына – саудалық, өзге де, берілген аванстар (алынған), артық төленген салықтар (қарыз) және т.б.;
- дебиторлық берешектің құнсыздануына құрылған резерв сомаларына;
- ұзақ мерзімді қарызды мерзімдері бойынша жабу сомаларына (бір жылдан екі жылға дейін, екі жылдан бес жылға дейін, бес жылдан жоғары).

ХҚЕС көрсетілген талаптардан басқа, компания қаржылық есептілікті пайдаланушыларға қажетті оның есепті кезеңдегі қызметінің нәтижелерін және қаржылық жағдайын түсіну үшін кез келген қосымша ақпаратты бере алады. Қазақстандық тәжірибеде дебиторлық берешектің жағдайы туралы барлық ақпарат едәуір оңай ұсынылады, яғни қарыз сомалар ұйымның жылдық қаржылық жағдайы туралы есепте (бухгалтерлік баланста) көрсетіледі және оған қосымшаларда тәптіштеп толық түрінде талданады.

Дебиторлармен есеп айырысудың есебінің ХҚЕС бойынша және ҰҚЕС бойынша да бірталай негізгі айырмашылықтары бар, атап айтқанда бағалау әдістері, түгендеуді жүргізу, контрагенттермен салыстыру актілерін құру, күмәнді қарыздар бойынша резерв құру және бухгалтерлік есептілікте

ақпараттарды ашу бойынша талаптар сұрақтарын анықтауда. Тұтастай алғанда, дебиторлық берешектің бухгалтерлік есебі кез келген ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан ол ұйым қызметінің рентабельділігі үшін қолайлы ортамен қамтамасыз етеді.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) дегеніміз – бұл жоғары кәсіби ұйымдармен дайындалған және ұсынбалы бухгалтерлік есеп ережелері, әдістері, ұғымдары мен процедуралардың жиынтығы. Ал табыс дегеніміз кез келген шаруашылық жүргізуші субъектінің өздерінің қызметі барысында жүзеге асырылатын, сондай-ақ акционерлердің жарналары есебінен болатын капиталдың өсуіне алып келетін есептік кезең ішіндегі экономикалық пайданың жалпы ағыны болып табылады. IFRS 9 «Қаржылық құралдар» Халықаралық қаржылық есептілік стандарты бойынша ұйымның ақша айналымының сомасы, уақыт мерзімі және болашақта қаржы айналымының қалай өзгеретіндігін бағалау үшін қаржылық есептілікті пайдаланушыларға маңызды, әрі пайдалы ақпаратты ұсынатын қаржы активтерін, олар бойынша жүргізілетін қаржылық есептіліктердің қағидаларын қалыптастыру болып табылады [91].

ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен келісім шарттар бойынша түсім», 2014 жылдың мамыр айының 28-де ХҚЕС бойынша Кеңес АҚШ – тың қаржылық есеп стандарттары бойынша Кеңесімен бірлесіп істеген жұмыстарының нәтижесінде түсім туралы жаңа стандарт қабылданды – ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен келісім шарттар бойынша түсім», ол 6 жылға жуық созылды. Мұның алдындағы 1982 жылы алғашқы рет шығарылған түсім туралы стандарт, одан кейін 1993 жылы қайта өңделген стандарт қаржылық есептілікті пайдаланушылар мен құрастырушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келмеді, яғни тәжірибеде кездесетін көптеген әртүрлі жағдайларды қамтымады және түсімді қашан және қандай сомада мойындау керек деген сұраққа бір мағыналы жауап бере алмады. Оның ережелері сәйкесінше АҚШ –тың GAAP стандартынан айырмашылықтары бар. Ұйымның қаржылық жағдайын бағалау кезінде таза пайдамен қатар, түсім қаржылық есептіліктің маңызды бабы болып табылады. Сонымен, түсімді бағалаусыз таза пайданы анықтау мүмкін емес, себебі таза пайда ұйымның жиынтық табыс туралы есебінің ең маңызды бабы болып табылады. Ұйымның қаржылық жағдайын талдаған кезде қаржылық есепті басқа пайдаланушылар мен инвесторлар бірінші кезекте ағымдағы есепті кезеңде мойындалған түсімнің мөлшері мен құрамын бағалайды, оның ішінде өткен есепті кезеңмен салыстыру бойынша, сонымен қатар басқа салыстыруға болатын ұйымның түсімімен.

Жаңа стандарт түсім есебін тәжірибелік аспектілері бойынша егжей-тегжейлі көбірек басшылыққа алуды қамтиды, әртүрлі ұйымдар арасында түсімді мойындаудың салыстырмалығын арттыру, түсім сұрақтары бойынша ашып көрсетуді жетілдіру жолымен көбірек пайдалы ақпараттармен пайдаланушыларды қамтамасыз ету үшін алдын ала алғы шарттарды құрады.

Жаңа стандарттың негізгі принципі: Ұйым түсімді келісім шарт шарттарына сәйкес сатып алушылармен уәделескен тауарлар мен қызметтерді сыйақыға сәйкес келетін сомада бейнелеу ретінде мойындайды.

ХҚЕС 15 сәйкес түсімді мойындау бойынша төмендегідей негізгі іс-әрекеттерді іске асыру қажет:

1-ші кезең. Сатып алушылармен келісім шарттарды сәйкестендіру;

2-ші кезең. Келісім шарттар шеңберінде орындалуға жататын міндеттемелерді сәйкестендіру;

3-ші кезең. Мәміле бағасын анықтау;

4-ші кезең. Мәміле бағасын орындалуға жататын міндеттемелерге бөлу;

5-ші кезең. Түсімді орындалуға жататын міндеттемелерді орындау мезетінде мойындау [92].

В. Карагод, Л.Б. Трофимова өз еңбектерінде ХҚЕС (IAS 18) «Түсім. Қаржылық есептілікті дайындау және таныстыру» бойынша капитал мүшелерінің салымдарына қатысы жоқ, бірақ та капиталдың өсуіне алып келетін есептік кезеңнің ішіндегі активтердің көбеюі мен міндеттемелердің азаюы түрінде танылады деп көрсетеді. Ұйымның табысына сатудан түскен түсімнен бөлек, басқа да кірістері жатады. Сонымен қатар, ұйымның табысы оның әдеттегі қызмет түрлерінен келіп түсетін кіріс, оның ішінде сату, сыйақы, пайыздар, дивидендтер және лицензиялық төлемдер түрінде болуы мүмкін [93].

Ұйымның табысына ұйыммен алынған және оның тек өзінің жеке шотына түсуге тиісті экономикалық түсімнің жалпы кірісі жатады. Қандай да бір үшінші тараптың пайдасына түскен сатылым салығы, тауарлар мен қызметтерден алынатын салық және ҚҚС сияқты сомалар ұйымға түсетін экономикалық пайда болып табылмайды, сондай-ақ жеке капиталдың өсуіне әкелмейді. Сондықтан олар жалпы табыстан шегеріледі. Ұйым қаржы-шаруашылық қызметі барысында әртүрлі контрагенттермен қарым-қатынас кезінде осындай экономикалық пайданың жалпы ағыны ұйымның меншікті капиталының ұлғаюына әкеп соқтырмайтын оның бөлінбейтін пайласына жиналатын слмасынан тұрады. Көп жағдайда табыс делдалдық сыйақы сомасы болып табылады, яғни табыс алынған немесе алынуға тиісті қарама-қарсы ұсынудың әділ құнымен бағалануы тиіс [94].

Егер тауарлар немесе қызметтер өздерінің сипаттамасы мен көлемі жағынан бірдей және қызметтерге айырбасталған жағдайда, мұндай айырбас табыс болатын операция ретінде қаралмайды. Табысты мойындау көп жағдайда операцияның аяқталу кезеңі бойынша «дайын болуына қарай» әдісі деп аталады, яғни осы әдіске сәйкес табыс қызмет көрсету кезінде мойындалады. Табысты осының негізінде мойындау қызмет көрсету бойынша және есептік кезең ішіндегі қызмет нәтижелері туралы маңызды ақпаратпен қамтамасыз етеді. ҚХЕС (IAS) 11 «Құрылыс жұмыстарына жасалған келісімшарттар» бойынша жалпы табысты және қызмет көрсетуді болжап отырған мәміле бойынша тиісті шығыстарды тану үшін қолдануға болады [95].

Аникеев С. өз жұмысында халықаралық қаржылық есептілік стандарттары әлемдегі анағұрлым дұрыс дайындалған және ілгерімелі болғандықтан, көптеген елдерде халықаралық стандарттарға сәйкес есепті әзірлеп, ұсынуға мүмкіндік бар. Дебиторлық берешек шаруашылық субъектілер активтерінің негізгі бөлігі болып табылады. Оның маңызды үш қасиеті бар:

- ақшалай қаражаттың өсуіне тікелей немесе жанама мүмкіндікті қамтамасыз ететін болашақтағы пайданы кіргізеді;
- шаруашылық жүргізуші субъект басқаратын ресурстардың активтері болып саналады, көрсетілген қызмет заңды немесе заңмен дәлелденген болуы керек;
- ұйымның дәл қазіргі уақытта қарамағында жоқ, бірақ болашақта пайда әкелетін табысы активке жатпайды [96].

Е.П. Козлова дебиторлық берешек бұл сатып алушыларымен жеке тұлғаларға ақшалай қаражат, тауар және басқалай қызмет түрін алуға қойылатын талап. Ол берілген ұйымның айналымынан қаражаттарды шығарып, басқа ұйымдардың, тұлғалардың немесе ұйымдардың оларды қодануын білдіреді. Сондықтан, дебиторлық берешекті бухгалтерлік есепте мойындау, мағынасы бойынша қарыздың талап ету құқығын мойындауды да білдіреді, сондай-ақ шетел әдебиеттерінде дебиторлық берешекті «талап», ал кредиторлық берешекті «міндеттеме» деп атайды. Осы орайда, бұл олардың экономикалық және заңдық мағынасын нақтырақ көрсетеді. ХҚЕС жүйесінде дебиторлық берешекті мойындау, жіктеу және бағалау тәртібі, өкінішке орай, айқын көрсетілмеген. Халықаралық стандарттардың кейбіреуінде қаржылық есептемеде сәйкес ақпаратты ашу бойынша жалпы ұсынымдар ғана көрсетілген [97].

John B. Canning өз жұмысында халықаралық стандарттармен ұйымдардың активтерін мойындаудың үш маңызды нышаны айырып көрсетілген: болашақта экономикалық пайда алу ықтималдығы, компания жағынан бақылау және өткен кезеңдердің оқиғалары нәтижесінде шығу. Активтерді потенциалды немесе болашақ пайда алудың қайнар көзі ретінде қабылдау көптеген шетел авторлары мен ресми деректеріне тән. Алғашқылардың бірі болып активтердің болашақта экономикалық пайда алу көзқарасында анықтамасын 1929 жылы Стенфорд университетінің профессоры Джон Кеннинг берген. Оның ойы бойынша, активтер – бұл «ақшалай түрде немесе ақшаға, құқыққа, заңды және әділ кейбір немесе бір топ тұлғаға кіріске кепіл беретін, айырбасталатын болашақтағы кез келген қызмет [98].

М.А. Вахрушина пікірінше сатып алушылардың дебиторлық берешегі бухгалтерлік есепте сатудан түскен түсім туралы көрсетілген ақпаратпен қатар тіркеледі, яғни өнімді сатудан түскен түсімді бағалауда мойындалатын болады және сәйкесінше осы түсімді көрсеткен күнінде көрсетіледі. Тәжірибе жүзінде дебиторлық берешектің көлемі сату объектісін тапсыру күнінде курс бойынша теңгемен анықталады, сатып алушымен міндеттемелер өтелгеннен кейін, оны

өтеу кезеңінде дебиторлық берешекке түзету енгізетін сомасына, сатып алушымен сома бойынша айырмашылық анықталады. Мәні бойынша, бұл дебиторлық берешекті қайта бағалауды білдіреді, яғни ағымдық құнды анықтау. Егер тауар коммерциялық несие негізінде сатылса, онда дебиторлық берешек қарызға берілген немесе кейінге қалдырылған сомаға пайызды есепке алумен бірге толық сомамен мойындалады [99].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында ХҚЕС ережелерін қолданатындығы белгілі. Осы ережелерге сәйкес дебиторлық берешекті бағалау және оны есептемеде көрсету сатудың таза құнымен көрсетілуі қажет, яғни ақша қаражаттары сомасы бойынша немесе оны өтеудің нәтижесінде нақты алынуы мүмкін басқа да ресурстар және пайдалар. Дебиторлық берешектің таза сату құны – күмәнді берешектер бойынша резерв сомасын шегергенде ағымдық дебиторлық берешектің бастапқы құны бойынша сомасы.

Дебиторлық берешектің құрылымы, ереже бойынша, келесідей түрде көрсетіледі:

- сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қарызы – саудалық дебиторлық берешек (теңгемен және валютамен);
- ҚҚС-ты артық төлегендіктен бюджеттің қарызы;
- жеткізілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін берілген аванстар;
- еншілес, қауымдастырылған ұйымдардың қарызы;
- жұмыскерлердің қарызы (сонымен қатар жетіспеушіліктер бойынша);
- алынуға тиісті сыйақылар;
- шағымдар бойынша берешектер;
- басқа да дебиторлық берешек.

Дебиторлық берешекті түзету мен күмәнді қарыздарды есептен шығарудың екі түрлі әдісі бар:

- тікелей есептен шығару әдісі;
- қорларды есепке қосу әдісі.

Тікелей есептен шығару әдісі бойынша күмәнді қарыздарға алдын-ала бағалау жасалмайды. Алуға үмітсіз қарыздарды есептен шығару тікелей 7440 шотына «Қор жасауға шығындар және үмітсіз талаптарды есептен шығару» шоттар төленбейтіні белгілі болған сол есептік кезеңде жасалады. Бұл әдістің жетіспеушілігі: бірге істелген алып-сату операцияларымен байланысты, тапқан табыспен шыққан шығынның дұрыс арақатынасы принципін бұзылуы.

Есеп айырысу мерзімі бұзылған және күмәнді дебиторлық берешектің пайда болуы кезінде дебиторлық берешекті ішкі бақылауда берешектердің мәліметтерін жедел талдау және дебиторлық берешекті жабуды тездету бойынша кешенді іс-шараларды жүргізу қажет. Дебиторлық берешекті жедел талдауды дебиторлардың ескірген шоттарының реестрін құру қажет.

Ұсынылған есептілік нысандарында ашылатын және талданатын ақпараттың көлемі (кесте 15).

Кесте 15 – Есептілік нысандарында дебиторлық берешек туралы ақпараттың ашылуы

Қаржылық есептілік нысандары	Ақпарат мазмұны
Ұйымның қаржылық жағдайы туралы есебі	Есепті күннен соң он екі айдан кейінірек күтілетін төлемдер, сонымен қатар сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қарыздары
Ұйымның жиынтық табыс туралы есебі	Талап ету мерзімі өтіп кеткен және есепті кезеңде есептен шығарылған дебиторлық берешек
Ұйымның ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебі	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған төлемдер
Ұйымның капиталдағы өзгерістері туралы есебі	Резерв құрылған күмәнді дебиторлық берешек
Түсіндірме жазба	Бухгалтерлік баланс құрылымы бойынша дебиторлық берешекке сипаттама беріледі
Ескерту – Автормен құрастырылды	

Дебиторлардың ескірген шоттарының реестрін құру үшін бастапқы ақпарат болып нақты контрагенттердің қарыздарының сомасы бойынша бухгалтерлік есептің мәліметтері және олардың пайда болу мерзімі мен келісім-шарт негізінде есеп айырысу мерзімі туралы ақпарат табылады.

Екінші бөлім бойынша тұжырымдама:

Қазақстанда бухгалтерлік есеп пен есептілікті ары қарай дамытуды жүзеге асыру үшін ақпараттардың сапасын арттыру мақсатында және ХҚЕС қолдану инфрақұрылымын құруда ұлттық есептік стандартта келесідей өзгерістердің болулары қажет:

- бухгалтерлік есептің нысаны ретінде дебиторлық берешекті тану мен бағалаудың тәртібін нақтылы және толық құру;
- дебиторлық берешекті сәйкесінше шаруашылық келісім шартты орындау мезетінде емес, керісінше келісім шартқа отырған кезде көрсету, ол үшін барлық сатуға жасалған шаруашылық келісім шарттарын 012 «Келісім шарттық міндеттемелер» баланстан тыс шотындағы екінші реттегі «Сату бойынша келісім шарттық міндеттемелер» қосымша субшотты пайдаланып жүргізу.

Дебиторлық берешектің пайда болуын болдырмау үшін келесідей шараларды жүргізуді ұсынамыз:

- дебиторлық берешекпен жұмыс істейтін комиссияны құру, оның міндеттемелеріне есеп айырысу тәртібінің жағдайына жүйелі түрде бақылауды және сатып алушылармен есеп айырысуға жиі салыстыру жүргізіп отыруды кіргізу. Комиссияның жедел жұмысының маңызды құрамды бөлігі болып қарызгерлердің есіне түсіріп отыратын картотеканы жүргізу және өнімдерді төлеу бойынша шағымдарды өз уақытында қойып отыру табылады;

– нақтылы жабдықтаушылар мен сатып алушылар бойынша дебиторлық берешектің құрамы мен құрылымына талдау жүргізіп отыру қажет, сонымен қатар қарыздардың пайда болу мерзімдерін немесе оларды жабудың мүмкін болатын мерзімдерін қадағалап отыру керек, мұның бәрі мерзімі өтіп кеткен қарыздарды анықтауға және оларды өндіріп алуға мүмкіндік береді.

Ұйым мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті есептен шығарғаннан кейін, оны 007 «Төлем қабілеттері жоқ дебиторлардың қарызын залалға есептен шығару» баланстан тыс шотында көрсетуді жалғастырады. Бұл ұйымдарға өздерінің дебиторларына олардың орындалмаған міндеттемелерін өтеу мақсатында ықпал жасауды жалғастыруды қажет етеді. Дебиторлармен есеп айырысудың есебінің ХҚЕС және ҰҚЕС бойынша да бірталай негізгі айырмашылықтары бар, атап айтқанда: бағалау әдістері, түгендеуді жүргізу, контрагенттермен салыстыру актілерін жасау, күмәнді қарыздар бойынша резерв құру және бухгалтерлік есептілікте ақпараттарды ашу бойынша талаптар сұрақтарын анықтау. Дебиторлық берешектің бухгалтерлік есебі кез келген ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан ол ұйым қызметінің рентабельділігі үшін қолайлы ортамен қамтамасыз етеді.

Дебиторлық берешек есебінің ең басты қиындығын ақша ағындарын дисконттау моделі құрайды. Сондықтан, егер ХҚЕС жөніндегі бөлім өзіндік көзқарастары мен есептеулерін, оларды есеп саясатында бекітіп жасаса, онда дұрыс болар еді және бұл жағдай қаржылық есептілікті пайдаланушылардың жағдайларын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Өйткені ХҚЕС бойынша есептіліктің ең бастысы инвестиция тарту мақсатында қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін құрылады. ХҚЕС сәйкес дебиторлық берешектің шынайы жағдайы туралы, күмәнді қарыздардың бары және олардың мөлшері туралы ақпараттарды қаржылық есептілікті пайдаланушыларға бірден ашып көрсетіп ұсынады. Ал Қазақстандық бухгалтерлік баланста көрсетілген ақпарат, мұндай ақпаратты көрсете алмайды, қаржылық есептілікті пайдаланушы баланста тек дебиторлық берешектің соңғы сомасын көре алады және ұйымда күмәнді қарыздар бар ма, болса оның мөлшері қандай екендігін біле алмайды. Сондықтан, қаржылық есептілікте міндеттемелерді көрсетуде халықаралық тәжірибені қолдану есептік ақпараттың сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Өткізу нарықтарын жаһандану жағдайында әртүрлі елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінде дебиторлық берешекті есепке алу және тану тәсілдерінің бірлігін қамтамасыз ету қажеттілігі артады. Шетелде дебиторлық берешекті тану мәселесі көптеген икемді жеңілдіктер жүйесін қолданумен байланысты. Сатып алушыға берілген жеңілдіктер үлкен екі топқа бөлінеді:

- 1) сауда жеңілдіктері – бұл базалық бағадан пайыздық жеңілдіктер;
- 2) мерзімінде төлегені үшін жеңілдіктер – төлеу мерзіміне байланысты жеңілдіктер.

3 ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТИДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ АУДИТІН ЖӘНЕ ТАЛДАУЫН ЖЕТІЛДІРУ

3.1 Дебиторлық берешектің ішкі аудиті және ішкі бақылауы ұйымды басқарудың маңызды элементі ретінде

Аудиттің теориясы мен тәжірибесінде ұйымның қызметін аудиторлық тексерудің әртүрлі бағыттарын дамыту қарастырылған. Олардың ішінде негізгі орынды дебиторлық берешектің ішкі аудиті алады. Ішкі аудит түсінігіне көптеген ғылыми әдебиеттерде өте аз көңіл бөлінген немесе ол бақылаудың басқа түрлерінің құрамында көрсетіледі.

К.Ш. Дүйсембаев өз еңбегінде ішкі аудитке мынадай анықтама берген, ішкі аудит дегеніміз ішкі бақылаудың жалпы жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Оны ұйым ішінде жүргізілетін оған көрсетілген қызмет ретінде, оның қызметін тәуелсіз бағалау деп анықтауға болады [100].

Дж. Робертсон АҚШ – тың ішкі аудиторлар институтында, ішкі аудит былай анықталған: «Ішкі аудит – ұйымға ішкі тексеру жүргізген кезде, оның қызметінің тиімділігін анықтауға тәуелсіз баға беру». Ішкі аудиттің мақсаты – ұйым мүшелеріне өздерінің міндеттерін тиімді орындауларына көмек көрсету. Бұл үшін ішкі аудит оларға тексерілген нысандар жайлы ақпарат және кеңестер, ұсыныстар, бағалаулар, талдау мәліметтерін ұсынады [101].

Осыған ұқсас анықтаманы, бірақ біршама өзгеше трактовканы Р. Адамс өзінің жұмысында былай келтіреді: «Ішкі аудит – бұл ұйымға қызмет көрсету ретінде ұйым ішінде жүргізілетін, оның қызметін тәуелсіз бағалау. Бақылаудың басқа да түрлерінің тиімділік барабарлығын бағалау мен тексеру жолымен жүзеге асырылатын бақылау» [102].

Дебиторлық берешекті аудиторлық тексеру барысында келесі нормативтік құжаттарды басшылыққа алу қажет:

1) Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» 20 қараша 1998 жылғы № 304-І Заңы, (07.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

2) Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 28 ақпан 2007 жылғы № 234-ІІІ Заңы, (Қазақстан Республикасының 10.06.2014 № 206-V Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

3) Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 23 мамыр 2007 жылғы № 185 бұйрығы;

4) Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Салық кодексі;

5) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.

С. Жақыпбековтың жазуы бойынша ішкі аудиттің өзі нақты бөлімшелерді тексеру барысында аудиторлық дәлелдемелерді алудың кейбір әдістерінің

тиімділігін көрсетеді. Ішкі аудит тәуелсіз сыртқы аудит сияқты бақылау элементтерінің жиынтығын қолдануға құқығы бар. Орталықтандырылған экономика жағдайларында қызметтің ерекшеліктеріне байланысты отандық экономикалық әдебиеттерде бақылау элементтері кеңінен зерттелген [103].

Дебиторлық берешектің ішкі аудитінің мақсаты дебиторлық берешекке қатысты бухгалтерлік есептіліктер көрсеткіштерінің дұрыстығы туралы пікірлерді және есепте қолданылатын әдістерді нормативтік құжаттарға сәйкес құру, дебиторлық берешектің пайда болуы мен оларды өз уақытында жабу заңдылықтарын тексеру, алынбаған қарыздардың пайда болуына әкеп соқтыратын себептерді қалпына келтіру үшін ұйымның басшысымен бақыланып есеп айырысудың есебі мен шаралардың дұрыстығын тексеру болып табылады.

Ж.А. Кеваркова ішкі аудитті жүргізу кезінде қойылған мақсаттарға жету үшін келесідей міндеттер шешу керектігін көрсеткен:

1) дебиторлық берешектің пайда болуы бойынша құжаттық көрсету тәртібінің сақталуының расталынуы (қажетті алғашқы құжаттардың, келісім шарттар, есеп – айырысу құжаттары, есеп – айырысулар бойынша салыстыру актілерінің бар екендіктері);

2) бухгалтерлік есеп шоттары операциялары мен қаржылық есептіліктерді беру мәліметтерінде бұрмалауды болдырмауды бақылау (алғашқы құжаттардағы мәліметтердің аналитикалық есеп мәліметтерімен дәлдігі, аналитикалық және синтетикалық есеп мәліметтерінің, қаржылық есептіліктердің өзара сәйкестілігі);

3) рәсімделген бухгалтерлік операциялардың қолданыстағы нормативтік актілермен сәйкестігінің расталынуы;

4) ұйымның есеп саясаты мен заңнамаларға сәйкес есеп – айырысу операцияларына жүргізілген түгендеулерді тексеру;

5) мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті өз уақытында қаржылық нәтижеге есептен шығарылуын тексеру;

6) ақшасыз формалармен есеп-айырысулардағы міндеттемелердің тоқтатылуын есепте өз уақытында және заңды түрде көрсетілуін тексеру [104].

Қойылған мақсаттарға жету үшін әртүрлі аудиторлық процедуралар мен ақпарат көздерін пайдалана отырып дәлелдемелер алу керек, ол үшін дебиторлық берешекті тексеру кезінде жүргізілетін аудиторлық процедуралардың тізімін жасау керек. Күмәнді қарыздар бойынша резерв құру мен сатып алушылар және тапсырыс берушілермен, жабдықтаушылармен есеп – айырысу бойынша дебиторлық берешектің бухгалтерлік есепте көрсетілуіне қатысты есеп саясаты туралы ақпаратты алдырту; дебиторлық берешектің тіркелімдерін алу және сол тіркелімдер негізінде айналым-қалдық ведомосындағы жиынтық сома мәліметтерінің сәйкестігін анықтау.

Дебиторлық берешекке ішкі аудит жүргізу кезіндегі аудиторлық процедуралардың тізімі (кесте 16).

Кесте 16 – Дебиторлық берешеккек ішкі аудит жүргізудің процедуралары

Процедуралар	Процедуралардың мазмұны
1. Сұрату жіберу	<p>Күмәнді қарыздар бойынша резерв құру мен сатып алушылар және тапсырыс берушілермен, жабдықтаушылармен есеп – айырысу бойынша дебиторлық берешектің бухгалтерлік есепте көрсетілуіне қатысты есеп саясаты туралы ақпаратты алдырту;</p> <p>Дебиторлық берешектің тіркелімдерін алу және сол тіркелімдер негізінде айналым-қалдық ведомосындағы жиынтық сома мәліметтерінің сәйкестігін анықтау.</p>
2. Растау	<p>Тауарларды (жұмыс, қызметтерді) сату бойынша операциялармен байланысты дебиторлық берешекті мерзімдері бойынша жабуға талдау жүргізу. Бухгалтерлік есеп шоттары бойынша көп мөлшердегі кредиттік қалдық сомалардың себебін анықтау, сонымен қатар дебиторлық берешекті жабу бойынша ақпараттарды алдырту.</p>
3. Арифметикалық қайта есептеу	<p>Шаруашылық жүргізуші субъектінің басшысымен дебиторлық берешектің жіктелуін, оның ішінде ұзақ мерзімді қарыздар бойынша мәліметтерді талқылау;</p> <p>Жай төленетін шоттар мен күмәнді қарыздар бойынша резерв құру тәртібі бойынша ақпараттарды алдырту;</p> <p>Өткен жылғы сәйкесінше кезеңдегі сатылған және қайтарылған тауарлар бойынша операциялардың орындалуларын қамтамасыз ету мақсатындағы шаруашылық жүргізуші субъектінің процедуралары туралы ақпаратты алдырту.</p>
4. Аналитикалық процедуралар	<p>Дебиторлық берешектің құрамында комиссияға берілген тауарларға жататын сомалардың бар екендігі және бұл операциялардың қаржылық (бухгалтерлік) есептілікте қалай көрсетілгендігі туралы ақпаратты алдырту;</p> <p>Бухгалтерлік баланс жасалған күннен кейін сатып алушыларға үлкен сомада несиелер берілген бе, егер берілсе, онда олар қаржылық (бухгалтерлік) есептілікте қалай ашып көрсетілгендігіне аналитикалық тексеру жүргізу.</p>
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [105]	

Дебиторлық берешекті тексеру үшін ақпарат көздері болып мыналар табылады: өнімдерді (істелінген жұмыс, көрсетілген қызмет) қоюдың келісім шарттары, накладнойлар, шот-фактуралар, есеп-айырысулар бойынша салыстыру актілері, өзара талап бойынша есепке алу хаттамалары, есеп-айырысудың түгендеу актілері, вексельдер, төлем құжаттарының көшірмелері, сатып алу кітаптары, сату кітаптары, аванстық есептер, 1251 «Есеп беруге тиісті тұлғалармен есеп айырысу» 1210 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі», 3310 «Жабдықтаушылар мен мердігерлердің қысқа мерзімді кредиторлық берешегі» шоттары бойынша есеп тіркелімдері, айналым-қалдық ведомосы, қаржылық (бухгалтерлік) есептіліктер және т.б.

Т.В. Миргородская өз жұмысында аудитор тексеруге берілген материалдардың мәлімет көздерін қолданбастан бұрын, аудитордың алдында

олардың бекітілген заң нормаларына сәйкестігін тексеру міндеті тұруы қажет деп жазады. Есеп саясаты туралы бұйрық бойынша аудитор ұйымда жасалған шоттардың жұмыс жоспарымен, бухгалтерлік есеп формаларымен және есептік тіркелімдерінің тізімімен, құжат айналымымен, дебиторлық берешекті түгендеуді ұйымдастыру тәртібімен танысады. Дебиторлық берешекті ішкі аудиторлық тексеру барысында аудитор бухгалтерлік баланс негізінде дебиторлық берешектің жағдайы мен қозғалысын анықтайды, егер мерзімі өтіп кеткен қарыз болса, оны бөліп көрсетеді [106].

Аудитор анықтамалар бойынша алынған және берілген вексельдердің, нақты өзіндік құн бойынша қойылған өнімдердің (жұмыстар мен қызметтердің) қозғалысын, сонымен қатар ең көп қарыздары бар дебитор-ұйымдарды анықтайды.

Синтетикалық және аналитикалық есеп мәліметтері бойынша аудитор мыналарды анықтайды:

- 1) контрагенттерді және олардың санын;
- 2) қолданатын төлем нысандарын;
- 3) аналитикалық есеп жағдайын;
- 4) стандарттық емес бухгалтерлік проводкалар және т.б.

Дебиторлық берешекті тексеру барысында жіберілетін негізгі қателіктер болып мыналар табылады:

- 1) өнімдерді қоюда келісім шарттардың болмауы;
- 2) алғашқы есеп-айырысу төлем құжаттарының болмауы немесе толық емес рәсімделуі;
- 3) есепті тиісті емес реті бойынша жүргізу;
- 4) дұрыс емес рәсімдеу және келісім шарттар бойынша шағым келтіру.

З.Н. Ажибаева дебиторлық берешек капиталдың айналу формасы ретінде өндіріс пен ақшаның өзара аралығындағы сатысы болып табылады, бір жағынан алғанда дебиторлық берешектің пайда болуымен өндірістік саты аяқталады, бірақ басқаша алғанда ақшалай сатысы әлі жаңарған жоқ. Бірақ та қаржылық есептілікте сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қарыздарынан бөлек дебиторлық берешектің басқа да түрлері көрсетілуі мүмкін. Мысалы, жабдықтаушыларға аванс ретінде аударылған қарыз, ұйымның басқарушы және қызметкерлерінің қарызы және т.б. Бұларды аудитті жоспарлаған кезде есепке алу қажет, себебі дебиторлық берешектің бірнеше түрлерін тексергенде келісуге боларлықтай көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді деп жазады [107].

Жекелей алғанда салалық, құқықтық және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржы – шаруашылық қызметіне әсер етуші сыртқы факторлар туралы ақпаратты, аудиттелетін субъектінің қызметінің сипаты, мақсаты және стратегиялық жоспарлары, солармен байланысты шаруашылық қызметтегі тәуекелдіктер, ұйымның негізгі экономикалық көрсеткіштері және олардың өзгерісінің дамуының беталысына әсер етуші ішкі факторлар жайлы

ақпарат алуы қажет. Аудитті алдын ала жоспарлау сатысында аудитор аудиттелінетін субъектімен толық танысу үшін барлық қажетті ақпаратты алуы қажет. Ішкі аудитті алдын ала жоспарлау сатысында талдау жүргізу (кесте 17).

Кесте 17 – Ішкі аудитті алдын ала жоспарлау сатысында талдау жүргізу әдістемесі

Бағыт	Ақпарат көздері	Қолданылатын әдістер
Жалпы мәлімет	Құрылтайшылық және тіркеуге алу құжаттары, аудитордың жеке байқауы, қызметкерлердің түсініктері	Құжаттарды жинау, жұмысшылардан сұрақ алу
Өткен жылғы аудиторлық тексерулер	Аудиторлық қорытынды мен аудиторлардың есебі, кеңес беру және аудиторлардың сұрақтарына жауап беру	Құжаттарды жинау
Қызмет масштабы	Бухгалтерлік және статистикалық есептілік, қызметкерлердің түсініктері, бизнес – жоспарлар мен сметалар, ішкі есептер	Құжаттарды жинау, жұмысшылардан сұрақ алу
Негізгі қызмет түрлері	Құрылтайшылық құжаттар, қаржылық есептілік, қызметкерлердің түсініктері, бизнес – жоспарлар мен сметалар, жарнамалық жариялымдар, лицензиялар, статистикалық мәліметтер, тартылған сарапшылардың қорытындылары, мамандандырылған семинарлардың материалдары және конференциялар	Құжаттарды жинау, жұмысшылардан сұрақ алу
Баға белгілеудің ерекшеліктері	Шаруашылық келісім шарттары, ішкі есептер, прайс-парақшалары, қызметкерлердің түсініктері, бизнес – жоспарлар мен сметалар, статистикалық мәліметтер, тартылған сарапшылардың қорытындылары, бөтен ұйымдардың сұрақтарына жауап	Құжаттарды жинау, жұмысшылардан сұрақ алу, сарапшыларды тарту
Фирманың іскерлік белсенділігі	Қызметкерлердің түсініктері, статистикалық мәліметтер, басылымдарда жариялау, тартылған сарапшылардың қорытындылары, мамандандырылған семинарлардың материалдары және конференциялар, бөтен ұйымдардың сұрақтарына жауап	Құжаттарды жинау, жұмысшылардан сұрақ алу, сарапшыларды тарту
Кадрлық саясат	Штаттық кесте, еңбек және ұжымдық келісім шарттар, кадрлар бойынша бұйрықтар, ішкі есептер, аудитордың жеке байқауы	Құжаттарды жинау, жұмысшылардан сұрақ алу
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [108]		

Сондай-ақ, сатылған өнім мен дебиторлық берешек туралы жалпы мәліметтерді алу қажет. Мұндай ақпарат әртүрлі құжаттарда, есептік тіркелімдерде, жазбаша немесе ауызша түрде болуы мүмкін және ұйым басшысымен сұрақ, сауал-сұрақ, өзара жазысқан хат – хабарлар кезінде тапсырылады.

А.В. Войко дебиторлық берешектің есебі, пайда болуы, оларды бағалаудың дұрыстығына қатысты жалпы мәліметтерді жинай отырып, аудиторға минималды ақпарат тізімін анықтау қажет, бұл ақпарат аудитке дайындық кезінде сұрақ, байқау, құжаттық тексеру жүргізу барысында аудитордың өзімен алынады. Мұндай тізім стандартты болуы мүмкін, аудиторлық фирмамен жасалынады және қажет болған жағдайда клиенттің өзгешелігін есепке ала отырып аудитормен толықтырылады деп жазады [109].

Ары қарай дебиторлық берешектің ішкі аудитін алдын ала жоспарлау сатысында аудитор аналитикалық есеп мәліметтерін пайдалана отырып, дебиторлық берешекті талдау кезінде қолданылатын қаржылық коэффициенттерді бағалау қажет, дебиторлық берешектің айналымдылығы, дебиторлық берешекті жабу кезеңі (кесте 18).

Кесте 18 – Дебиторлық берешектің айналымдылығын бағалау көрсеткіштері

Көрсеткіш	Есептеу формуласы	Экономикалық мазмұны
1	2	3
Дебиторлық берешектің айналымдылығы $K_{АЙДБ}$	$K_{АЙДБ} = \frac{T}{ДБ};$ Мұндағы, Т – тауарларды, өнім-дерді сатудан, көрсетілген қызметтен, істелген жұмыстан түскен табыс; ДБ – дебиторлық берешек қалдығының орташа мөлшері.	Ұйымға берілген коммерциялық несиенің кеңейгендігін немесе төмендегенін көрсетеді. Егер коэффициентті есептеу кезінде сатудан түскен түсім меншік құқығына өтті деп есептелсе, онда коэффициенттің өсуі несиеге сатудың азайғандығын көрсетеді, ал оның төмендеуі берілген несие көлемінің өскендігін куәландырады.
Дебиторлық берешекті жабу кезеңі $Ұ_{зДБ}$	$Ұ_{зДБ} = 360 / K_{АЙДБ}$ мұндағы, $K_{АЙДБ}$ – дебиторлық берешектің айналымдылығы	Неғұрлым жабу кезеңі ұзақ болған сайын, соғұрлым оны жаппау тәуекелдігі жоғары болады. Бұл көрсеткішті заңды және жеке тұлғалар, өнімдердің түрлері, есеп-айырысу шарттары, яғни келісімдердің қорытындыларының жағдайлары бойынша қарастыру керек.
Айналым құралдарының жалпы көлеміндегі дебиторлық берешектің үлесі $Үдз$	$Үдз = ДБ / АА \times 100,$ мұндағы, АА-айналым активтері	Неғұрлым бұл көрсеткіш жоғары болған сайын, соғұрлым ұйым мүліктерінің құрылымы азырақ ұтымды.
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [110]		

Бұл талдау ұйымның жалпы активіндегі дебиторлық берешектің үлесін, сонымен қатар дебиторлық берешектің құрамы мен қозғалысын бағалау үшін қажет. Алынған мәліметтер негізінде аудитор жоспарлаудың келесі сатысында маңыздылық деңгейін, тексерілетін объектілердің құрамы мен көлемін бағалайды. Одан басқа, бұл мәліметтер аудитті жүргізу әдісін анықтау, яғни жаппай тұтас немесе ішінара тексеру үшін қажет. Осы жоспарлау сатысындағы аудитордың келесі маңызды қадамы болып дебиторлық берешектің ішкі бақылау жүйесін дәйекті, сенімді түрде алдын ала бағалау табылады. Себебі, ішкі аудит ішкі бақылау жүйесінің бір элементі болып табылады. Аудиторлық ұйым бухгалтерлік есептіліктің растылығына жеткілікті дәрежеде сенімді болу үшін ішкі бақылау жүйесіне сенім артуға шешім қабылдайды, сонымен қатар ол соған лайықты келесі аудит көлеміне түзету енгізу қажет.

Аудитор дебиторлармен есеп-айырысуға жүргізілген түгендеу материалдарын оқып үйреніп, дебиторлық берешектің ішкі бақылау жүйесін бағалайды. Есеп-айырысуларды түгендеудің нәтижелері актілермен рәсімделеді, сондықтан ішкі бақылау жүйесін бағалау барысында бұл актілер тексеріледі. Аудитор актіде түгендеу жүргізілген шоттардың атауын және дебиторлық берешектің сомаларын, үмітсіз қарыздарды, талап ету мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті оқып үйренеді. Дебиторлық берешектің пайда болу себептері мен оған кінәлілар анықталады.

Дайындық сатысында ішкі аудитордың жұмысының нәтижелері, осы аудиторлық зерттеу әдістемесін ашып көрсететін дебиторлық берешекке ішкі аудит жүргізудің жоспарымен рәсімделеді. Мұнай-газ салалары ұйымдарында дебиторлық берешекке ішкі аудитті біздің әзірлеген әдістеме бойынша жүргізуге болады (кесте 19).

Кесте 19 – Дебиторлық берешекке ішкі аудит жүргізудің әдістемесі

Жүзеге асырылатын процедуралардың реті	Ақпарат көздері	Қолданылатын әдіс-тәсілдер
1	2	3
1. Қаржылық есептілікті жалпы шолу	Ұйымның қаржылық жағдайы туралы есебі, жиынтық пайда туралы есебі, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебі, капиталдағы өзгерістері жайлы есебі	Салыстыру, іріктеу
2. Қаржылық есептілікті және бухгалтерлік есеп шоттары бойынша айналым-қалдық ведомосын кешенді шолу	Ұйымның қаржылық жағдайы туралы есебі, жиынтық пайда туралы есебі, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебі, капиталдағы өзгерістері жайлы есебі, бас кітап, айналым-қалдық ведомосы, түсіндірме жазба	Талдау, синтездеу
3. Ішкі бақылауға жататын ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің кезеңдерін анықтау	Ішкі аудиторға ұсынылған құжаттар	Аналитикалық

19-кестенің жалғасы

1	2	3
4. Сәйкес кезең ішінде жүргізілген операциялардың ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінде толық және дұрыс көрсетілуіне аудит жүргізу	Ішкі аудиторға ұсынылған құжаттар	Өзара бақылау, қарама-қарсы тексеру, басқа да әдістер
5. Есеп айырысулардың аналитикалық есебін айналымдарымен бірге синтетикалық есеп шоттары мәліметтерімен салыстыру	Ішкі аудиторға ұсынылған құжаттар	Өзара бақылау, қарама-қарсы тексеру, басқа да әдістер
6. Қаржы-шаруашылық қызметтің тіркелуін тексеру	Ішкі аудиторға ұсынылған құжаттар	Құрылтайшылық шарт
7. Алғашқы есеп құжаттарының заңдылығын тексеру	Ішкі аудиторға ұсынылған құжаттар	Талдау, нормативтік-құқықтық реттеу
8. Қарыздың шынайылығын тексеру	Ішкі аудиторға ұсынылған құжаттар	Талдау, салыстыру, қарама-қарсы тексеру
9. Дебиторлық берешекке түгендеу жүргізу және оның нәтижелерінің дұрыстығын тексеру	Дебиторлармен есеп айырысуға жүргізілген түгендеудің актісі	Талдау және салыстыру
10. Қаржылық есептілік көрсеткіштерінің құрылуының дұрыстығына аудит жүргізу	Ұйымның қаржылық жағдайы туралы есебі, жиынтық пайда туралы есебі, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебі, капиталдағы өзгерістері жайлы есебі, айналым-қалдық ведомосы	Баланстық көрсеткіштердің өзара байланыстылығы
Ескерту – Автормен құрастырылды		

Аудиттелетін субъектінің ішкі бақылау жүйесін алдын ала дұрыс бағалау аудиторға аудит жоспарын жасауға мүмкіндік береді, ол жоспарда аудит процедураларының көлемі, түрлері, саны анықталады. Аудит жүргізу барысында бұл тексеру расталынады және анықталынады. Онымен бірге аудиторлық тексеру жүргізудің сипаты, көлемі және уақытша шегі дәлелделінеді. Ұйымда ішкі аудитор бар болған кезде, сыртқы аудитор олардың дәйектілігін алдын ала тексеріп, жұмыстарының нәтижесін пайдалана алады. Дебиторлық берешектің ішкі бақылау жүйесінің жағдайын алдын ала бағалау нәтижелері аудитті жоспарлаудың келесі сатысында колданылады.

Ұйымдағы бар есеп-айырысуларды түгендеу материалдарын бағалау анықталған айырмашылыққа, қиыспаушылыққа, түсініксіздіктерге көңіл

аударып, оларды топтап жинақтауға мүмкіндік береді. Дебиторлық берешекке аудит жүргізген кезде ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін бағалау (кесте 20).

Кесте 20 – Дебиторлық берешекке аудит жүргізген кезде ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін бағалау

Сұрақтар	Иә/Жоқ	Ескерту
Дебиторлық берешектің пайда болу себептері мен күнтізбелік уақыты анықталған ба	Иә	
Бөлімшелердің құрылымдық ұйымдастырылуының, олардың лауазымды тұлғаларын көрсетумен жасалған сызба бар ма және ол бекітілген бе	Иә	
Құжаттарды бақылау және оларды өңдеу мерзімдерінің көрсетілуімен, сол жұмыстардың нақтылы орындалуына жауапты тұлға мен бөлімшелер арасындағы өзара байланыс бар ма, құжат айналымының кестесі жасалған ба немесе бекітілген бе	Иә	
Есеп-айырысуларға түгендеу жүргізілген бе	Иә	
Қаржылық жоспар бар ма	Иә	
Дебиторлардың берешектің бар екендігін мойындататын, олармен жасалған салыстыру актілері немесе хаттары бар ма	Иә	
Талап ету мерзімі өтіп кетпегендігі анықталған ба (3 жыл)	Иә	
Қарыздарды өндіріп алу үшін шаралар қолданыла ма	Иә	
Ұйымдармен қарама-қарсы тексеру жүргізіле ме немесе ұйымдастырыла ма	Иә	
Ескерту – Автормен құрастырылды		

P.Coetzee мен D. Lubbe еңбектерінде аудитор ішкі аудиттің жалпы жоспарын құру сатысында ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін және дебиторлық берешектің бухгалтерлік есебін егжей-тегжейлі бағалайды. Аудитор осы сатыда дебиторлық берешектің ішкі аудитін бағалау үшін ұйымның дебиторлармен операцияларының реттілігі мен дебиторлық берешекті бақылауда қолданылатын процедуралар туралы ақпарат алады. Ішкі аудитті бағалау кезінде аудитор сатуға жасалған келісім шарттардың бірнешеуін ішінара тексереді және оларды нақты сату кезіндегі ұйымдағы баға анықтамалығымен және стандарттық төлем шарттарымен салыстырады. Осы сатыдағы дебиторлық берешектің ішкі аудитінің маңызды процедурасы болып сатуға санкция беру немесе рұқсат ету табылады, бұл жағдай уәкілетті тұлғаның өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудағы келісім шарттарына, шот-фактураларға, өнімдерді жіберу накладнойларына виза қою жолымен жүзеге асырылады [111].

P.Coetzee мен D. Lubbe пікірлеріне қосыла отырып, біздер тексеру барысында төмендегі сұрақтар қаралуы тиіс деп санаймыз:

1) Ұйымда шот-фактураларды реттеп жазып отыратын тұлғаларды анықтайтын құжат бар ма, шын мәнінде оларды уәкілетті тұлға жазып отыра ма;

2) дебиторлық берешектің бухгалтерлік есебінің тіркеліміндегі мәліметтер сәйкесінше шот-фактуралармен расталынады ма.

M.S Badara, S.Z. Saidin бухгалтерлік есепте қарыздарды жабуға келіп түскен қаражаттардың дұрыс көрсетілуі мен өз уақытында жабуға бақылау процедурасы бағаланады (дебиторлармен есеп-айырысуларды мезгіл-мезгіл салыстыра тексеру, ақша қаражаттарының түсуінің бухгалтерлік есепте тіркелулерін тексеру) деп жазады [112].

Дебиторлық берешекті тексерудің мұндай сатысында операцияларды және дебиторлық берешекті тексеру үшін сальдоны іріктеуде аудитор дебиторлық берешекті тексеру бойынша аудиторлық процедураларды жүргізудің көлемін, сипатын және уақытша шегін анықтауы қажет. Ұйым қызметінің ерекшелігіне байланысты аудитор тек қана сальдоны тексеріп қоймай, сондай-ақ дебиторлық берешектің пайда болуы бойынша операцияларды да тексеруі керек.

R. Nishizaki, Y Takano, F. Takeda еңбектерінде дебиторлық берешектің ішкі аудитін бағалаудың мақсаты болып ажырамайтын тәуекелден, қаражаттарды бақылау тәуекелінен және көрінбейтін тәуекелден тұратын жиынтық аудиторлық тәуекелді азайту табылады деп жазады. Сонымен қатар, жиынтық аудиторлық тәуекелдің жоғары дәрежеде болуына көптеген факторлар әсер етеді, олар мыналар:

1) дебиторлық берешектің есебі бойынша кейбір шаруашылық операциялардың күрделі болуы, оларды дұрыс рәсімдеу үшін орындаушының жоғары дәрежелі білікті маман болуын талап ету;

2) дебиторлық берешектің есебі бойынша шаруашылық операциялардың бар болуы оларды бухгалтерлік рәсімдеуде орындаушының субъективті пікіріне толықтай немесе жартылай негізделеді, яғни басқаның пікірімен есептеспей, өз пікірінше ғана бағалау;

3) дебиторлық берешек есебі бойынша шаруашылық операциялардың бар болуы, оларды дұрыс рәсімдеу тәртібі [113].

Біздің пікірімізше, аудиттік тексеру процедурасын оңтайландыру және аудиторлық тәуекелді төмендетуге мүмкіндік туғызу үшін аудит жоспарын жасау кезінде дебиторлық берешектің аудитін екі түрге бөлуге болады:

1) дебиторлық берешектің ішкі аудиті;

2) дебиторлық берешектің сыртқы аудиті.

Дебиторлық берешектің аудитін жоспарлаудың осы сатысында онан ары бухгалтерлік есептіліктің сәйкесінше баптарын елеулі бұрмалауға әкелетін факторлар ескерілуі керек.

Жүргізілген талдау негізінде аудитор тексеру үшін маңыздылық деңгейінің мәні қандай болатынын және есеп айырысу шоттары бойынша айналымдар мен

олардың қалдықтарының ерекшеліктері, сондай-ақ аудитор есептің қандай баптарын ерекше мұқият оқып үйренетіндігін және қандай жағдайда аудиторлық талғау мен аналитикалық процедуралар қолданатындығын шешуге тиісті. Ал мұның бәрі жалпы аудиторлық тәуекелдікті келісуге боларлықтай төменгі деңгейге азайту үшін қажет.

О.М. Куиашко дебиторлық берешектің аудитінің бағдарламасын тексеру әрекеттерін негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асырудан тұратындығын көрсеткен (қаржылық есептіліктерді дайындаудың алғы шарттарынан):

- 1) дебиторлық берешектің болуы;
- 2) дебиторлық берешекті дәл өлшеу бағасының құнын растау;
- 3) дебиторлық берешек туралы ақпараттарды ашу және тапсыру.

Аудитор тексеруге кірісерде мыналарды анықтау қажет:

- 1) баланстың сәйкесінше баптары бойынша қарыздардың қалдықтары дұрыс көрсетілген бе;
- 2) қарыздардың пайда болу себептері;
- 3) мерзімдері өткен қарыздар;
- 4) кімнің кінәсінен қарыздар жіберілген;
- 5) алыну растылығы;
- 6) ұйым басшысымен қарыздарды жабу немесе өндіріп алу үшін қандай шаралар қолданылған.

Әсіресе даулы қарыздарды мұқият тексеру талқыға салынады. Дебиторлық берешектің залалға қаншалықты негізді және заңды апарылғандығы тексеріледі, залалдың болуына кінәлі тұлғалардың жауапқа тартылғандықтары анықталуы тиіс, дебиторлық берешекті есептен шығару бойынша операциялардың есепте дұрыс көрсетілуін тексеру, сонымен қатар тексеру кезінде талапты қабыл алмау себебін анықтау қажет [114].

Дебиторлық берешектің ішкі аудитіне тексеру жүргізген кезде, біріншіден 1251 «Есеп беруге тиісті тұлғалармен есеп айырысу» шотының қалдығы мен айналымын мұқият зерттеу керек. Бұл кезде ауызша сұрақ жүргізу сияқты аудиторлық процедураларды қолдана отырып, келесідей жағдайларды анықтау қажет:

- сәйкесінше баланс баптары бойынша қарыздардың қалдықтары дұрыс көрсетілген бе;
- қарыздың пайда болу уақыты;
- есеп беруге тиісті тұлғалардың қарызды жабу шынайылығы;
- қарыздарды өз уақытында өндіріп алу бойынша ұйымның басшысымен қандай шаралар қолданылды;
- алғашқы дәлелді құжаттар дұрыс және заңды рәсімделген бе;
- есепке ақша алуға құқық берілген тұлғалар ұйым басшысымен анықталған ба.

С.М. Бычкова аудит бағдарламасы бір мезгілде бақылау құралы және жұмыстардың тиісті реті бойынша орындалуын тексеру құралы ретінде қызмет

етуі мүмкін. Дебиторлық берешектің аудиті кезінде аудитор оның құрамына төмендегі қарыздардың кіргендігін есепке алу керек:

– «Тауар-материалдық қорларды қоюға берілген қысқа мерзімді аванстар» шотының дебеті бойынша;

– «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» шотының дебеті бойынша және т.б. шоттар бойынша тексеру жүргізу керек [115].

Біздің пікірімізше, аудит бағдарламасы дебиторлық берешектің ішкі аудиті бойынша тексеру кезінде келесі шоттарды тексеруден тұрады:

– 1250 «Жұмысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық қарызы», жұмысшылардың дебиторлық берешегінің бар болуы мен қозғалысына байланысты операцияларда жүргізіледі:

– есеп беруге тиісті тұлғаның активтерді сатып алу үшін, іс-сапар қызметтеріне және т.б. берілген ақша қаражаттары;

– Жұмысшыларға берілген қарыздар (зайымдар), несиеге (кредитке) сатылып алынған тауарлар үшін есеп-айырысулар (1253);

– Сонымен қатар ұйымға жұмысшылардан және басқа да тұлғалардан келтірілген материалдық залалды қайтару бойынша есеп-айырысулар (кем шығу, талан-тараж, бұзылған және басқалар) (1252).

Ең маңыздысы 1251 «Есеп беруге тиісті тұлғалармен есеп-айырысу» шотының айналымы мен қалдығын мұқият тексеру керек.

Тексеру кезінде мыналарды анықтап алу қажет:

– баланстың сәйкесінше баптары бойынша қарыздардың қалдықтары дұрыс көрсетілген бе;

– берешектің пайда болу мерзімі өтуі;

– есеп беруге тиісті тұлғалардың қарыздарын өтеуінің шынайылығы;

– қарызды өз уақытында өндіріп алу бойынша ұйым басшысымен қандай шаралар қолданылды;

– алғашқы расталынатын құжаттар дұрыс рәсімделген бе;

– қандай тұлғалардың есебіне ақша қаражаттарын алуға құқық берілгендігі туралы ұйым басшысымен анықталған ба.

А.К. Макальская дебиторлық берешектің ішкі және сыртқы есебі бойынша операциялардың аудитін тексеру кезінде келесідей әдістер мен тәсілдерді қолданады:

1) түгендеу;

2) қайта есептеу;

3) растау;

4) жеке шаруашылық операциялардың есебі ережелерінің сақталуын тексеру;

5) ауызша сауал;

6) құжаттарды тексеру;

7) егжей-тегжейлі тексеру;

8) аналитикалық процедуралар [116].

Аудитор есеп-айырысу операцияларының ішкі бақылауын ұйымдастырылуын тексереді, ол үшін тексеру тестілерін құрастырады. Тестілеу мәліметтерінің негізінде аудитор сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулардың жағдайын бақылау қаншалықты қазіргі заман талабына жауап беретіндігін, сонымен қатар есеп айырысулардың есебінің қойған міндеттерінің орындалуын анықтайды. Егер, қате жіберу ықтималдығы жоғары болса, онда аудиторға бухгалтерия тарапынан көңіл бөлінбеген немесе ішкі бақылауға алынбаған есеп бөлімдері мен сұрақтарды тексеру бағдарламасына енгізуді талап етіледі. Ұйымда сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысуларға тексеру жүргізу үшін аудит тестілері жүргізіледі (Қосымша В).

М.Қ. Қалибаев «Дебиторлық қарыздардың ішкі аудиті» атты мақаласында дебиторлық берешектің ішкі аудиті аудиторлық тексерудің маңызды сатысы ретінде аудитті жоспарлаудың нәтижесіне негізделеді, сондай-ақ аудиттелетін субъектінің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, аудит жүргізудің қолайлы жолдары мен стратегиясын әзірлейді. Тұжырымдалған міндеттерге сәйкес, аудитті жоспарлау бойынша теориялық материалдар жинақталды және жоспарлаудың негізгі сатылары анықталды:

- 1) алдын ала жоспарлау;
- 2) аудиттің жалпы жоспарын жасау;
- 3) аудиттің бағдарламаларын жасау.

Аудитті жүргізу шарттары мен аудит процедуралары нәтижелерінің өзгерулерінен аудиттің жалпы жоспары мен оның бағдарламасы күтпеген нәтижелер мен жағдайлардың ауысуларына байланысты қажетінше қайта қаралуы немесе анықталынуы қажет, яғни аудитті жүргізу барысында оның жоспары мен бағдарламасына түзету енгізілуі мүмкін [117].

Myrzabek K. Kalibayev «Audit of accounts receivable as an essential element of organization management» атты мақаласында ішкі аудит жақсы жолға қойылған ұйымдарда, сыртқы аудиторлар оның мәліметтерімен толық келісулері мүмкін, яғни босалқылардың қалдығын санамай-ақ, егер толығымен түгендеу жүргізілген болса, онда ішінара тексеру жүргізу көмегімен және түгендеу тізімін мұқият оқып үйрену бойынша олардың мәліметтеріне сенім артуы мүмкін. Ішкі аудиторлар жыл сайынғы қаржылық есептілікті тексерумен байланысты жұмыстардың орындалулары бойынша сыртқы аудиторларға көмек көрсетулері мүмкін [118].

В.В. Бурцев қазіргі нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік қызметті жүргізуде бақылаудың алатын орны ерекше, себебі ол ұйымның алға қойған мақсаттарына жетуінің кепілі болып табылады, сондай-ақ ұйымның дамуының мәселелері бойынша тиімді және жедел шешім қабылдау үшін қажет. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыс істеу үрдісінде әртүрлі жағдайлардың туындауы мүмкін, атап айтқанда, ұйымның қаржылық жағдайы

және есеп-айырысудың жай-күйі, сондай-ақ ұйымның төлем қабілеттілігін бұрмалануы. Бүгінгі таңда іс жүзінде барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер есеп айырысудың ішкі бақылау жүйесіне көп көңіл бөледі, атап айтқанда, сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулардың есебіне. Дебиторлық берешек операцияларын бақылау ұйымда ақша ағыны қозғалысының уақытылығын қамтамасыз ету және оны өтеу бойынша контрагенттердің жауапкершілік деңгейін арттыру болып табылады. Алайда, кейде қарыздың толық және уақытылы қайтарылатындығына сенім жоқ. Мұндай жағдай шаруашылық субъектілерінің қаржылық жағдайының нашарлауына әкеледі. Сондықтан, дебиторлық берешек операцияларына бақылау жасау ерекше назар аударуға лайық болғандықтан, ол қателер мен қиянат етушіліктен қорғауды қамтамасыз етеді және ұйым мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [119].

Ғылыми әдебиетте бұл сұрақтың кеңінен жарық көргендігіне қарамастан, бухгалтерлік есептің дербес объектілері ретінде монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешек мәселелеріне баса көңіл аударылмаған, мұның бәрі мұндай операцияларға ішкі бақылаудың пәрменді әдістемесінің болмауы салдарынан болып отыр. Зерттеудің мақсатына сәйкес, дебиторлық берешек операцияларының ішкі бақылау әдістемесін әзірлеу экономикалық талдауды жүзеге асыру үшін қажетті қаржылық есептілік көрсеткіштері мен бухгалтерлік есеп мәліметтерін растауға мүмкіндік береді. Қазіргі замандағы нарықтық экономика жағдайында кез келген ұйым қызметінің түріне байланысты ішкі бақылауды жүзеге асыру үшін жаңа тәсілдерді қолданады. Осыған байланысты, бақылаушы монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешекпен байланысты операцияларды тексеруді жүзеге асыру кезінде бақылаудың принциптерін, тәсілдері мен әдістерін және оларды қолдану тәртібін таңдауда мәселелер туындайды. Монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешек операцияларын ішкі бақылаудың әдістемелік кезеңі бақылаушымен жүзеге асырылатын белгілі бір іс-қимыл тәртібінен тұрады.

Ішкі бақылаудың бірінші кезеңінде түгендеу жүзеге асырылады, түгендеудің мақсаты – дебиторлық берешек қалдықтарын тиісті құжаттар бойынша анықтау және сомалардың негізділігін мұқият тексеру. Есеп айырысуларға түгендеу жүргізу кезінде, түгендеу комиссиясы контрагенттерге, сатып алушылар мен тапсырыс берушілерге, олардың берешегінің сомасын растау үшін сұрау салулар жібереді. Түгендеу комиссиясы дебиторлық берешекті бухгалтерлік есепте мойындау, бағалау және өтеу мәселелеріне, мерзіміне, пайда болу күндеріне тексеру жүргізуге ерекше назар аударуы керек. Түгендеу комиссия мүшелері монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешектің пайда болу мерзімін белгілейді, оның нақтылығын, талап ету мерзімін өткізіп алған кінәлі адамды, сондай-ақ мұндай берешектерді өндіріп алу бойынша қабылданған шараларды тексереді.


Нақты дебиторлық берешек сомасының болуына жүргізілген тексерудің нәтижесі бойынша, түгендеу комиссиясы түгендеу актісін жасайды. Түгендеу актісінде бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша қарыз сомалардың мөлшері мен түгендеудің нәтижелері туралы ақпараттар, сондай-ақ осы сомалардағы ауытқулар көрсетіледі. Кемшіліктер, алшақтықтар орын алған жағдайда, олар түгендеу актісінде көрініс табады. Түгендеу актісі осындай берешектің өтеу мерзімдерін және мерзімі кешіктірілген төлемді тиімді бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін материал болып табылады. Бұл материалды ұйым басшысына ішкі есеп беруді негіздеуде бақылаушы қолданады. Демек, монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешекке түгендеу жүргізу бухгалтерлік есеп шоттарында және қаржылық есептілікте осындай берешектің негізделген сомаларын дәйекті көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. Түгендеуден кейін бақылаушы құжаттық бақылаудың тәсілдерін қолданады, атап айтқанда, формальды, арифметикалық, логикалық, нормативтік-құқықтық, өзара және қарсы тексеру.

Ішкі бақылаудың жоғарыда аталған тәсілдерінің көмегімен, бірінші кезекте, өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) барлық жеткізу шарттарының болуын орнату қажет, факторингтік қызмет көрсету мен баспа-бас айырбас келісім-шарттарын жүзеге асыру, сондай-ақ келісім шарттарын тіркеу журналында тіркеу фактісін орнату. Келісім шарттарды талдау кезінде дебиторлық берешекті төлеудің нысаны мен мерзімін тексеру қажет. Бұл төлемеу тәуекелділігін азайту, келісім шарт тараптарымен өз міндеттемелерін орындау сенімділігін жақсарту және контрагенттермен есеп айырысу жылдамдығын қамтамасыз ету үшін қажет. Бақылаушыға, сондай-ақ жөнелтілген өнімдерге (тауарларға, жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) қатысты алғашқы құжаттарды рәсімдеудің дұрыстығын, сатып алушылар мен тапсырыс берушілерге төлеу үшін қойылған шоттарды бухгалтерияға өз уақытында берілуін тексеру қажет.

Бақылаушы монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешекті тексеру және құжаттарды рәсімдеу кезінде туындайтын қателіктер мен дәлсіздіктерді жиі анықтайды:

- банк көшірмелерін басқалармен ауыстыру немесе дебиторлық берешектің жабылғандығын куәландыратын сәйкесінше сомаларға түзетулер;
- алғашқы құжаттарда көрсетілген сомалардың сәйкес келмеуі;
- дебиторлық берешектің пайда болуы және тауарларды тиеуде негіздеме болып табылатын келісім шарттардың болмауы немесе дұрыс емес рәсімделуі.

Осындай бұзушылықтар бухгалтерлік шоттарда дебиторлық берешекпен байланысты жалған мәмілелерді тіркеуді куәландыруды білдіруі мүмкін. Сондықтан, біз монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешек операцияларын ішкі бақылаудың әдістемелік кезеңін ұсынып отырмыз (сурет 5).



Сурет 5 – Монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешек операцияларын ішкі бақылаудың әдістемесі

Ескерту – Автормен құрастырылды

Ішкі бақылаудың үшінші кезеңінде бухгалтерлік есепте монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешекті көрсетуді тексеру жүзеге асырылады.

Бақылаушы келесідей бақылау процедураларын жүзеге асырады:

– бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте бұрмаланған деректерді болдырмау мақсатында монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешекті бағалау әдісін таңдау;

– күмәнді қарыздарға резерв есептеу мен құрудың дұрыстығын, есептеу әдісін, мерзімін және есептеу қажеттілігін таңдау, сондай-ақ оны бухгалтерлік есеп шоттарында көрсету (монетарлық дебиторлық берешек);

– монетарлық емес дебиторлық берешектің бухгалтерлік шоттарда дұрыс көрсетілуін атап айтқанда, факторинг және баспа-бас айырбас операциялар;

– монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешек бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру нысаны;

– монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешек бойынша талдамалық және топтамалық есепті дұрыс жүргізу.

Мысалы, монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешекті бағалау әдісін тексеру, монетарлық дебиторлық берешекке күмәнді қарыздарға резерв есептеу әдісін таңдау үшін бақылаушыға, ең алдымен есеп саясаты туралы Ережеде есептеу әдісі туралы ақпараттың және бухгалтерлік есепте көрсетілу әдістемесінің бар болуына назар аударуы қажет.

Монетарлық емес дебиторлық берешекті тексеруге ерекше назар аудару керек, атап айтқанда, факторинг операцияларына.

Бұл ретте мыналарды тексеру қажет:

– факторингтік операциялардың есептік көрсетудегі анықтығы мен дұрыстығы;

– жеке тұлғалардың қарыздық міндеттемелерін, шаруашылық субъектілерінің филиалдары мен бөлімшелерінің міндеттемелерін, аванс сомасын, өтемақы немесе баспа-бас мәмілелер, келсім шарт бойынша факторингтік қызмет көрсету сомасына дейін қосу;

– факторингтік операцияларды жүзеге асыру кезінде ұйым қандай тәуекел көтереді: валюталық немесе төленбеу тәуекелі, атап айтқанда, факторинг кезінде регресс құқығымен және регресс құқығынсыз түрлерін қодану.

Факторингтік операцияларды тексеру кезінде ерекше назарды факторингтің регресс құқығына аудару қажет, өйткені ұйымда дебиторлық берешектің өтелмеу қаупінің қалуы мүмкін. Бұл ұйымды қарызды жабуға мәжбүр болуына алып келеді. Осы орайда, бақылаушыға оны баланстан тыс шотында «Күтпеген міндеттемелер» көрсетуге ерекше назар аудару қажет. Өртүрлі дебиторлармен есеп айырысуларға тексеруді жекелеген баланстық шоттар бойынша жүргізген орынды. Есеп айырысулардың талдамалы және топтамалы есебінің тіркелімдері бойынша тексеру мезетінде қарыз сомасының

сәйкестігін анықтау қажет, ал анықталған айырмашылықтарды бақылаушы дайындаған «Монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешектің талдамалы және топтамалы есебінің көрсеткіштерін тексеру бойынша тізімдеме» жұмыс құжатында рәсімдеу керек.

Мұндай тізімдемені әр айдың соңында жасау қажет, бұл нақты болған шаруашылық операцияларын толық тіркеуді қамтамасыз етеді және дебитордың берешегі (төлем қабілеттілігі) бойынша ауытқу сомасын, сондай-ақ олардың туындау себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Бухгалтерлік есепте монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешекті көрсету бойынша тексеруді жүзеге асырған кезде бақылаушы мынадай қателіктерді анықтай алады:

- күмәнді борыштар резервінің сомасын әдейі шамадан тыс көтеру немесе дебиторлық берешекті тікелей есептен шығару мақсатында есептік кезеңде жалпы шығындардың артуы және соның салдары ретінде, пайдаға салынатын салықтың сомасын азайту;

- ұйымға тиесілі емес дебиторлық берешекті көрсету;

- дебиторлық берешекті дұрыс емес жіктеу, нәтижесінде экономикалық талдау жүргізуге қажетті қаржылық есептілік көрсеткіштері бұрмаланады;

- дебиторлық берешектің талдамалы және топтамалы есеп мәліметтерінің сәйкес келмеуі;

- шетел валютасында монетарлық дебиторлық берешектің құнын анықтаудың дұрыс еместігі, атап айтқанда, балансты жасау күніне валюта бағамының ауытқуына байланысты;

- бухгалтерлік шоттарда монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешекті ажыратудың дұрыс еместігі.


Мұндай бұзушылықтар бухгалтерлік есепте дебиторлық берешектің сомасын шамадан тыс өсіруі немесе төмендеуі және қаржылық есептілік көрсеткіштерін бұрмалауға әкелуі мүмкін. Төртінші кезеңде бақылаушы ұйымның бухгалтерлік есеп тіркелімдеріндегі дебиторлық берешектің көрсеткіштерін тексеруді жүзеге асырады, атап айтқанда, нысандардың әрқайсысын формальды, аналитикалық және арифметикалық тексерудің бірқатар процедураларын жүзеге асыру қажет және қаржылық есептілік көрсеткіштерін Бас кітап (айналым қалдық ведомосы) деректерімен сәйкестігін тексеру.

Нысандардың әрқайсысын формальды және аналитикалық тексеру: реквизииттерді толтырудың толықтығы; есепті кезең басына және соңына көрсеткіштердің дұрыстығы; нысандардың әрқайсысын арифметикалық тексеру

қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін сақтау, қаржылық есептілік көрсеткіштерін бухгалтерлік есеп деректерімен сәйкестігін тексеру. Осыған байланысты монетарлық және монетарлық емес дебиторлық берешек бойынша бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің және қаржылық есептілік көрсеткіштерін тексерудің келесідей әдістерін қолдануды ұсынамыз. Нысандардың әрқайсысын

формальды және аналитикалық тексеру, нысандардың әрқайсысын арифметикалық тексеру.

Аралас актив ретінде дебиторлық берешек бойынша бухгалтерлік есеп тіркелімдері мен қаржылық есептілік көрсеткіштерін тексеру әдістері көрсетілген (сурет 6):



Сурет 6 – Дебиторлық берешек бойынша бухгалтерлік есеп тіркелімдері мен қаржылық есептілік көрсеткіштерін тексеру әдістері

Ескерту – Автормен құрастырылды.

Қаржылық есептілік көрсеткіштерін тексеру әдістері мен оны бухгалтерлік есеп тіркелімдері көрсеткіштерімен салыстыру бұзушылықтарды анықтауға және басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға ықпал етуге, сондай-ақ ұйым қызметіндегі ауытқуларды жоюға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында анықталғаны аралас актив ретінде дебиторлық берешек операцияларын ішкі бақылауда пәрменді әдістемесінің болмауы, соның салдарынан бухгалтерлік есепті жүргізудің негізгі әдістемелік принциптерін сақтау күрделене түсуде, ұйымның есеп айырысулар туралы ақпараттары бұрмаланады, қабылданған басқарушылық шешімнің тиімділігі төмендейді. Нысандардың әрқайсысын формальды және аналитикалық тексеру: реквизиттерді толтырудың толықтығы; есепті кезең басына және соңына көрсеткіштердің дұрыстығы; қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін сақтау.

Қаржылық есептілік көрсеткіштерін бухгалтерлік есеп деректерімен сәйкестігін тексеру: есепке алу тіркелімдеріндегі және айналым-қалдық ведомосындағы көрсеткіштердің сәйкестігін тексеру; айналым-қалдық ведомосы мен Бас кітап көрсеткіштерінің сәйкестігін тексеру.

Осы мәселені шешу үшін ұсынамыз:

1) ұйымның құрамдас аралас активтері ретінде дебиторлық берешек операцияларын ішкі бақылаудың әдістемесін;

2) қаржылық есептілікте және бухгалтерлік есепке алу шоттарында дебиторлық берешек сомасын көрсетудің дұрыстығын негіздеуге, сондай-ақ экономикалық талдауды жүзеге асыру үшін қажетті алынған есептік ақпараттар негізінде тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін бақылаушының жұмыс құжаттарының нысандарын.

3.2 Дебиторлық берешекті талдау айналым активтерін басқарудың жалпы саясатының бөлігі ретінде

Қазіргі кезде Қазақстан экономикасының мұнай-газ саласынан тәуелділігі Жалпы Ұлттық Өнімнің (ЖҰӨ) 28 % және жиынтық экспорт көлемде – 57 % құрайды. Мұнай-газ қызметінен салық төлемдері бюджетке төленетін төлемдердің 1/3 бөлігін құрайды. Мұнай өндіретін компаниялардың акцияларының үлкен бөлігі шетел инвесторларының үлесіне тиеді. Қазақстанның мұнай-газ саласына салынатын инвестициялар көлемі жылдан жылға көбеюде [120].

Қазақстан экономикасының нарықтық қатынастарға көшуіне орай ең негізгі мәселелердің бірі ұйым деңгейінде айналым қаражаттарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету болды. Айналым қаражаттары (айналым капиталы) – бұл ұйымның ағымдағы қызметін қамтамасыз ету үшін бір жыл немесе бір өндірістік кезең ішінде кем дегенде бір рет айналымға ұшырап, белгілі жүйеде қайта жаңарып отырылатын ұйымның активтері.

С.А. Сироткин өз еңбегінде ұйымның айналым қаражаттарына мынадай анықтама берген, яғни айналым қаражаттары дегеніміз өндіріс пен сатылудың үздіксіздігі мен жоспарлы процесін қамтамасыз етуге бағытталған және өндірістік айналым қорлары мен айналыс қорларындағы қаржы ресурстары. Айналым қаражаттары бар ұйым жабдықтаушылармен олардан алған заттар және еңбек құралдары үшін, жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысын, банк несиелерін, өндірістік қорлар төлемдері мен басқа төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырыса алады. Айналым қаражаттарының болуы ұйымның өндірістік және қаржы қызметінің қалыпты жағдайын жасауда маңызы зор. Сондықтан айналым қаражаттарын тиімді ұйымдастыру ұйымның барлық экономикалық жұмысында алдыңғы қатарлы мәнге ие [121].

Ұйымның айналым капиталын құру мен оны тиімді пайдалану қазіргі нарықтық экономика жағдайында өзекті мәселелердің бірі болып табылады, сондай-ақ айналым қаражаттарына ұйымның босалқылары, ақша қаражаттары,

қысқа мерзімді қаржылық салымдары, дебиторлық берешегі және өзге де айналым активтері жатады.

А.М. Ковалева экономикалық ғылымда айналым қаражаттары ең бір күрделі экономикалық категория болып табылады. Ұзақ уақыттар бойы бұл түсінікке әртүрлі трактовкалар айтылып келді. Қаржы – экономикалық әдебиетте айналым қаражаттарын тиімді басқарудың әртүрлі әдістері ұсынылған, олардың ұйым үшін келесідей себептер бойынша ең маңызды мәні болды:

- көптеген ұйымдарда айналым қаражаттарының мөлшері оның барлық активтерінің жартысынан асып кететін;
- айналым активтерін рационалды басқару пайданың өсуіне әкеледі және ұйымның ақша қаражаттарының тапшылығы тәуекелін төмендетеді;
- айналым қаражаттарының әрбір позициясына салынатын сома әр күн сайын өзгеріп отыруы мүмкін және ақша қаражаттарын ең өнімді пайдалану кезінде мұқият бақылауды талап етеді [122].

Ұйымның айналым қаражаттары дегеніміз өндіріс пен сатылудың үздіксіздігі мен жоспарлы процесін қамтамасыз етуге бағытталған және өндірістік айналым қорлары мен айналыс қорларындағы қаржы ресурстары.

К.Ш. Дүйсембаев айналым қаражаттарының құрамы айналыс қорлары мен өндірістік айналым қорларын құрайтын, яғни оларды жеке элементтері бойынша орналастырудың барлық элементтерінің жиынтығынан тұрады деп жазады. Айналым қаражаттарын басқару саясаты айналым қаражаттарының құрамы мен қажетті көлемін құрумен, оларды қаржыландыру көздерінің құрылымын оңтайландыру және жүзеге асырумен аяқталатын ұйымның жалпы қаржылық стратегиясының бөлігі болып табылады. Өндірістің рентабельділігін өсіру деңгейі көптеген факторларға байланысты, ал айналым қаражаттарын тиімді басқару ұйым жұмысының тоқтаусыздығын қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады [123].

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында айналым қаражаттарын тиімді басқарудың өзгерісіне және олардың айналымдылығының баяулауына экономикадағы дағдарыс жағдайының факторлары әсер етеді. Айналым қаражаттары ұйымның өндірісін тоқтаусыз қозғалыста ұстап тұруға, өндірісті ақша және материалдық ресурстармен уақытында қамтамасыз етуге және айналым қаражаттарын пайдалану тиімділігін арттыру үшін қажет.

Т. Ж. Демесінов айналым қаражаттарының ең тиімді пайдалануы ұйымның қаржылық тұрақтылығы мен оның төлем қабілеттілігінің өсуіне себепші болады, яғни осы шарттар сақталған кезде ұйым өзінің есеп-айырысу төлемдерінің міндеттемелерін өз уақытында және толығымен орындай алады, ал мұның өзі коммерциялық қызметті ойдағыдай жүзеге асыруға және пайда табуға мүмкіндік береді деп жазады [124].

М.К. Калибаев мақалада ұйымның дебиторлық берешегінің жағдайына талдау жүргізуді дебиторлармен есеп айырысудың түгендеуінің

материалдарынан бастау керек деп жазады. Түгендеу жүргізудің тәртібі, рәсімделуі, түгендеу нәтижелерін көрсету «Бухгалтерлік есепті жүргізу Ережесі туралы» ҚР үкіметінің 14.10.2011 жылғы № 1172 Қаулысымен реттелінеді [125].

Р.В. Войтоловский, А.П. Калинина дебиторлық берешектің құрылымын талдау кезінде динамикада келесідей көрсеткіштерді қарастыруды және есептеуді ұсыныады:

1. Айналым активтерінің жалпы көлеміндегі ($Y_{ДБ}$) дебиторлық берешектің үлесі (ДБ), оның ішінде ұзақ мерзімді ($Y_{\text{ҰДБ}}$) және ($Y_{\text{ҚДБ}}$)

$$Y_{ДБ} \left(\frac{ДБ}{АА} \right) = Y_{\text{ҰДБ}} \left(\frac{\text{ҰДБ}}{АА} \right) + Y_{\text{ҚДБ}} \left(\frac{ҚДБ}{АА} \right); \quad (7)$$

мұндағы ҰДБ, ҚДБ – сәйкесінше ұзақ және қысқа мерзімді дебиторлық берешек, АА – ұйымның айналым активтері.

Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің үлес салмағы жоғары болған сайын, соғұрлым ұйым мүлкінің құрылымы аз мобильді болады.

2. Дебиторлық берешектің жалпы сомасындағы мерзімі өтіп кеткен қарыздың үлесі ($Y_{\text{МДБ}}$), сонымен қатар айналым активтерінің жалпы көлеміндегі оның үлес салмағы ($Y_{\text{СМДБ}}$);

$$Y_{\text{МДБ}} = \frac{\text{МДБ}}{\text{ДБ}}; \quad (8)$$

$$Y_{\text{СМДБ}} = \frac{\text{МДБ}}{\text{АА}}; \quad (9)$$

Мұндағы; МДБ – мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек [126].

Динамикалық қатардың деңгейлерін салыстыру нәтижесінде аналитикалық туынды көрсеткіштер есептеледі. Олар тізбектік және базалық тәсілдермен анықталады. Тізбектік тәсілді қолданғанда, ағымдағы қатардың әрбір деңгейі оның алдыңғы уақыттағы деңгейімен салыстырылады. Ал базалық тәсілде әрбір қатардың деңгейі белгілі бір тұрақты базалық уақыттың деңгейімен салыстырылады.

Статистикада динамикалық қатарларды есептегенде мынадай аналитикалық туынды көрсеткіштер қолданылады:

1. Абсолютті өсім – салыстырылып отырған көрсеткіш деңгейлерінің айырмасы. Абсолютті өсімнің мәні оң немесе теріс шамаға немесе нөлге тең болуы мүмкін:

а) базалық абсолютті өсім – әр уақыттағы қатардың деңгейінен белгілі бір тұрақты базалық уақыттың деңгейін шегеру арқылы есептеледі;

б) тізбектік абсолютті өсім – салыстырылатын уақыттың деңгейінен алдында тұрған уақыттың деңгейін шегереді.

2. Өсу қарқыны – екі уақыт көрсеткіштерінің қатынасы. Өсу қарқыны коэффициентпен немесе процентпен өлшенеді:

а) базалық өсу қарқыны – әр уақыттағы қатардың деңгейін белгілі бір тұрақты базалық уақыттың деңгейіне бөлу арқылы есептеледі;

б) тізбектік өсу қарқыны – салыстырылатын уақыттың деңгейін алдында тұрған уақыттың деңгейіне бөледі.

3. Өсім қарқыны – абсолютті өсімнің салыстырылатын деңгейге қатынасы. Ол абсолютті өсімді қатысты шамалармен сипаттайды:

а) базалық өсім қарқыны – базалық абсолютті өсімнің базалық деңгейге қатынасымен есептеледі;

б) тізбектік өсім қарқыны – тізбекті абсолютті өсімнің алдында тұрған уақыттың деңгейіне қатынасымен есептеледі.

ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің 2013-2015 жылдар аралығындағы қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешегін динамикалық талдауы (кесте 21).

Кесте 21 – ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің 2013-2015 жылдар аралығындағы қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешегін динамикалық талдау

Көрсеткіш	31.12.2013	31.12.2014	31.12.2015
Қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешек, млн. теңге	1 057	911	1 565
Тізбектік абсолютті өсім, млн. теңге	-	- 146	654
Базалық абсолютті өсім, млн. теңге	-	- 146	508
Тізбекті өсу қарқыны, %	-	86,2	171,8
Базистік өсу қарқыны, %	-	86,2	148,1
Тізбекті өсім қарқыны, %	-	- 13,8	71,8
Базалық өсім қарқыны, %	-	- 13,8	48,1
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [127]			

21-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, ұйымның қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешек мөлшерінің динамикалық талдауының нәтижесі жылдар бойынша дебиторлық берешектің өсуі немесе кемуінің белгілі бір тенденциясын анықтаған жоқ, бірақ та талдау жүргізіліп отырған 2013-2015 жылдарда қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешектің орташа мәні 1 177,7 млн. теңгені құрады ((1 057 + 911 + 1 565) / 3)). Есепті жылы қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешек 2013 жылғы деңгейімен салыстырғанда 1,5 есеге өскен, ал 2014 жылы қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешек сомасы 1,2 % төмендеген. Тізбектік абсолютті өсім 2014 жылы 146 млн. теңгеге кеміген, оның себебі, 2014 жылы қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешек 911 млн. теңгені құраса, 2013 жылы 1 057 млн. теңге болған, қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешектің азаюымен түсіндіруге болады. Ал, 2015 жылы тізбектік абсолютті өсім 654 млн. теңгеге өскен, оның себебін есепті жылы қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешектің өсумен түсіндіруге болады.

Кесте 22 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің қысқа мерзімді активтерінің құрамы мен құрылымы

Көрсеткіштер	2013 жыл		2014 жыл		2015 жыл		2015 жылдағы өзгерістер			
	Сомасы, млн. теңге	Үлес салмағы, %	Сомасы, млн. теңге	Үлес салмағы, %	Сомасы, млн. теңге	Үлес салмағы, %	2013 жылмен салыстырғанда		2014 жылмен салыстырғанда	
							млн. теңге	%	млн. теңге	%
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2 340	11,4	2 947	16,0	3 114	14,7	774	33,1	167	5,7
Өзге де қысқа мерзімді қаржылық активтер	509	2,5	7	0,1	45	0,2	- 464	- 91,2	38	542,9
Қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек	1 057	5,2	911	4,9	1 565	7,4	509	48,1	654	71,8
Ағымдағы табыс салығы	257	1,3	2 125	11,5	357	1,7	100	38,9	- 1 768	- 83,2
Босалқылар	5 582	27,2	9 992	54,2	13 298	62,6	7 716	138,2	3 306	33,1
Өзге де қысқа мерзімді активтер	10 722	52,4	2 446	13,3	2 855	13,4	- 7 867	- 73,4	409	16,7
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	20 468	100	18 428	100	21 234	100	766	3,7	2 806	15,2
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [76]										

22-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, ақша қаражаттары және олардың баламалары 2015 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 774 млн. теңгеге немесе 33,1 % өскен, ал 2015 жылды 2014 жылмен салыстырғанда 167 млн. теңгеге немесе 5,7 % өскендігін аңғаруға болады. Шоттардағы ақша қаражаттарының өскендігі ұйымның қаржылық жағдайының нығайғандығын көрсетеді. Ақша қаражаттарының өсуінің көзі болып тек қана пайда емес, сондай-ақ тартылған қаражаттар болып табылады. Есеп айырысу шотындағы ақша қаражаттарының өсуі дебиторлардан ақша қаражаттарының өз уақытында келіп түскендігін, яғни дебиторлық берешектің азайғандығын аңғартады.

Ұйым қазақстандық банктерге бір жылға дейінгі мерзімге депозиттер салған, банк депозиттері бойынша сыйақы ставкасы 5% құраған. Өзге де қысқа мерзімді қаржылық активтер 2015 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 464 млн. теңгеге немесе 91,2 % кеміген, ал 2015 жылды 2014 жылмен салыстырғанда 38 млн. теңгеге немесе 542,9 % өскен.

Қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешекті 2015 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 509 млн. теңгеге немесе 48,1 % өссе, ал 2015 жылды 2014 жылмен салыстырғанда 654 млн. теңгеге немесе 71,8 % өскендігін байқауға болады. Дебиторлық берешектің өскендігі осы ұйымның шаруашылық қызметінен айналым қаражаттарының дерексізденгендігін көрсетеді, яғни қаржылық қиыншылыққа әкелуі мүмкін. Төлем мерзімін ұзартумен байланысты сатылған өнімдер мен көрсетілген қызметтердің көлемінің өскендігін, сонымен қатар ұйымда несие саясатының дұрыс еместігін куәландырады. Сатып алушылар оларға берілген өнімдері үшін өз уақытында есеп айырыспаған, яғни бизнес бойынша өз клиенттерінің төлем қабілеттіліктерінің жоқ екендігі тәуекелін өсіреді.

Ағымдағы табыс салығы 2015 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 100 млн. теңгеге немесе 38,9 % өскен, ал 2015 жылды 2014 жылмен салыстырғанда 1 768 млн. теңгеге немесе 83,2 % кеміген. Табыс салығы бойынша алдын ала төлеу 2013 жылдың соңына 257 млн. теңге, 2014 жылдың соңына 2 125 млн. теңге, ал 2015 жылдың соңына 357 млн. теңге болған.

Ұйымда босалқылардың өскендігін байқауға болады. Оның мөлшері 2015 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 7 716 млн. теңгеге немесе 138,2 %, ал 2015 жылды 2014 жылмен салыстырғанда 3 306 млн. теңгеге немесе 33,1 % артқан. Мұны оң немесе теріс ретінде бағалауға болады. Бұл өсім оң болып есептелінеді сол уақытта, егер ол өндіріс көлемін ұлғайтумен келіскендік болса, бірақ та босалқылар санының жоғары болуы қоймада өнімдердің тұрып қалғандығын білдіреді, ал мұндай жағдайлардың болуы ұйымға ешқандай пайда әкелмейді.

Өзге де қысқа мерзімді активтер 2015 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 7 867 млн. теңгеге немесе 73,4 % кеміген, ал 2015 жылды 2014 жылмен салыстырғанда 409 млн. теңгеге немесе 16,7 % өскен. Бұл көбінесе аналық компанияның, өзге де дебиторлардың қарыздары және берілген аванстар.

Мұнай өнімдерін, қызметтер мен өзге де материалдарды алу үшін алдын ала жабдықтаушы компанияларға төленген аванстар. 2013 жылдағы қысқа мерзімді активтердің ішіндегі қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешектің үлесі 5 % құрады. 2014 жылдағы қысқа мерзімді активтердің ішіндегі қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешектің үлесі 5 % құрады. 2015 жылдағы қысқа мерзімді активтердің ішіндегі қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешектің үлесі 7 % құрады.

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, ұйымның қысқа мерзімді активтері мыналардан тұрады: ақша қаражаттары және олардың баламалары, өзге де қысқа мерзімді қаржылық активтер, қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек, ағымдағы табыс салығы, босалқылар, өзге де қысқа мерзімді активтер. 2013 жылы қысқа мерзімді активтердің ішінде ең үлкен сомада болған өзге де қысқа мерзімді активтердің жалпы сомасы 10 722 млн. теңге немесе 52,4 % құраған. Ал 2014 жылы қысқа мерзімді активтердің ішінде ең үлкен сомада болған босалқылар, олардың жалпы сомасы 9 992 млн. теңгені құраған немесе 54,2 % болған. 2015 жылы қысқа мерзімді активтердің ішінде ең үлкен сомада болған тағы да босалқылар, олардың жалпы сомасы 13 298 млн. теңгені құраған немесе 62,6 % болған.

Талдау жүргізіліп отырған 2013-2015 жылдарда қысқа мерзімді активтердің ішінде қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек сәйкесінше жылдарда, яғни 2013 жылы 1 057 млн. теңге немесе 5,2 % болған, 2014 жылы 911 млн. теңге немесе 4,9 % құраған, ал 2015 жылы 1 565 млн. теңге немесе 7,4 % құраған.

Г.В. Савицкая өз еңбегінде дебиторлық берешекті басқару саясаты өнімдерді сату көлемін кеңейтуге және дебиторлық берешектің мөлшерін оңтайландыру мен оларды өз уақытында инкассациялауды қамтамасыз етуге байланысты бағытталған ұйымның айналым активтерін басқарудың жалпы саясатының бөлігі болып табылады деп жазады. Босалқыларды басқару саясаты босалқылардың құрылымдары мен жалпы мөлшерін оңтайландырумен аяқталатын қызмет көрсету шығындарын мейлінше азайту мен олардың қозғалысына тиімді бақылауды қамтамасыз етудегі ұйымның айналым активтерін басқарудың жалпы бөлігі болып табылады [128].

Ұйымда босалқылар мен дебиторлық берешекті басқарудың тиімділігін арттыру үшін мыналарды ұсынамыз:

- 1) өндірістік босалқылардың мөлшерін өндірістік бағдарлама мен сату болжамы бойынша негіздеу;
- 2) дифференциалдық бақылау мен басқаруды талап ететін босалқыларды әр түрлі топтарға үлестік құны мен маңыздылығы бойынша саралау;
- 3) босалқылардың стратегиялық маңызды категориялары үшін тапсырыстың қолайлы мөлшерін есептеу;
- 4) босалқылардың жағдайына ішкі шаруашылық бақылауды қатайту;

5) контрагенттерге коммерциялық несие берген кезде тәуекел деңгейін бағалау;

б) төлем тәртібін сақтауда бақылауды жүзеге асыру.

Ұсынылған шаралар босалқылар мен дебиторлық берешектің айналымдылығын арттыруға септігін тигізеді. К.Ш. Дүйсембаев, М.К. Калибаев мақалада дебиторлық берешекті талдау келесідей көрсеткіштерді есептеуден тұратындығын көрсеткен:

- 1) өзгеріс динамикасы;
- 2) активтердің жалпы көлеміндегі дебиторлық берешектің үлесі;
- 3) айналымдылықты бағалау;
- 4) айналым ұзақтығы [129].

В. Черняк, У. Шалболова ұйымның дебиторлық берешегінің объективті дұрыс бағасын алудың ең жақсы тәсілі – талдау, ол ұйымның даму бағытын бақылауға, оның қаржы-шаруашылық қызметіне кешенді түрде баға беруге мүмкіндік береді және осындай жолмен басқарушылық шешімдерді қабылдаумен ұйымның өзінің өндірістік кәсіпкерлік қызметі арасында байланыстырушы қызмет атқарады. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл ұйымдардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ басқа да контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты [130].

Біздің пікірімізше, ұйымның қаржылық жағдайы қаражаттарын оларды түрлері бойынша орналастыруды көздейді және оларды қалыптастыру көздерімен қаржы ресурстарын жасау, тарату және пайдаланумен сипатталады. Сонымен қатар, ұйымның қаржылық жағдайы оның қалыпты өндірістік, коммерциялық және басқа да қызмет түрлері үшін қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуімен, оларды мақсатқа сай, тиімді тарату және пайдаланумен, сондай-ақ басқа шаруашылық субъектілерімен қаржылық қарым-қатынаста болу, төлеу қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығымен де сипатталады.

С.В. Дыбаль компанияның қаржылық есептілігінің негізгі элементтері болып оның активтері табылады. Дебиторлық берешек активтерге жататын болғандықтан, талдау жасаған кезде олардың құрамы мен құрылымындағы болған өзгерістер талданады. Активтердің құрылымын және оның кейбір топтарын тұтасымен талдау олардың рационалды орналасқандығын көрсетеді. Активтердің өсуі компания жұмысының дұрыс бағытта екенін сипаттайды, сонымен бірге оның ары қарай дамуын куәландырады деп жазады [131].

Активтердің өсуі компанияның жұмысының дұрыс бағытта екенін сипаттайды, сонымен бірге оның ары қарай дамуын куәландырады. «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС 2013-2015 жылдар аралығындағы дебиторлық берешектің құрамы мен құрылымына талдау жүргізу (кесте 23).

Кесте 23 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС – нің 2013-2015 жылдар аралығындағы дебиторлық берешегінің құрамы мен құрылымы

Көрсеткіштер	2013 жыл		2014 жыл		2015 жыл		2015 жылдағы өзгерістер			
	Сомасы, млн. теңге	Үлес салмағы, %	Сомасы, млн. теңге	Үлес салмағы, %	Сомасы, млн. теңге	Үлес салмағы, %	2013 жылмен салыстырғанда		2014 жылмен салыстырғанда	
							млн. теңге	%	млн. теңге	%
Қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек, оның ішінде:	1 057	100	911	100	1 565	100	508	48,1	654	71,8
Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек	127	12	32	4	244	16	117	92,0	212	662,5
Күмәнді қарыздар бойынша резервтер	76,1	7,2	18	2	54,9	3,5	-16,7	- 22	41,4	230
Ұзақ мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлық дебиторлық берешек	1 057	100	911	100	1 565	100	508	48,1	654	71,8
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [76]										

Дебиторлық берешектің құрылымында негізгі үлесті қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек алады, бұл ұйымның өтімді активтермен қамтамасыз етілгендігін сипаттайды. Ұйымда талдау жүргізіліп отырған үш жылда да ұзақ мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек болмаған. Тек қана қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешегі болғандығын көріп отырмыз. Сондықтан осы қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешектің құрылымына талдау жүргіздік.

Қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек есепті жылы, яғни 2015 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 508 млн. теңгеге немесе 48,1 % өскендігін, ал 2014 жылмен салыстырғанда 654 млн. теңгеге немесе 71,8 % артқандығын байқадық. Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің өсуі өнімдерді сатудан (орындалған жұмыстан, көрсетілген қызметтен) түскен табыстың көбеюімен байланысты. Себебі, 2015 жылы өнімдерді сатудан (орындалған жұмыстан, көрсетілген қызметтен) түскен табыс 2013 жылмен салыстырғанда 22 577 млн. теңгеге немесе 17,7 % артса, ал 2014 жылмен салыстырғанда 27 286 млн. теңгеге немесе 22,2 % өскен болатын. Ұйымда жанар-жағар май өнімдерінің көп мөлшерде сатылуынан, сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нен алған тауарлары үшін өтемеген қарыздары болған. Ұйымның дебиторлық берешегінің айналымдылығы көрсетілген (кесте 24).

Кесте 24 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің 2013-2015 жылдар аралығындағы дебиторлық берешегінің айналымдылығы

млн. теңге

Көрсеткіштер	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2014 жылмен салыс- тырғандағы, 2015 жылғы өзгерістер	
				Абсолю- ті	Салыс- тырмал ы, %
1. Өнімдерді сатудан түскен табыс, млн. теңге	127 810	123 101	150 387	+ 27 286	+ 22,2
2. Дебиторлық берешектің орташа мөлшері, млн. теңге	1 567	984	1 238	+ 254	+ 25,8
3. Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті (1 жол/2 жол), рет	81,6	125,1	121,5	- 3,6	-2,9
4. Дебиторлық берешекті өтеу кезеңі, күн (360/3 жол)	4,4	2,9	3,0	+ 0,1	+ 3,4
5. Айналым активтерінің орташа мөлшері	17 564	19 448	19 831	+ 383	+ 1,9
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [76]					

24-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, есепті жылы өнімдерді сатудан түскен табыс 150 387 млн. теңгені құраған, яғни оны 2013 жылмен салыстырғанда 27 286 млн. теңгеге артса, ал 2014 жылмен салыстырғанда 22,2 млн. теңгеге өскен. Дебиторлық берешектің орташа мөлшерінің тенденциясы өсу үстінде, 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда ол 25,8 % артқан. Осыған байланысты дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 3,6-ға кеміген. Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті 2015 жылы 121,5 болған, бұл дегеніміз 2015 жылы дебиторлық берешектің 121,5 рет айналғандығын білдіреді немесе дебиторлық берешектің айналымдылығы 3 күн екендігін көрсетеді.

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, есепті жылы ұйымның қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек 2013 жылмен салыстырғанда 508 млн. теңгеге артса, 2014 жылмен салыстырғанда 654 млн. теңгеге өскен. Бұл жағдай есепті жылы ұйымда өнімдерді (тауарларды) сатудан түскен табыстың көп болғандығын аңғартады және сатып алушылар алған тауарлары үшін ұйыммен есеп айырыспағандығын, яғни қарыздарын өтемегендіктерін білдіреді.


Ұйымда осындай жағдайдың қалыптасуы жақсылық емес, себебі егер сатып алушылардан ақша қаражаттары өз уақытында келіп түспесе, онда ұйым жабдықтаушылармен есеп айырыса алмайды және бюджет алдындағы қарыздарын өтеуі қиындайды. Қысқа мерзімді активтер есепті жылды 2013 жылмен салыстырғанда 767 млн. теңгеге өскен, ал 2014 жылмен салыстырғанда 2 806 млн. теңгеге артқан. Ал қысқа мерзімді активтердегі дебиторлық берешектің үлесі есепті жылды 2013 және 2015 жылдармен салыстырғанда екі жылда да бірдей 2 % өскен және 7 % құраған. Бұл салыстырылып отырылған 2013 және 2014 жылдары дебиторлық берешектің және қысқа мерзімді активтердің жалпы көлемінің өсуімен, сонымен қатар қысқа мерзімді активтердің құрылымында ақша қаражаттарының үлесінің өсуіне байланысты түсіндіріледі.

25-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, ұйымның кредиторлық берешегінің құрамы мен құрылымына жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша, кредиторлық берешегі тек қана қысқа мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешектен тұрады. Ұйымда талдау жүргізіліп отырған жылдарда ұзақ мерзімді кредиторлық берешек болмағандығын төмендегі 25-ші кесте мәліметтерінен аңғара аламыз. Кредиторлық берешектің құрамы мен құрылымына жүргізілген талдау келесідей нәтиже көрсетті: 2015 жылды 2013 жылмен салыстырғанда қысқа мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешектің мөлшері 4 329 млн. теңгеге өскен немесе 133,7 %, бұл жабдықтаушы ұйымдар алдындағы қысқа мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешектің 4 329 млн. теңгеге немесе 133,7 % өсуімен байланысты болып отыр. Сондықтан ұйым бұл қарызды өтеп беруге әрекет етуі керек (кесте 25).

Кесте 25 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің кредиторлық берешегінің 2013-2015 жылдар аралығындағы құрамы мен құрылымы

Кредиторлық берешектің құрамы	2013 жыл		2014 жыл		2015 жыл		Өзгеріс	
	сомасы, млн. теңге.	үлесі, %	сомасы, млн. теңге	үлесі, %	сомасы, млн. теңге.	үлесі, %	сомасы, млн. теңге.	Өсу қарқыны, %
							2013-2015	2013-2015
Кредиторлық берешек барлығы, оның ішінде:	12 854	100	17 037	100	17 183	100	+ 4 329	133,7
Ұзақ мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешек	-	-	-	-	-	-	-	-
Қысқа мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешек	12 854	100	17 037	100	17 183	100	+ 4 329	133,7
Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастырылды [76]								

Талдау жүргізіліп отырған жылдарда «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС қысқа мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешектің 4 329 млн. теңгеге немесе 133,7 %, өсуі, ұйымға қосымша ақша қаражаттарын тарту қажеттілігін тудырады. Мұндай өсу беталысының себебі, ұйым жабдықтаушылар мен мердігерлерден тауарлық өнімдерді көптеп сатып ала бастаған, бірақ қарыздарын толығымен өтей алмаған, сондықтан қарызға қаражаттарды тарту қажеттілігі туындаған. Қаржылық жағдай ұйымның бәсекелестік қабілетін және оның іскерлік қарым-қатынастардағы жағдайын анықтайды. Ұйымның қаржылық жағдайының объективті дұрыс бағасын алудың ең жақсы тәсілі, бұл – талдау екендігін жоғарыда көрсетілген кестелерден байқауға болады. Сондықтан, талдау ұйымның даму бағытын бақылауға, оның шаруашылық қызметіне кешенді түрде баға беруге мүмкіндік береді және ұйымның өзінің өндірістік кәсіпкерлік қызметі арасында байланыстырушы қызметін ақтарады. Осы орайда, кредиторлық берешектің құрамы мен құрылымына жүргізілген талдаудың нәтижесін диаграмма түрінде көрсетуге болады. Көрсетілген кесте мәліметтері негізінде қысқа мерзімді аудалық және өзге де кредиторлық берешектің диаграммасы құрылды (сурет 7).



Сурет 7 – Қысқа мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешектің диаграммасы

Ескерту – автормен құрастырылды

Т.У. Туманидзе дебиторлық және кредиторлық берешекті салыстырмалы талдау үшін, олардың ара қатынасын сипаттайтын арнайы көрсеткіштік коэффициент қолданылады. Бұл коэффициент кезең басындағы және кезең соңындағы дебиторлық берешекті кредиторлық берешекке бөлу қатынасымен есептелінеді, яғни бір бірліктегі кредиторлық берешек сомасына қанша дебиторлық берешек келетіндігін анықтауға мүмкіндік береді [132].

Ұйымның 2013-2015 жылдар аралығындағы дебиторлық және кредиторлық берешектерінің ара қатынасы көрсетілген (кесте 26):

Кесте 26 – 2013-2015 жылдар аралығындағы «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің дебиторлық және кредиторлық берешектерінің ара қатынасы

Көрсеткіштер	2013 жыл		2014 жыл		2015 жыл		2013 - 2015 ж. өзгерістер	
	басына	соңына	басына	соңына	басына	соңына	басына	соңына
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек, млн. теңге	2 076	1 057	1 057	911	911	1 565	- 1 165	+ 508
Қысқа мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешек, млн. теңге	6 099	12 854	12 854	12 223	12 223	11 049	+ 6 124	- 1 805

26 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Дебиторлық және кредиторлық берешектің ара қатынасы	0,34	0,08	0,08	0,07	0,07	0,14	- 0,27	+ 0,06
Ескерту – әдебиет негізінде автор құрастырды [76]								


26-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, 2013-2015 жылдар аралығындағы талдау жүргізілген кезеңде, дебиторлық және кредиторлық берешек ара қатынасының коэффициенті кредиторлық берешектің дебиторлық берешектен асып кеткендігін көрсетті, яғни біз есеп-қисап балансында дебиторлық және кредиторлық берешектің жалпы мөлшерін салыстырдық және оның қалдығын (сальдосын) есептедік.

Баланс мәліметтері талдау жүргізіліп отырған әр жылда кредиторлық берешектің дебиторлық берешектен асып кеткендігін куәландырады. Дебиторлық берешек 2013 жылы жылдың басына кредиторлық берешектің 34 %, жылдың соңына 8 % құрады. Ал 2014 жылы жылдың басына 8 %, жылдың соңында 7 % құрады. Есепті жылы, яғни 2015 жылы жылдың басына 7 %, ал жылдың соңына 14 % құрады. Сонымен, дебиторлық және кредиторлық берешек мөлшеріндегі алшақтықтың қысқарғандығын аңғаруымызға болады. Егер 2014 жылдың басына кредиторлық берешек дебиторлық берешектен 92 % асып кетсе, 2015 жылдың басына алшақтыққа қысқарған және кредиторлық берешек дебиторлық берешектен 86 % асып отыр.

Мүқият талдау жүргізіп, мейлінше кредиторлармен есеп айырысып, оларға белгіленген мерзімде қарыздарын қайтару керек, әйтпесе ұйым өздерінің потенциалды жабдықтаушыларының сенімдерін жоғалтып алады, ол оның іскерлік белсенділігіне әсер етеді. Кредиторлық берешек дебиторлық берешектен асып кетіп отыр, сондықтан есеп-қисап балансында пассивтік сальдо болады.

Ұйымның тұрақты қаржылық жағдайын қалыптастыруда оның өз контрагенттерімен (салық органдары, банктер, жабдықтаушылар, сатып алушылар, акционерлер және тағы басқалар) өзара қарым – қатынасы үлкен әсер етеді. Сондықтан да серіктестермен реттелген іскерлік қатынаста болу – жақсы қаржылық жағдайдың бірден – бір шарты болып табылады. Дебиторлық берешек пен кредиторлық берешектің ара қатынасының диаграммасынан көріп отырғанымыздай, 2013-2015 жылдар аралығындағы кезеңде маңызды өзгеріс болып салықтар бойынша қарыздардың баптары әсер еткен, мүмкін бұл бар заңдылықтардың өзгеріп отыруымен және нарықтағы бәсекелестікпен, экономикадағы едәуір өзгерістермен байланысты болған шығар, мысалы, инфляция қарқынының өзгерісі. 26-шы кестеде көрсетілген талдау мәліметтері

бойынша «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-де пассивтік сальдо екендігін көрнекі түрде көруімізге болады, ал бұл дегеніміз 2013-2015 жылдар аралығындағы кезеңде кредиторлық берешектің дебиторлық берешектен 7 290 млн. теңгеге асып кеткендігін көрсетеді (сурет 8).



Сурет 8 – Ұйымның 2013-2015 жылдар аралығындағы дебиторлық берешек пен кредиторлық берешектің ара қатынасының диаграммасы

Ескерту – Автормен құрастырылды

Кредиторлық берешектің дебиторлық берешектен асып кетуі, ұйымның төлем қабілетсіздігін көрсетеді, сонымен қатар ұйымның қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіреді. Серіктестік кредиторлық міндеттемелердің қоршауында қалып отыр, борыштан арылу үшін есеп айырысудың дұрыс саясаты қажет. Кредиторлық берешектің айналым ұзақтығы ары қарай өсе беретін болса, онда төлем қабілеттілігімен байланысты мәнді мәселелердің туындауы, яғни қарыздарды өз уақытында төлеудің ықтималдығы азаюы мүмкін. Сондықтан тоқсан сайын дебиторлық және кредиторлық берешектің ара қатынасына қадағалау жасап, кредиторлық берешекті азайтуға мәнді назар аудару қажет.

С.А. Звягин өз жұмысында өнімдерді сатудан түскен табыс кредиторлық берешектің барлық түрлерін жабудың бірден-бір құралы болып табылады деп көрсетеді. Сатудан түскен ақша қаражаттары ұйымның кредиторлар алдындағы қарыздарын жабудың мүмкіндіктерін анықтайды. Дебиторлық берешектің көп бөлігі сатып алушылардың қарыздары ретінде қалыптасады. Сатып алушылармен келісім шарттық қатынастарды белгілеу, кредиторлармен төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражаттардың өз уақытында және жеткілікті дәрежеде түсуін қамтамасыз етеді, яғни бұл дебиторлық берешекті басқарудың басты міндеті болып табылады [133].

Сонымен, дебиторлық және кредиторлық берешектің жағдайы, олардың мөлшері мен сапасы ұйымның қаржылық жағдайына қатты әсер етеді. Ұйымның қаржылық жағдайын жақсарту үшін мыналар қажет:

– дебиторлық және кредиторлық берешектің ара қатынасын қадағалап отыру керек, өйткені кредиторлық берешектің едәуір артып кетуі ұйымның қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіреді және қосымша қаржы көздерін тартуға қажеттілік тудырады;

– мерзімі өтіп кеткен міндеттемелер бойынша есеп айырысудың жағдайын бақылау;

– тапсырыс берушілерге төлемеу тәуекелін азайту мақсатында, мүмкіндігінше тапсырыс берушілердің санын көбейтуге бейімделу.

Ұйымның қаржылық жағдайы туралы есебінде дебиторлық және кредиторлық берешектің жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер көрсетіледі.

Дебиторлық және кредиторлық берешектің ара қатынасына жүргізілген талдау негінде келесідей қорытынды жасауға болады. Талдау жүргізіліп отырған 2013-2015 жылдар аралығында ұйымның қаржылық жағдайы айтарлықтай төмендеген. Төлем қабілеттілігінің барлық көрсеткіштері нормадан төмен деңгейде болған, яғни бұл жағдай ұйымда кредиторлық берешек сомасының едәуір мөлшерде болғандығымен түсіндіріледі. Есеп айырысулар бойынша меншікті капиталдың желініп қойғандығы туралы пікір айтуға болады. Бұл ұйымның жақын арада күйреуге ұшырау себебін тудыруы мүмкін.

Ұйымның жағдайын жақсарту үшін ұзақ мерзімді несиелер мен займдарды пайдалану қажет және кредиторлық берешекті өз уақытында жабу керек. Қазіргі сәтте ұйымда қорлар санын мақсатқа сәйкес көп мөлшерде құру қажет, өйткені олардың айналымдылығы жеткілікті дәрежеде жоғары. Алдағы уақытта ұйымға қаржылық жағдайын жақсарту бойынша бірталай шаралар жүргізу қажет және күйреуге ұшырауға жол бермеу үшін барлық күш жігерін салу керек.

Дебиторлық және кредиторлық берешектің жағдайы, олардың мөлшері мен сапасы ұйымның қаржылық жағдайына қатты әсер етеді. Ұйымның қаржылық жағдайын көтеру үшін мыналар қажет:

1) дебиторлық және кредиторлық берешектің ара қатынасын қадағалап отыру керек, өйткені дебиторлық берешектің біршама артып кетуі ұйымның қаржылық тұрақтылығына қауіп-қатер төндіреді және қосымша қаржы көздерін тартудың қажеттілігін тудырады;

2) тапсырыс берушілердің төлемеу тәуекелділігін азайту мақсатында мүмкіндігінше тапсырыс берушілердің санын өсіруге жөн табу;

3) мерзімі өтіп кеткен қарыздар бойынша есеп-айырысулардың жағдайын бақылау.

3.3 Дебиторлық берешектің жалпы мөлшерін бағалау және оны өз уақытында талдауды қамтамасыз етудің экономика-математикалық моделі

Экономикалық талдауды жетілдірудің маңызды бағыты болып экономика-математикалық модельдеуде статистикалық әдістерді қолдану табылады. Олардың көмегімен экономикалық үдерістер мен құбылыстар туралы жаңа сапалы қорытындылар алуға мүмкіндік туады деп жазады. Модельдеуде статистикалық әдістерді тиімді қолдану келесідей шарттардың орындалуларын талап етеді:

1. Ұйым қызметінің әртүрлі жақтар арасындағы барлық көптеген мәнді өзара байланыстардағы экономиканы, есепті оқып үйренудегі жүйелі көзқарасын;

2. Экономикалық үдерістердің сандық сипаттамасын көрсететін экономика-математикалық модельдердің кешенін әзірлеу;

3. Ұйымның жұмысы жайлы экономикалық ақпараттар жүйесін жетілдіру [134].

Б.М. Мұхамадиев өз еңбегінде әртүрлі факторларға байланысты экономикалық көрсеткіш пен сандық шама арасындағы байланыс деңгейі туралы сұраққа математикалық статистика тәсілі, әсіресе, корреляция тәсілі жауап береді. Бұл тәсіл қандай да бір көрсеткіш басқа көрсеткіштің өзгеруінен қалай өзгертетінін анықтау үшін факторлардың көптеген санын өңдеу кезінде пайдаланылады, яғни бір белгінің екінші белгіге әсер ету деңгейін анықтайтын, корреляция коэффициентінің байланысы мен мәнінің теңдеуін және корреляция қатынасын табу. Математикалық статистика, міне осымен толық айналысады. Мұнда тек негізгі жағдайларды атап өтуге болады. Факторлар (белгілер) арасындағы статистикалық байланысты математикалық функция көмегімен көрсетеді, ол әр фактордың нақты шамадан ең аз ауытқуын табуға мүмкіндік береді және негізгі байланысты көрсетеді. Мұндай функция теңдеуі нәтижелі (экономикалық) көрсеткіш және факториалды белгі арасындағы байланыс (корреляция) теңдеуі болып табылады. Байланыс теңдеуін біле тұра, факториалды белгі шамасы белгілі болған жағдайда белгінің нәтижелік орташа шамасын табуға болады. Пайда болу пішініне байланысты бұл байланыстар сызықты және қисық сызықты (парабола, гипербола) болуы мүмкін [135].

Р.Ө. Рахметованың пікірі бойынша байланыс теңдеуі белгі (немесе фактор) шамасының эмпириялық (нақты) ауытқу квадраттарының қосындысы, байланыс теңдеуі негізінде алынған белгіден аз болатын, ең аз квадраттар тәсілімен анықталады. Екі немесе үш белгілер (сынарлы корреляция) арасындағы корреляцияны қарастырудың негізгі шарты осындай. Көптеген факторлар арасындағы статистикалық байланысты талдағанда, келтірілген көптеген факторлардың жиынтық әсері ме, әлде жекелеген факторлардың ара қатынасындағы бір фактордың әсері ме екенін анықтау өте маңызды. Бұл сұраққа көптеген корреляция жауап береді.

Екі кездейсоқ айнымалының өзара әсерінің болуын корреляция коэффициенті көрсетеді. Бірақ ол коэффициент айнымалылар бір-бірімен қалай байланысқанын көрсетпейді. Регрессиялық талдау бір тәуелді айнымалының өзгерісін басқа түсіндіруші айнымалылар бойынша, олардың арасындағы тәуелділікті анықтау негізінде болжауға мүмкіндік береді [136].

В.Б. Ивашкевич айналым активтерінің айналымдылығына әсер етуші фактор ретінде дебиторлық берешектің айналымдылығын бағалау үшін, олардың пайдалану тиімділігін сипаттайтын болып табылатын келесідей негізгі көрсеткіштер есептелінеді:

1. Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті ($K_{\text{АЙДБ}}$):

$$K_{\text{АЙДБ}} = \frac{T}{\overline{\text{ДБ}}} ; \quad (10)$$

мұндағы T – тауарларды, өнімдерді сатудан, көрсетілген қызметтен, істелген жұмыстан түскен табыс; $\overline{\text{ДБ}}$ – дебиторлық берешек қалдығының орташа мөлшері.

Айналым коэффициенті талдау жүргізілген кезеңдегі дебиторлық берешектің айналымдарының санын көрсетеді, яғни осы кезең ішінде ол қанша рет құрылады және жабылады.

2. Дебиторлық берешекке қаражаттарды бекіту коэффициенті ($K_{\text{БДБ}}$), сатудан түскен табыстың 1 теңгеге дебиторлық берешектің мөлшерін сипаттайды. $K_{\text{БДБ}}$ – айналым коэффициентіне кері көрсеткіш болып табылады:

$$K_{\text{БДБ}} = \frac{\overline{\text{ДБ}}}{T} ; \quad (11)$$

Бекіту коэффициенті төмен болған сайын, дебиторлық берешекке авансталған қаражаттар тиімді пайдаланылады.

3. Дебиторлық берешектің бір айналымының орташа ұзақтылығы, күнмен ($Y_{\text{АЙДБ}}$):

$$Y_{\text{АЙДБ}} = \frac{\overline{\text{ДБ}} * K}{T} ; \quad (12)$$

Мұндағы; K – талдау кезеңіндегі күндер саны (30,90,180,270,360).

Бұл көрсеткіш дебиторлық берешекті жабу үшін қажетті күндер санын көрсетеді. Осы көрсеткіш жоғары болған сайын, ұйым мүлкінің құрылымы аз мобильді болады. Оның өсуі дебиторлық берешектің өтімділігінің төмендегенін куәландырады.

Дебиторлық берешектің айналымдылығына талдау жүргізген кезде мыналар жүргізіледі:

- талдау жүргізіліп отырған кезең ішіндегі дебиторлық берешектің айналымдылығын өткен есептік кезеңдегі мәліметтермен салыстыру, күнмен;
- дебиторлық берешектің орташа мөлшерінің өзгерісіне дебиторлық берешектің айналымдылығының өзгерісіне әсерін есептеу [137].

В.В. Ковалевтың пікірінше дебиторлық берешектің орташа мөлшері сатылған тауарлар мен алынған түсімдер арасынадғы орташа уақыт аралығы мен сату көлеміне байланысты болуы мүмкін, яғни берешектің бір айналымының орташа ұзақтығын сипаттайды, күнмен. Бұл байланысты келесі модель түрінде көрсетуге болады:

$$\overline{ДБ} = \frac{T}{K} \times \frac{\overline{ДБ} \times K}{T} = T_{ок} \times \Upsilon_{АЙДБ}; \quad (13)$$

Мұндағы; $T_{ок}$ – сатылған тауарлар, өнімдерден, көрсетілген қызметтер мен істелген жұмыстардан түскен орташа күндік түсім.

Абсолюттік айырма әдісін қолдану кезінде факторлардың әсерін есептеу алгоритмі:

$$\Delta \overline{ДБ} (\Delta T_{ок}) = (T_{ок1} - T_{ок0}) * \Upsilon_{АЙДБ}; \quad (14)$$

$$\Delta \overline{ДБ} (\Delta \Upsilon_{АЙДБ}) = (\Upsilon_{АЙДБ1} - \Upsilon_{АЙДБ0}) * T_{ок}; \quad (15)$$

$$\Delta \overline{ДБ} = \overline{ДБ} - \overline{ДБ} = \Delta \overline{ДБ} (\Delta T_{ок}) + \Delta \overline{ДБ} (\Delta \Upsilon_{АЙДБ}). \quad (16)$$

Дебиторлық берешекті талдаудың келесі бағыты болып оның ағымдағы құнын анықтау табылады, яғни есеп-айырысулардың мерзімдері, есеп-айырысулардың шарттары және мерзімі өтіп кеткен кезең сияқты осындай факторлардың әсеріндегі баланстық құнды анықтау [138].

Айналымның ең жоғары қарқындылығы дебиторлық берешек айналымдылығы коэффициентінде, бұл дегеніміз өнімдерді сатудан түскен түсімнің артқандығын және дебиторлық берешектің азайғандығын білдіреді. Меншікті капиталдың айналымдылық коэффициенті өсіп жатыр, бұл оң үрдіс боп саналады. Ұйымның белсенділігін куәландырады.

Дебиторлық берешектің ағымдағы құнын негіздеуге мүмкіндік беретін негізгі мезеті, яғни көрсетілген факторларды ескере отырып оны жабу мезетіндегі құны болып дебиторлық берешектің дисконтталған құнын анықтау табылады. Мұндай бағалаудың экономикалық мағынасы келесіден тұрады. Қаншалықты дебиторлық берешек бос ақша қаражаттарына өтеді, ал кейде мәнді уақыт аралығында оны ағымдағы бағалау (жабу мезетінде) келісім шарт бойынша алынуға тиісті сомаға тең болмауы мүмкін, яғни баланстық құнға. Ұйымның дебиторлық берешегінің айналымдылығы негізінен бес жылды қарастыру бойынша жүргізілді. Ұйымның өнімдерді сатудан түскен табысы, дебиторлық берешектің орташа мөлшері, дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті, дебиторлық берешекті жабу кезеңі қарастырылды.

Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті осы жылдарда қанша рет айналымға ұшырағандығы анықталды (кесте 27).

Кесте 27 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің 2011-2015 жылдар аралығындағы дебиторлық берешегінің айналымдылығы

	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	Ауытқу	
						2014-2013	2015-2014
1. Өнімдерді сатудан түскен табыс, млн. теңге.	39 052	98 887	127 810	123 101	150 387	- 4 709	+ 27 286
2. Дебиторлық берешектің орташа мөлшері, млн. теңге	1 439	2 477	1 567	984	1 238	-583	+ 254
3. Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті, рет (1 жол/2 жол)	27,1	39,9	81,6	125,1	121,5	+43,5	- 3,6
4. Дебиторлық берешекті жабу кезеңі, күн (360/3 жол)	13,3	9,0	4,4	2,9	3,0	- 1,5	+ 0,1
Ескерту – әдебиет негізінде автор есептеді [76]							

Дебиторлық берешекті талдаудың маңызды элементі болып оның айналымдылығын бағалау табылады. Бұл көрсеткіштің өзгеру беталысын төлемдерді ертерек төлегені үшін берілетін жеңілдіктерді негіздеу кезінде жиі қолданады. Айналым жылдамдығы жоғары болған сайын, соғұрлым дебиторлық берешекке қаражат аз инвестицияланады. Ұсынылған мәні: Салаға байланысты. Батыстың ақпарат көздері бойынша орташа компания үшін бұл көрсеткіштің мәні 45 күнді құрайды (немесе жылына 8 айналым) .

Жоғарыдағы кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, 2014 жылды 2013 жылмен салыстырғанда дебиторлық берешекті жабу кезеңі 1,5 күнге қысқарған. Бұл дегеніміз оң беталыс болып табылады, себебі ұйым сыртқы қаржыландыру көздерінен аз тәуелді болады. Клиенттермен өзара қарым-қатынастың нашарлауы мүмкін (кредитке сату қысқарады, өнімдерді тұтынушыларды жоғалту). Ал, 2015 жылды 2014 жылмен салыстырғанда дебиторлық берешекті жабу кезеңі 0,1 күнге өскен. Бұл дегеніміз ұйымның сатып алушыларға қатысты ағаттық жасап алған несиелік саясаты, серіктестерді таңдауда талғамаушылықтың болуы. Төлем қабілетсіздігінің басталуы, кейбір сатып алушылардың банкротқа ұшырауы. Сату көлемінің өсірілу қарқынының тым жоғары болуы. Сатып алушылармен есеп-айырысудың жағдайы мен дебиторлық және кредиторлық берешектердің ара қатынасына бақылау қажет, өйткені дебиторлық берешектің өсіп кетуі қаржылық тұрақтылыққа қауіп-қатер төндіреді, қосымша қаржыландыруды қажет етеді.

Кестеден көріп отырғанымыздай, дебиторлық берешектің йналымдылығы 2014 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 43,5 күнге өскен, ал дебиторлық берешекті жабу кезеңі 1,5 күнге төмендеген.

Дебиторлық берешек – бұл өз кезегінде коммерциялық кредиттеу екендігін ескере кеткен жөн деп санаймыз. Яғни, біздер құратын модель, тұтастай алғанда, займдарды қайтаруды анықтайтын факторларды талдауға ұқсас болуы керек. Сондықтан, мұндай модель екі негізгі мезетті есепке алуы тиісті: сыртқы факторлар, және дебиторлық берешекті жабу тарихы. Жалпы факторлар, олар: сатудан түскен табыстың орташа деңгейі; бір дебиторға сату деңгейі. Сыртқы факторлар: орташа инфляция деңгейі және күтілген инфляция деңгейі. Дебиторлық берешекті өтеу тарихы: дебиторлық берешекті өтеудің орташа мерзімі; төлемнің кешігуінің орташа мерзімі.

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің 2009-2015 жылдар аралығындағы, оларды жарты жылдыққа бөле отырып қарастырғандағы дебиторлық берешегі У болса, онда У-тің факторларға тәуелділігін қарастырып көруге болады.

X_1 – 2009-2015 жылдар аралығындағы өнімдерді сатудан түскен табыс, млн. теңге;

X_2 - 2009-2015 жылдар аралығындағы дебиторлық берешекті өтеудің орташа мерзімі, күн;

X_3 – 2009-2015 жылдар аралығындағы кредиторлық берешек, млн. теңге;

X_4 – 2009-2015 жылдар аралығындағы инфляцияның орташа деңгейі, % ;
 X_5 – 2009-2015 жылдар аралығындағы кешіктірілген төлемнің орташа мерзімі, күн;

X_6 – 2009-2015 жылдар аралығындағы валюта курсы;

X_7 – 2009-2015 жылдар аралығындағы мұнайдың 1 баррельге шаққандағы бағасы, \$.

$$Y = (X_1, X_2, X_3, X_4, X_5, X_6, X_7)$$

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің көрсеткіштерінің тәуелділігін анықтауға көптік регрессияны қолдану, яғни Y -тің X_1 факторына, X_2 факторына, X_3 факторына, X_4 факторына, X_5 факторына, X_6 факторына және X_7 факторына қаншалықты тәуелділігін анықтауға болады (кесте 28):

Кесте 28 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің қаржылық есептілік көрсеткіштері

Жылдар	X_1	X_2	X_3	X_4	X_5	X_6	X_7	Y
2009, 1 жарты жылдық	38 608	14	3 638	5,7	35	144,76	52,87	1 501
2009, 2 жарты жылдық	37 004	11	3 134	3,6	35	150,24	72,18	1 120
2010, 1 жарты жылдық	46 647	7	2 871	4	30	147,25	78,40	895
2010, 2 жарты жылдық	44 846	8	2 565	3,6	30	147,44	82,21	1 023
2011, 1 жарты жылдық	20 625	24	5 837	4,4	60	146,00	111,25	1 394
2011, 2 жарты жылдық	18 427	29	4 796	3,3	30	147,23	110,58	1 484
2012, 1 жарты жылдық	50 344	9	3 904	5	45	148,16	113,61	1308
2012, 2 жарты жылдық	48 542	6	2 195	2,4	30	150,06	109,77	768
2013, 1 жарты жылдық	64 509	4	6 742	2,8	30	150,89	107,88	628
2013, 2 жарты жылдық	63 301	2	6 112	3,2	45	153,35	109,50	429
2014, 1 жарты жылдық	62 055	3	6 613	2,7	30	176,12	108,84	554
2014, 2 жарты жылдық	61 046	2	5 610	2,1	30	181,95	90,36	357
2015, 1 жарты жылдық	77 394	4	5 742	4,8	40	185,25	59,35	883
2015, 2 жарты жылдық	72 993	3	5 307	2,6	35	258,89	48,02	682

Ескерту – әдебиет негізінде автор есептеді [76]

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің дебиторлық берешегіне 7 фактордың қайсысы мультиколлинеарлы екендігін корреляциялық матрица түрінде көрсетілген жұптық корреляция коэффициенттерінің есептеулері (кесте 29).

Кесте 29 – Бірінші корреляциялық матрица

	X1	X2	X3	X4	X5	X6	X7	Y
X1	1							
X2	-0,89976	1						
X3	0,389031	-0,12916	1					
X4	-0,28706	0,370046	-0,22184	1				
X5	-0,21954	0,335102	0,268819	0,46919	1			
X6	0,61464	-0,40253	0,335731	-0,35875	-0,10313	1		
X7	-0,29056	0,209795	0,217067	-0,28961	0,19104	0,51387	1	
Y	-0,77101	0,837393	-0,39717	0,731624	0,319548	-0,42617	-0,07086	1
Ескерту – Excel бағдарламасы көмегімен автор есептеді								

29-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС факторларының корреляциялық матрицасы бойынша $R_{x_1x_2} = -0,89976$ өте тығыз байланысты, яғни мультиколлинеарлы екендігін дәлелдедік. Екі фактордың бір уақытта өзара әрекетте болуы мүмкін емес. Факторлар арасындағы күшті корреляцияны жеңіп шығудың, яғни мультиколлинеарлықты азайтудың ең қарапайым жолы бұл модельден мультиколлинеарлы болған екі фактордың X_1 мен X_2 – нің біреуін шығарып тастау. Ол үшін X_1Y және X_2Y мәндерін салыстырамыз, яғни X_1Y мәндері (- 0,771), ал X_2Y мәндері (0,837393). Талдауға X_1 емес X_2 факторын қосқан дұрыс, өйткені X_2 – нің Y – пен корреляциясына қарағанда, X_1 – дің Y нәтижемен корреляциясы әлсіздеу. Сондықтан да берілген жағдайда жиынтық регрессияның теңдеуіне $X_2, X_3, X_4, X_5, X_6, X_7$ факторлары енгізілді де, X_1 факторы шығарылды.

X_1 факторы шығарылып тасталғаннан кейінгі ұйымның статистикалық көрсеткіштері (кесте 30).

Кесте 30 – Ұйымның қаржылық есептілік көрсеткіштері

Жылдар	X ₂	X ₃	X ₄	X ₅	X ₆	X ₇	Y
1	2	3	4	5	6	7	8
2009, 1 жарты жылдық	14	3 638	5,7	35	144,76	52,87	1 501
2009, 2 жарты жылдық	11	3 134	3,6	35	150,24	72,18	1 120
2010, 1 жарты жылдық	7	2 871	4	30	147,25	78,40	895

30-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
2010, 2 жарты жылдық	8	2 565	3,6	30	147,44	82,21	1 023
2011, 1 жарты жылдық	24	5 837	4,4	60	146,00	111,25	1 394
2011, 2 жарты жылдық	29	4 796	3,3	30	147,23	110,58	1 484
2012, 1 жарты жылдық	9	3 904	5	45	148,16	113,61	1308
2012, 2 жарты жылдық	6	2 195	2,4	30	150,06	109,77	768
2013, 1 жарты жылдық	4	6 742	2,8	30	150,89	107,88	628
2013, 2 жарты жылдық	2	6 112	3,2	45	153,35	109,50	429
2014, 1 жарты жылдық	3	6 613	2,7	30	176,12	108,84	554
2014, 2 жарты жылдық	2	5 610	2,1	30	181,95	90,36	357
2015, 1 жарты жылдық	4	5 742	4,8	40	185,25	59,35	883
2015, 2 жарты жылдық	3	5 307	2,6	35	258,89	48,02	682
Ескерту – әдебиет негізінде автор есептеді [76]							

30-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, X_1 факторы шығарылып тасталғаннан кейінгі жиынтық регрессияның теңдеуіне алынған $X_2, X_3, X_4, X_5, X_6, X_7$ факторларының корреляциялық байланыстылығын қарастырамыз. Ол үшін екінші корреляциялық матрица кестесін құрамыз (кесте 31).

Кесте 31 – Екінші корреляциялық матрица

	X_2	X_3	X_4	X_5	X_6	X_7	Y
X_2	1						
X_3	-0,12916	1					
X_4	0,370046	-0,22184	1				
X_5	0,335102	0,268819	0,469190111	1			
X_6	-0,40253	0,335731	-0,35874716	-0,103132293	1		
X_7	0,209795	0,217067	-0,28960624	0,191039586	-	0,51386789	1
Y	0,837393	-0,39717	0,731624167	0,319547596	-	-	0,07086
Ескерту – Excel бағдарламасы көмегімен автор есептеді							

31-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, факторлар арасында ешқандай мультиколлинеарлық жоқ. Факторлар арасында оң және теріс корреляция орын алып отыр. Оң корреляция, бір айнымалының мәні өскенде немесе азайғанда сәйкесінше келесі айнымалының мәні өседі немесе азаяды. Теріс корреляция, бір айнымалының мәні өскенде немесе азайғанда екіншісінің

мәні кемиді немесе өседі. Бірақ есептеу тәсіліне тәуелсіз корреляция коэффициентінің өзінің қасиеттері бар.

Э Фестер, Б. Ренц корреляция коэффициенті шамасы – $-1 \leq r \leq 1$ аралығында орналасады деп көрсетеді. Егер $r < 0$, бұл дегеніміз вариациялық қатардағы бақыланатын шаманың екінші вариациялық қатардағы шамасының мәндеріне сәйкес болады. Егер $r > 0$, бір параметрдің артуымен, екінші параметр орташа есеппен артады. Егер $r = 0$, онда параметрлер тәуелді емес [139].

Екінші корреляциялық матрица мәліметтері негізінде регрессиялық талдау жүргізілді, оның нәтижесі (кесте 32).

Кесте 32 – Регрессиялық талдау жиынтығының қорытындысы

Регрессиялық статистика						
Көптік R	0,98436					
R-екі дәрежелі	0,968965					
R-дәрежесінің мөлшері	0,942364					
Стандарттық қате	92,71715					
Бақылау	14					
Дисперсиондық талдау						
	df	SS	MS	F	F-маңыздылығы	
Регрессия	6	1878800	313133,3569	36,42580871	6.20578E05	
Қалдық	7	60175,29	8596,46959			
Жиыны	13	1938975				
	Коэффициенттер	Стандарттық қате	t-статистикасы	P-Мәні	99,0% төмен	99,0% жоғары
Ү-қиылысуы	-351,795	460,2013	-0,76443673	0,469586895	-1962,26	1258,67207
X2	31,78351	3,647503	8,713770559	5,26108E-05	19,01913	44,5478854
X3	-0,06005	0,020938	-2,86809477	0,02405745	-0,13332	0,01321998
X4	220,8317	45,49947	4,853499385	0,001848883	61,60702	380,056296
X5	-5,49605	4,300339	-1,27805008	0,241977648	-20,545	9,55291556
X6	2,802416	1,620201	1,729671638	0,127310935	-2,86745	8,47228437
X7	2,496554	2,112939	1,181555237	0,275962795	-4,89764	9,89074774
Ескерту – Excel бағдарламасы көмегімен автор есептеді						

Регрессиялық талдау мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, егер P -мәні $> 0,01$ интервалынан артық болса, онда маңызды емес болып есептеледі, ал егер

P -мәні $< 0,01$ интервалынан кіші болса, онда маңызды болып саналады. Олай болса, Y -қиылысуы $(0,46) > 0,01$, яғни маңызды емес; X_2 мәні $(0,000005) < 0,01$, яғни маңызды; X_3 мәні $(0,02) > 0,01$, яғни маңызды емес; X_4 мәні $(0,001) < 0,01$, яғни маңызды; X_5 мәні $(0,24) > 0,01$, яғни маңызды емес; X_6 мәні $(0,1) > 0,01$, яғни маңызды емес; X_7 мәні $(0,2) > 0,01$, яғни маңызды емес. Ендеше, біз P -мәні $< 0,01$ интервалынан кіші болғандағы мәндерін аламыз, олар: (X_2 – дебиторлық берешекті өтеудің орташа мерзімі және X_4 – инфляцияның орташа деңгейі). Мәні жоқ факторларды шығарып тастағаннан кейінгі қалған факторлар бойынша ұйымның қаржылық есептілік көрсеткіштері (кесте 33).

Кесте 33 – Ұйымның қаржылық есептілік көрсеткіштері

Жылдар	X_2	X_4	Y
2009, 1 жарты жылдық	14	5,7	1 501
2009, 2 жарты жылдық	11	3,6	1 120
2010, 1 жарты жылдық	7	4	895
2010, 2 жарты жылдық	8	3,6	1 023
2011, 1 жарты жылдық	24	4,4	1 394
2011, 2 жарты жылдық	29	3,3	1 484
2012, 1 жарты жылдық	9	5	1308
2012, 2 жарты жылдық	6	2,4	768
2013, 1 жарты жылдық	4	2,8	628
2013, 2 жарты жылдық	2	3,2	429
2014, 1 жарты жылдық	3	2,7	554
2014, 2 жарты жылдық	2	2,1	357
2015, 1 жарты жылдық	4	4,8	883
2015, 2 жарты жылдық	3	2,6	682
Ескерту – әдебиет негізінде автормен есептелінді [76]			

33-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, мәні жоқ факторларды, яғни X_3 , X_5 , X_6 , X_7 алып тастағаннан кейінгі қалғаны – X_2 , X_4 факторларының арасындағы корреляциялық байланысты қарастырамыз, ол үшін үшінші корреляциялық матрица кестесі құрастырылды (кесте 34).

Кесте 34 – Үшінші корреляциялық матрица

	X_2	X_4	Y
X_2	1		
X_4	0,363947335	1	
Y	0,83733584	0,731624167	1
Ескерту – Excel бағдарламасы көмегімен автор есептеді			

34-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, $r_{x_2x_4} = 0,36$, яғни корреляциялық байланыс әлсіздеу. Ал, $r_{x_2y} = 0,84$, $r_{x_4y} = 0,73$ факторлары тығыз байланысқан.

Сондықтан, модельге абсолюттік шамамен корреляция коэффициенттері жоғары екі айнымалысы, яғни X_2 , X_4 автоматты түрде енгізіледі (кесте 35).

Кесте 35 – Регрессиялық талдау жиынтығының қорытындысы

Регрессиялық статистика						
Көптік R	0,954556711					
R-екі дәрежелі	0,911178515					
R-дәрежесінің мөлшері	0,895029154					
Стандарттық қате	125,1263643					
Бақылау	14					
Дисперсиондық талдау						
	df	SS	MS	F	F- маңыздылығы	
Регрессия	2	1766752,751	883376,3755	56,4219548	1,64759E-06	
Қалдық	11	172222,6775	15656,60704			
Жиыны	13	1938975,429				
	Коэффициенттер	Стандарттық қате	t-статистикасы	P-мәні	99,0% төмен	99,0% жоғары
Ү-қиылысуы	19,1860036	120,6777125	0,158985476	0,87656174	-355,616	393,9876
X2	30,75906617	4,508135943	6,823012119	2,86485E-05	16,75767	44,76046
X4	176,9273628	34,68959444	5,1003007	0,000343886	69,18819	284,6665
Ескерту – Excel бағдарламасы көмегімен автор есептеді						

35-кесте мәліметтерінен үтірден кейін 4 белгілерге дейін дөңгелектей отырып, көптік регрессия теңдеуін аламыз:

$$Y = 19,1860 + 30,7591 * X_2 + 176,9274 * X_4.$$

Көптік корреляция коэффициенті осы детерминация коэффициентінен түбір алғанға тең, ендеше $R = 0,9545$. Қарастырып отырған көрсеткіштердің арасында өте тығыз байланыс бар. Оған дәлел көптік детерминация коэффициенті: $R^2 = 0,9112$, яғни X_2 (дебиторлық берешекті өтеудің орташа

мерзімі) және X_4 (инфляцияның орташа деңгейі) факторларының вариациясы нәтижелі фактордың 91,1 % пайызын құрайтындығын білдіреді, ал қалған факторлардың (X_1, X_3, X_5, X_6, X_7) жиынтығы бар болғаны – 8,9 % ғана болып отыр.

Сонымен, барлық регрессиялық коэффициенттер статистикалық маңызды. Егер, «Р-Мәні» бағанындағы элемент 0,01 интервалынан кіші болса, онда осы элемент қатарында тұрған регрессия коэффициенті статистикалық маңызды. Ендеше, X_2 (0,000002) < 0,01 және X_4 (0,0003) < 0,01 маңызды екендіктерін көруге болады.

Ж.Т. Дильдебаева регрессия және корреляция коэффициенттерінің статистикалық маңыздылығын анықтау үшін Стьюденттің t-критерийі және әрбір көрсеткіштердің сенімді аралықтары есептеледі. Кездейсоқ көрсеткіштері жайында H_0 қойылады, яғни жалпы жиынтықта регрессия параметрлерінің нөлден өзгешелігі туралы Стьюденттің t-критерийінің көмегімен алынған регрессия және корреляция коэффициенттерінің маңыздылығы, олардың стандартты ауытқу мәнінің мөлшерімен алынады, яғни регрессияның стандарттық қателігі [140].

$$t_{\text{факт}} = \frac{r_{xy}}{\sqrt{1 - r^2_{xy}}} * \sqrt{n - 2}; \quad (17)$$

t – статистика мәліметтері төмендегідей болды:

$$t_{\text{факт1}} = 6,823; \quad t_{\text{факт2}} = 5,10$$

$$t_{\text{крит}} = \text{СТЮДРАСПОБР}(0,1; 12) = 1,782$$

t-статистикасының фактілі (есептелген) және критикалық (кестелік) мәндерін салыстыра отырып, яғни $t_{\text{факт}}$ және $t_{\text{крит}} = t_{n-2; \alpha}$ H_0 гипотезасын не қайтарамыз, не қайтармаймыз:

а) егер $t_{\text{факт}} > t_{\text{крит}}$, онда H_0 қайтарамыз, яғни a, b және R нөлден өзгешелігі кездейсоқтық емес және X факторының жүйелі әсерімен құрылды.

б) егер $t_{\text{факт}} < t_{\text{крит}}$, онда H_0 қайтармаймыз, яғни жалпы жиынтықта у тәуелді айнымалысының өзгерісі X факторының жүйелі әсерінен деп айта алмаймыз, ендеше a, b және R нөлден өзгешелігі кездейсоқтық.

Сонымен, көптік регрессия коэффициенттері мен корреляция коэффициентінің маңыздылық деңгейге тексеруден, жалпы модель адекватты, ал X_2 және X_4 параметрлері статистикалық маңызды болып табылады, өйткені

$$t_{\text{факт}} > t_{\text{крит}}$$

$$t_{\text{факт1}} (6,8230) > t_{\text{крит}} (3,0545)$$

$$t_{\text{факт2}} (5,1003) > t_{\text{крит}} (1,782).$$

Түзетілген детерминация коэффициенті: $R^2 = 0,8950$

Фишердің F – критерийінің нақты мәні: $F = 56,4219$

Стьюденттің t-критерийінің нақты мәндері: $t_{b1} = 6,8230$; $t_{b2} = 5,1003$.

Регрессия параметрлері үшін сенімді интервалдар:

$$16,7577 \leq b_1 \leq 44,7605;$$

$$69,1882 \leq b_2 \leq 284,6665.$$

Дебиторлық берешек ұйымның меншікті айналым құралдарынан тұрады. Соның нәтижесінде ұйым келесідей себептер бойынша жоғалтуларға ұшырайды:

1) инфляция жағдайында қарызға алғандармен қайтарылған ақша қаражаттары құнсызданады;

2) дебиторлық берешекті жабу кезеңі ұзақ болған сайын, дебиторлық қарыздарға салынған қаражаттардан қайтарымы аз болады.

Мұндай мәліметтерді өңдеу әдістерінің бірі болып корреляциялық талдау табылғандығын, сондай-ақ бұл талдаудың көмегімен факторлардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігінің және олардың көрсеткіш нәтижесіне әсерінің дәрежесін бағалауға болатындығын аңғардық.

Р.У. Рахметова, Т.А. Дуброва өз жұмыстарында құрылған модельдің сапасын бағалау үшін Фишердің F статистикасы регрессия теңдеуінің сапасын анықтау үшін қажет, ол H_0 гипотезасын тексеруден тұрады, яғни құрылған көптік регрессия теңдеуі бойынша, жалпы жиынтықта, тәуелді айнымалының өзгерісі модельдегі тәуелсіз айнымалының әсерінен немесе ықпалынан екендігінің статистикалық маңыздылығын анықтайды. Бұл үшін $F_{\text{факт}}$ есептелген және критикалық (кестелік) $F_{\text{крит}}$ мәндері салыстырылады [141].

Біздің зерттеу жүргізіп отырған ұйымда Фишердің $F_{\text{факт}}$ есептелген мәні – 56,42 тең. Ал детерминация коэффициентінің маңыздылығын Фишердің F – критерийін қолдана отырып тексереміз.

F – статистиканың статистикалық үлестірілуінің математикалық моделі болып Фишердің үлестірілуі табылады $\nu_1 = m - 1 = 2 - 1 = 1$ және $\nu_2 = N - m = 14 - 2 = 12$. Бұл статистиканың критикалық мәні $\alpha = 0,01$ және $\nu_1 = 1$ және $\nu_2 = 12$ болған кезде мынаған тең болады, яғни $F_{\text{крит}}(1;12;0,01) = 9,33$.

Егер, $F_{\text{факт}} > F_{\text{крит}}$ болса, онда H_0 гипотезасы кездейсоқ және оның статистикалық мәнінің маңыздылығы мен сенімділігі қабылданады. Егер, $F_{\text{факт}} < F_{\text{крит}}$ болса, онда H_0 гипотезасы ауытқымайды және статистикалық маңызды емес және регрессия теңдеуі сенімді емес.


$F_{\text{факт}}(56,42) > F_{\text{крит}}(9,33)$. Ендеше, алынған модель адекватты болып табылады.

Енді, анықталған формуланың $Y = 19,1860 + 30,7591 * X_2 + 176,9274 * X_4$

Сонымен, қорытындылай келе «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің мәліметтері бойынша дебиторлық берешегі Y фактор алынған жеті факторлардың екеуіне ғана тәуелді: дебиторлық берешекті өтеудің орташа мерзімі, күн және инфляцияның орташа деңгейі, пайыз.

Егер инфляцияның орташа деңгейі 1 пайызға өссе, онда дебиторлық берешек 176,9 млн. теңгеге артады, ал дебиторлық берешекті өтеудің орташа мерзімі жылына 1 күнге артса, онда дебиторлық берешек 30,7 млн. теңгеге өседі. X_2 және X_4 – мәндерінің орнына болжам жасалынатын жылдардағы

мәндерді қою арқылы 2016 жылға «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің дебиторлық берешегінің жалпы болжамын жасауға болады. У болжамдық дебиторлық берешектің мәніне сәйкес х-тің жоспарланған немесе болжам мәні бойынша есептеледі (сурет 9).



Сурет 9 – Дебиторлық берешектің 2016 жылға болжамды графигі

Ескерту – Excel бағдарламасы көмегімен автор құрастырды.

$У_{2016, \text{ бірінші жарты жылдық (болжам)}} = 19,1860 + 30,7591 * 2 + 176,9274 * 4,4 = 859,2$ млн. теңге, яғни дебиторлық берешекті өтеудің орташа мерзімі жарты жылда 2 күнді құраса, ал күтілген инфляция деңгейі жарты жылда 4,4 % құраса, онда дебиторлық берешек 2016 жылдың бірінші жартысында 859,2 млн. теңгеге жетеді.

$У_{2016, \text{ екінші жарты жылдық (болжам)}} = 19,1860 + 30,7591 * 2 + 176,9274 * 3,6 = 717,6$ млн. теңге, яғни дебиторлық берешекті өтеудің орташа мерзімі жарты жылда 2 күнді құраса, ал күтілген инфляция деңгейі жарты жылда 3,6 % құраса, онда дебиторлық берешек 2016 жылдың екінші жартысында 717,6 млн. теңгеге жетеді деген болжам жасауға болады.

3.4 Дебиторлық берешекті басқарудың тиімділігін арттырудың имитациялық моделі

Дебиторлық берешекті басқару және оның маңыздылығы сұрақтарымен Ю. Бригхэм, Джеймс К. Ван Хорн, Л. Гапенски, М. Миллер, В.В. Ковалев, Е. Дубровская сияқты экономистер айналысқандығын, бірақ та жоғарыда аталған

авторлардың жарияларымында дебиторлық берешекті басқарудың прогрессивті модельдеріне жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбеген немесе оларды талдау жеңіл-желпі жүргізілген және оларды қазіргі замандағы ұйымдарда қолдану кезінде шынайы тиімділігін анықтаумен нақтылы мәліметтер бекітілмеген.

И.В. Тиболт былай деп жазады ғылыми өңдеу дәрежесінің жеткіліксіздігі мен бәсекелес ортада ұйымның қалыпты қызметін қамтамасыз ету үшін дебиторлық берешекті басқару мәселелерінің тәжірибелік маңыздылығына баса көңіл бөлу керек [142].

Әрине, біздер осы зерттеу кезінде дебиторлық берешекті басқарудың тиімділігін бағалау сұрағының өзектілігін анықтауға тырыстық. Экономиканың қазіргі замандағы жағдайы, барлық салалардағы ұйымдар арасындағы бәсекелеспен күрестің ұлғаюы, жиынтығында үмітсіз контрагенттер санының көбеюі және ұйымдардағы қаржылық тәртіп деңгейінің төмендеуі, дебиторлық берешектің өсуіне алып келеді, сондықтан дебиторлық берешек қазіргі замандағы экономикалық тоқырау жағдайында, тұтастай алғанда ұйымның стратегиясы мен қаржылық саясатының ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Ван Хорн Дж.К өз еңбегінде дебиторлық берешек түсінігінің мәнін анықтау ұйымның күнделікті қызметінде дебиторлық берешекті басқару сұрағына көшуге мәжбүрлейді, сондықтан дебиторлық берешекті басқару экономикалық қызметті жүргізу кезінде қажеттілік ретінде қарастырылады деп көрсетеді [143].

Біздің пікірімізше, дебиторлық берешекті басқарудың мақсаты болып ұйым қызметінің үдерісінде ең тиімді экономикалық шешімдерді жүзеге асыру табылады, яғни дебиторлық берешектің қолайлы деңгейін шектеу; кепілді ақшалай қаражаттардың түсуін қамтамасыз ететін сату шарттарын таңдау. Қойылған мақсаттарға жету үшін келесі қағидаларды басшылыққа алу қажет:

- меншікті капиталға қарағанда, дебиторлық берешектің үлкен мөлшерін жинақтай беруге жол берілмейді;
- дебиторлық берешектің өсуінің салдарын болжау қажет;
- ақталмаған дебиторлық берешектің өсуін болдырмау.

А.Н. Медведев дебиторлық берешекке талдау жүргізу кезінде дебиторлық берешекті басқарудың ең көп тиімділігіне жету үшін нәтижелеріне тікелей әсер ететін факторлар мен ақпараттарды ғана алмай, сондай-ақ ұйымға жанама әсер ететін факторлар мен ақпараттарды қарастыру қажет деп жазады [144].

Ұйымның дебиторлық берешегін басқару үдерісін модельдеу мақсатында «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің дебиторлық берешегін басқарудың тәжірибелік міндеттерін шешу үшін имитациондық модель әзірленді. Төмендегі 34-кестеде ұсынылған модельді әзірлеулің мақсаты қарыздарды басқарудың нақтылы бар әдістерін эксперименттік өңдеу, ұйымның дебиторлық берешегінің шынайы өзгерісі туралы гипотезаларды тексеру, өндірістік

үдерістерді жедел басқару және басқарушылық шешім қабылдау болып табылады.

Ұсынылған модельді сипаттау барысында бірнеше айнымалылар қолданылды (кесте 36).

Кесте 36 – Дебиторлық берешекті басқару моделін сипаттау кезінде қолданылатын айнымалылар

Айнымалылар	Айнымалылардың сипаттамасы
S	Өсірілген дебиторлық берешек сомасы
P	Дебиторлық берешектің алғашқы мөлшері
i	ҚР ҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі (егер келісім шартта айыппұл қарастырылмаған жағдайда анықталады)
h	Кешіктірілген төлем мерзімінің ұзақтылығының жыл ішіндегі күндер санына қатынасы (егер келісім шартта айыппұл қарастырылмаған жағдайда анықталады)
$K_{ж}$	Қарызды жабу коэффициенті ($K_{ж} = ДБ / КБ$)
S1	Өндіру бойынша шараларды жүзеге асырғаннан кейінгі дебиторлық берешектің мөлшері
Ескерту – әдебиет негізінде автор құрастырды [145]	

$$S = P * (1 + i * h) \quad (18)$$

Мұндағы:

S - өсірілген дебиторлық берешек сомасы;

P - дебиторлық берешектің алғашқы мөлшері;

i – жылдық қайта қаржыландыру мөлшерлемесі;

h – кешіктірілген төлем мерзімінің ұзақтылығының жыл ішіндегі күндер санына қатынасы жыл саны.

Осы басқару сатылары модельді құру кезінде және құрылымында көрсетіліп есепке алынды. Енді әрбір сатыларды жеке қарастырайық.

Дебиторлық берешекті басқарудың бірінші сатысы болып қарыздарды талдау мен оның қайтарылуын болжау табылады. Контрагенттермен есеп айырысу бойынша салыстырулар жүргізіледі және қарыздың нақты мөлшері анықталады. Сонымен қатар осы сатыда дебиторлық берешектің төмендеуі нәтижесінде таза пайданың өзгерісін болжау мүмкін.

Дебиторлық берешекті басқару үрдісін бес сатыға бөлуге болады:

1. Алдын ала есеп - айырысулар мен дебиторлық берешекті талдау сатысы;

2. Дебиторлық берешекті басқарудың мақсаттары мен міндеттерін анықтау сатысы;

3. Дебиторлық берешекті басқару әдісін анықтау сатысы;

4. Түзету сатысы;

5. Мақсатқа жетуді бақылау және бағалау сатысы.

Ұйымның 2013-2015 жылдар аралығындағы дебиторлардан қарыздарды өз уақытында өндіріп алмауынан болған жоғалтуларын есептеу (кесте 37):

Кесте 37 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің дебиторлардан қарыздарды өз уақытында өндіріп алмауынан болған жоғалтуларын есептеу

Көрсеткіш	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1. Дебиторлық берешектің орташа мөлшері, млн. теңге	1 567	984	1 238
2. Жылдық қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, %	5,5	5,5	6,0
3. Мерзімі өтіп кеткен төлемдер, күндер	76	56	37
4. Кешіктірілген төлем мерзімінің ұзақтығының жыл ішіндегі күндер санына қатынасы (3 жол/360)	0,21	0,16	0,10
5. Өсірілген дебиторлық берешек сомасы, млн. теңге (1 жол * (1 + 2 жол * 4 жол))	3 376,9	1 849,9	1 980,8
6. Дебиторлардан қарыздарды өз уақытында өндіріп алмаудан болған жоғалтулар, млн. теңге (5 жол – 1 жол)	1 809,9	865,9	742,8
Ескерту – әдебиет негізінде автор құрастырды [76]			

37-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, ұйымда дебиторлардан қарыздарды өз уақытында өндіріп алмау салдарынан болған жоғалтулар анықталды. Нәтижесінде ұйым 2013 жылы 1 809,9 млн. теңге, 2014 жылы 865,9 млн. теңге, ал 2015 жылы 742,8 млн. теңге көлемінде қаражаттарын жоғалтқан. Мұндай жоғалтулар ұйым үшін үлкен шығындар, сондықтан ұйым басшылығы келісім шартпен қарастырылған дебиторлардан өсімпұлдарды өндіріп алу жөнінде және қарыздарды өз уақытында төлемегендері салдарынан болған залалды өтеу үшін шұғыл шаралар қолдануы қажет. Дебиторлық берешекті басқарудың имитациялық моделінің сызбасы (Қосымша Г) көрсетілген.

Дебиторлық берешекке талдау жүргізу негізінде, олардың пайда болу күніне байланысты мерзімі өтпеген, мерзімі өтіп кеткен, кейінге қалдырылған деп бөлуге болады (есеп айырысу мақсатында мерзімі өтіп кеткен қарыз болып пайда болу күнінен бастап 3 айдан артық болған қарыз есептелінеді, ал кейінге қалдырылған қарыз болып мораторий салынған қарыздар және егер қарыздарды төлеуге күші келмей жатқан жағдайда, несиелік келісім шартты өзгертіп, жеңілдіктер қарастырылатын қарыздар табылады.

Төмендегі 38-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, ұйымның таза пайдасы еепті жылы, яғни 2015 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 1 240 млн. теңгеге азайған, ал 2015 жылды 2014 жылмен салыстырғанда 2 735 млн. теңгеге өскен. Ұйымның дебиторлық берешегі 2015 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 508 млн. теңгеге артқан, сондай-ақ 2015 жылды 2014 жылмен салыстырған кезде де 654 млн. теңгеге өсіп отыр.

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС 2013-2015 жылдардағы таза пайдасы мен дебиторлық берешектің көрсеткіштері (кесте 38).
Кесте 38 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің таза пайдасы мен дебиторлық берешегінің қозғалысы

млн. теңге

Атаулары	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	Ауытқу	
				2015 -2013	2015 -2014
Таза пайда, млн. теңге	4 690	715	3 450	-1 240	+ 2 735
Дебиторлық берешек, млн. теңге	1 057	911	1 565	+ 508	+ 654
Дебиторлық берешектің рентабельділігі, %	443,7	78,5	220,4	- 223,3	+ 141,9
Ескерту – әдебиет негізінде автор құрастырды [76]					

Дебиторлық берешектің мәні төмен болған кезде, ұйымның қызметі белгілі дәрежеде қолдау алмайды, контрагенттер төлемді кейінге қалдырусыз бұл ұйымнан тауар сатып алудан бас тартады, сәйкесінше мұндай жағдайда пайданың төмен болатыны сөзсіз. Дебиторлық берешектің кейбір оптималды мәні кезінде пайда ең жоғары болады және одан кез келген ауытқу қажет емес.

Ұйымның 2013-2015 жылдар аралығындағы қарызды жабу коэффициенті көрсетілген (кесте 39):

Кесте 39 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің 2013-2015 жылдар аралығындағы қарызды жабу коэффициенті

Көрсеткіштер	2013 жыл		2014 жыл		2015 жыл		2013-2015 жыл – дардағы өзгерістер	
	басына	соңына	басына	соңына	басына	соңына	басына	соңына
Дебиторлық берешектің жалпы сомасы, млн. теңге	2 076	1 057	1 057	911	911	1 565	- 1,165	+ 508
Кредиторлық берешектің жалпы сомасы, млн. теңге	6 099	12 854	12 854	12 223	12 223	11 049	+ 6 124	- 1 805
Дебиторлық және кредиторлық берешектің ара қатынасы	0,34	0,08	0,08	0,07	0,07	0,14	-0,27	+ 0,06
Ескерту – әдебиет негізінде автор құрастырды [76]								

39-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, қарызды жабу коэффициенті талданып отырған үш жылда да төмен болып отыр. Яғни, ұйымның өтімділік деңгейі төмендеген, себебі дебиторлық берешек сомасы кредиторлық берешек сомасынан аз болған. Ақталмаған дебиторлық берешектің өсуі айналымнан қаражаттардың оқшауланғандығын, сәйкесінше пайданың төмендегенін білдіреді. Яғни, дебиторлық берешекті басқару саясаты жұмыстың тиімділігі мен ақталмаған дебиторлық берешектің өсуі арасындағы ымыраны іздеуді қамтамасыз ету керек.

Ұйымда дебиторлық берешекті саралаудың, оның пайда болу мерзімдері бойынша әдісі қолданылады. Жіктеу келесідей топтастыруды қарастырады (күндермен): 0-30; 31-60; 61-90; 91-120; 120-дан жоғары. Саралау әдісінің артықшылығы мерзімі өтіп кеткен қарыздар немесе жақын арада мерзімі өтіп кеткен болып есептелінетін дебиторларды анықтауға мүмкіндік береді (кесте 40).

Кесте 40 – «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің 2013-2015 жылдар аралығындағы мерзімі өткен, бірақ күнсызданбаған дебиторлық берешегі

Жылдар	Жиынтығы, млн. тг.	Мерзімі өтпеген, күнсызданбаған, млн. теңге	Мерзімі өткен, бірақ күнсызданбаған, млн. тг.				
			30 күннен жоғары	30-60 күн	60-90 күн	90-120 күн	120 күннен жоғары
2013	1 057	929	57	4	3	2	62
2014	911	879	17	4	2	3	6
2015	1 565	1 321	133	21	41	22	27
Ескерту – әдебиет негізінде автор құрастырды [76]							

Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті болдырмау мақсатында контрагенттермен жасалған келісім шарттарда келесідей пункттер мақсатты түрде қосылуы керек: егер келісім шарттардағы шарттар бұзылған жағдайда (төлемдердің мерзімдері өтіп кеткенде, аударылған аванстар бойынша жұмыстың мерзімінде орындалмауы) қарызгерге айыппұл санкциялары түрінде қосымша ауыртпалық түсуі қарастырылуы қажет. Дебиторлық берешектің таза пайдаға әсерін қарастыратын болсақ, онда таза пайданы есептеген кезде есепке алынатын шығыстар туралы, мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек туралы айтуға болады, яғни оған қызмет көрсетуге қажетті және мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті күмәнді және өндіріп алуы мүмкін емес қарызға ауыстыру және жиынтық ретінде оны ұйым қызметінің қаржылық нәтижесіне есептен шығару мүмкіндігі.

Д. Военчер қазіргі уақытта айып төлемінің ең көп қолданылатын түрлері болып келесілер табылады: келісім шарттық, айыппұлдық, альтернативтік. Келісім шарттық айып төлемі келісім шарттың мәтінінде екі жақтың

келісімдерімен қарастырылады. Айыппұлдық айып төлемі кезінде кредитор келтірілген залалдарды толық көлемде қайтаруды талап етуге құқылы. Альтернативтік айып төлемі зардап шеккен жақтың не айып төлемін, не залалды өндіріп алу құқығын қарастырады [146].

Біздер айыппұлдар мен айып төлемдерін қолдану сатысында ұйым үшін айыппұлдар санкциясының шкаласын құрудың орасан зор мәні бар, ал бұл шкала әрбір нақтылы жағдайда оларды пайдалану мүмкіндігін реттейді деп есептейміз. Мысалы, несиелік рейтингтер мәндеріне сәйкес саралау жасалынған ұйымдар үшін айыппұлдардың белгілі мөлшерін құру ұсынылады. Әрбір топ үшін айыппұлдардың мөлшері кестеде көрсетілген келесідей айыппұл санкциясының шкаласына сәйкес жүргізілген кешіктіріліп төленген күндер санына тәуелді болады

Көрсетілген айыппұл санкциясының шкаласы мерзімі өткен төлемдерге байланысты әрбір контрагент үшін айыппұлдың шекті мөлшерін орнатады (кесте 41).

Кесте 41 – Айыппұл санкциясының шкаласы, %

	0 күн	0-30 күн	30-60 күн	60-90 күн	90 күннен жоғары
A	0	0	0	0	0
B	0	0,01	0,02	0,03	0,04
C	0	0,02	0,03	0,04	0,05
D	0	0,03	0,04	0,05	0,06
E	жеке	жеке	жеке	жеке	жеке
Ескерту – Автормен құрастырылды					

Айып төлемі, мерзімі өткен төлемдердің әрбір күні үшін мерзімі өткен сомадан пайызбен есептелінеді (сонымен, келісім шарттың шарттары бойынша, егер «С» тобына жатқызылатын контрагент 30 күннен 60 күнге дейінгі мерзімде төлемді кешіктірсе, онда ол мерзімі өткен сомадан 0,03 % сомасында айып төлемін төлейді). Дебиторлық берешектің мөлшері мен пайда болған күні бойынша саралау жүргізгеннен кейін айыппұл санкциясын есептеудің әдістемесіне сәйкес, контрагенттермен жасалған келісім шарттардың ішіндегі орындалған жұмыстар мен төлемдер бойынша кешіктірілу болған контрагенттердің қарызына айыппұлдарды есептеу жүргізу орынды.

Ұйымда айыппұлдарды қолдануды оңтайландыру мақсатында контрагенттермен жұмыс істеу кезінде қадамдар тәртібін реттейтін айыппұл санкцияларын қолданудың әдістері ұсынылды:

1) Контрагентпен келісім шартқа отыру сатысында ұйым потенциалды контрагентпен төлемқабілеттілік пен сенімділікті орнату үшін іс – шаралар кешенін жүргізеді;

2) Контрагенттің сенімділігі туралы мәліметтер негізінде ұйымға «А»-ден «Е» дейін несиелік рейтинг беріледі (рейтинг «А» ең көп сенімдіге, ал «Е»- ең аз сенімдіге);

3) Контрагентке берілген несиелік рейтингке байланысты, келісім шарттың мәтінінде жұмыстардың орындалуы мен тауарлардың жеткізулеріне кешіктірілу болған жағдайда, айыппұл санкцияларын қолдану туралы пункт енгізіледі. Айыппұлдардың мөлшері жоғарыдағы кестеде келтірілген айыппұлдар санкциясының шкаласына сәйкес анықталады. Сонымен, мысалы, «С» несиелік рейтингісі бар ұйым үшін төлемге немесе орындалған жұмыстар мен жеткізілетін тауарларға кешіктірілу болған кезде, келісім шарттың мәтінінде келесідей айыппұлдар қарастырылады:

– мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен сомадан 0-ден 30 күнге дейін кешіктірілу болғанда - 0,02 %;

– мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен сомадан 30-дан 60 күнге дейін кешіктірілу болғанда - 0,03 %;

– мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен сомадан 60-тан 90 күнге дейін кешіктірілу болғанда - 0,04 %;

– мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен сомадан 90 күннен жоғары кешіктірілу болғанда - 0,05 %;

4) Контрагенттермен ағымдағы жұмыс үдерісінде ылғи да бар болған дебиторлық берешекке міндеттемелердің орындалу мерзімдерінің бұзылуы сұрақтарына мониторинг жүргізіледі;

5) Төлемдер, орындалған жұмыстар немесе қойылған тауарларға кешіктірулер болғандығы анықталған жағдайда, мерзімі өткен сомаға айыппұл санкциялары есептелінеді. Сонымен, мысалы, егер «С» несиелік рейтингтегі контрагент тауар үшін алдын ала төленген 1 000 000 теңгеге тауарларды қоюды 30 күн мерзімге кешіктірсе, онда айыппұл мөлшері келесідей есептеледі:

$$1\ 000\ 000 * 0,02\ \% * 30 = 6\ 000\ \text{теңге.}$$

6) Контрагентке айыппұл санкциясы есептелінгендігі жөнінде хабарлама жіберіледі. Келісім шарт шарттарын ары қарай бұзу жалғасқан жағдайда, 60 күн өткеннен кейін айыппұл санкциясының шкаласына сәйкес, айыппұлдарға қайта есептеу жүргізіледі. Сонымен, мысалы, егер сол «С» несиелік рейтингтегі контрагент тауар үшін алдын ала төленген 1 000 000 теңгеге тауарларды қоюды 60 күн мерзімге кешіктірсе, онда айыппұл мөлшері келесідей қайта есептеледі:

$$1\ 000\ 000 * 0,03\ \% * 60 = 18\ 000\ \text{теңге.}$$

7) Контрагентке айыппұл санкциясының есептелгендігі туралы қайтадан екінші рет хабарлама жіберіледі. Келісім шарт шарттарын ары қарай бұзу жалғасқан жағдайда, 90 күн өткеннен кейін айыппұл санкциясының шкаласына сәйкес, айыппұлдарға қайта есептеу жүргізіледі. Сонымен, мысалы, егер сол «С» несиелік рейтингтегі контрагент тауар үшін алдын ала төленген 1 000 000 теңгеге тауарларды қоюды 90 күн мерзімге кешіктірсе, онда айыппұл мөлшері келесідей қайта есептеледі: $1\ 000\ 000 * 0,04\ \% * 90 = 36\ 000\ \text{теңге.}$

8) Жағдайларды реттеуге бағытталған шаралар жүргізіліп, контрагентке шағым жіберіледі. Дебитор пайда болған қарызды жабудан бас тартқан жағдайда, негізгі қарызды және есептелінген айыппұл санкцияларының сомаларын өндіріп алу туралы сотқа талап жіберіледі. Жоғарыда көрсетілген айыппұл санкцияларынан басқа, ұйым басшысының бұйрығымен мерзімі өтіп кеткен немесе үмітсіз қарыздардың пайда болуына алып келетін, яғни осындай қарыздарды өндіру үшін «сенімсіз» контрагенттермен келісім шартты жасасуда лауазымды тұлғаның мақсатты түрде қызметкерлердің жауапкершілігін енгізу қажет. Ол үшін дебиторлық берешекті басқару регламентіне ұйым қызметкерлерінің жауапкершілігін бекіту керек. Ұйымның дебиторлық берешегін басқарудың регламенті қысқартылған түрде келтірілген (кесте 42).

Кесте 42 – Дебиторлық берешекті басқарудың регламенті

Дебиторлық берешекті басқарудың сатысы	Процедура	Жауапты тұлға (бөлімше)
Төлеудің сыни мерзімі әлі басталмаған	Келісім шартқа отыру	Сату бойынша менеджер
	Тиелген тауарларды бақылау	Коммерциялық директор
	Шоттарды қою	Қаржы қызметі
	Дебиторлық берешекті жабудағы есеп-айырысу мерзімдері мен сомасы туралы хабарлама	
	Төлеудің сыни мерзімінің басталуына 2-3 күн қалғанда – ескерту жасап қоңырау шалу	
7 күнге дейін мерзімі өткенде	Мерзімінде төлемеген кезде – себебін анықтап қоңырау шалу, төлемдер графигін құру	Сату бойынша менеджер
	Жеткізулерді тоқтату (ақша төлегенге дейін)	Коммерциялық директор
	Айыппұл есептеу туралы ескертпе хат жіберу	Қаржы қызметі
7 күннен 30 күнге дейін мерзім өткенде	Айыппұл есептеу	Қаржы қызметі
	Сотқа беру жөнінде ескерту жасау	Заң бөлімі
	Күнделікті ескертпе қоңыраулар шалу	Сату бойынша менеджер
Жауапты тұлғалармен келіссөздер жүргізу		
30 күннен 90 күнге дейін мерзім өткенде	Жауапты менеджерді іс-сапарға жіберу, сотқа дейінгі өндіріп алу бойынша мүмкін болатын барлық шараларды қабылдау	Сату бойынша менеджер
	Ресми түрде шағым (тапсырыс хатпен)	Заң бөлімі
90 күннен жоғары мерзім өткенде	Сотқа талап арыз беру	Заң бөлімі
Ескерту – Автормен құрастырылды		

42-кестеден көріп отырғанымыздай, ұйымның бөлімдері мен қызметтерінің функцияларын осындай реттеу, дебиторлық берешекті төмендету мақсатында олармен жүзеге асырылатын іс-әрекетті нақтылауға мүмкіндік береді. Қарастырып отырған имитациондық модельде (сурет) дебиторлық берешектің мөлшері айыппұл санкцияларын есептегеннен кейін белгілі Δ (дельта) мөлшерге өседі және S мәнінде болады.

Дебиторлық берешекті басқарудың екінші сатысы болып дебиторлық берешектің мақсаттары мен міндеттерін анықтау табылады. Дебиторлық берешекке талдау жүргізу негізінде, олардың пайда болу күніне байланысты мерзімі өтпеген, мерзімі өтіп кеткен, кейінге қалдырылған деп бөлуге болады (есеп айырысу мақсатында мерзімі өтіп кеткен қарыз болып пайда болу күнінен бастап 3 айдан артық болған қарыз есептелінеді, ал кейінге қалдырылған қарыз болып мораторий салынған қарыздар және егер қарыздарды төлеуге күші келмей жатқан жағдайда, несиелік келісім шартты өзгертіп, жеңілдіктер қарастырылатын қарыздар табылады. Ары қарай, әзірленген суретке сәйкес нақтылы дебитордың қарызы қандай категорияға жататындығы анықталады, яғни қарастырылған үш стратегияның біреуі қабылданады – есеп стратегиясы, өндіріп алу стратегиясы, немесе өндіріп алу мүмкіндігін қадағалау стратегиясы.

Есеп стратегиясы мерзімі өтпеген қарызға қатысты жүргізіледі және өндіріп алу бойынша белсенді іс-әрекетті талап етпейді. Осы стадияда қарыз нарықтық қатынастардың қалыпты салдары болып табылады. Мұндай жағдайда қарыз мөлшері мерзімі өткен төлемдерді есепке алғандағы алғашқы қарыздан ерекшеленбейді. Өндіріп алу стратегиясы мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекке қатысты жүргізіледі және оны өндіріп алу үшін ең белсенді іс – әрекетті талап етеді. Бұл сатыда алғашқы міндеттердің бірі болып мерзімі өткен төлемдерді есепке ала отырып, дебиторлық берешектің мөлшері мен қарыздың алғашқы мөлшері арасындағы айырмашылықты ең аз шамаға келтіру табылады, яғни мерзімі өтіп кеткен төлемдердің мерзімін қысқарту. Өндіріп алу мүмкіндігін қадағалау стратегиясы кейінге қалдырылған дебиторлық берешекке қатысты жүргізіледі және қарыз сомасын өндіріп алу мақсатында серіктестің қаржылық жағдайын қадағалаудан басқа ешқандай іс-әрекетті талап етпейді.

Үшінші сатыда жоғарыда аталған стратегиялардың ішінен таңдап алынған стратегия негізінде дебиторлық берешекті басқарудың әдісін анықтау қарастырылады. Егер әзірлеуге есеп стратегиясы қабылданған жағдайда, ұйым үшін есеп айырысулардың ең ыңғайлы әдістерін пайдаланған орынды, атап айтқанда қарыздарды ақшалай қаражаттармен өндіріп алу, зачет жүргізу, цессия немесе факторинг келісім шарттары негізінде қарызды тұлғаларға беру. Егер өндіріп алу стратегиясы әзірленіп жатқан жағдайда, ал қарыздың мерзімі өтіп кеткен болса, онда есеп айырысудың жоғарыда көрсетілген ыңғайлы әдістерінен басқа аз қолайлысын пайдаланған орынды, мысалы, қарызды қарызгердің акцияларына айырбастау, қарызды вексельмен рәсімдеу,

талабынан бас тарту келісіміне қол қою сияқты есеп айырысудың қажетті әдістерін пайдаланған жөн. Ал егер де жоғарыда келтірілген әдістердің нәтижелері сәтсіз болса, онда сотқа жүгіну керек. Мынадай жағдайда, егер дебиторлардың қарыздары мораторий салынған қарыздар немесе егер қарыздарды төлеуге күші келмей жатқан жағдайда, несиелік келісім шартты өзгертіп, жеңілдіктер қарастырылатын қарыздар болса, онда оны өндіріп алудың мүмкіндігіне қадағалау жүргізу қажет.

Көптеген жағдайда жоғарыда аталып көрсетілген әдістердің барлығы тиімді нәтиже береді, бірақ та төртінші сатыда, түзету сатысында нақтылы нарықтық қатынастар жағдайының оңды шарттарына түзету жүргізіледі. Ұйым қызметінің дебиторлық берешекті өндіріп алудан басқа, қарызгерлермен есеп айырысуға ұйымдар арасындағы қаржы-шаруашылық қатынастарға қатысты үкімет саясаты, бәсекелестердің мінез-құлқы, серіктес-қарызгерлердің қаржылық жағдайының тұрақтылығы, елдің экономикалық секторларының жағдайы, салаларға салынған инвестициялардың жағдайы, макроэкономикалық деңгейдегі сыртқы экономикалық байланыстардың жағдайы, ұйым қызметкерлерінің күзиреттілігі сияқты факторлар әсер етуі мүмкін. Егер, көрсетілген факторлар ұйым қызметіне оң немесе теріс әсер еткен жағдайда, өндірілген дебиторлық берешектің деңгейі сәйкесінше өседі немесе кемиді.

Бесінші сатыда оны өндіріп алу бойынша (S1) шаралар жүзеге асырылғаннан кейін дебиторлық берешекке талдау жүргізіледі. Егер осы сатыда дебиторлық берешек нөлге тең болса, онда жүргізілген шаралар дұрыс деген қорытынды жасауға болады, өндіріп алудың жүргізілген әдісі осындай жағдайлар болғанда ары қарай қолданылу үшін деректер қорына енгізіледі. Егер осы сатыда дебиторлық берешек оны өндіру бойынша жүргізілген шараларға дейінгіден аз болса, онда қарыз ішінара өндірілген, яғни дебиторлық берешекті басқарудың әдісін анықтау сатысына қайта оралу қажет және қарызгерлермен есеп айырысудың соңғы әдістерінің бірін таңдап алу керек. Егер дебиторлық берешек осы сатыда өндіру бойынша шараларды жүргізгенге дейінгі қарызға тең болса, онда жүргізілген шаралардың сәтсіз болғаны және есептен шығарылу мүмкіндігіне қатысты дебиторлық берешекке талдау жүргізу қажет, сондай-ақ қарызды өндіріп алудың басқа әдісін таңдау мақсатымен дебиторлық берешекті басқару әдісін анықтау сатысына қайта оралу қажет немесе оны өндіріп алудан бас тарту орындылау болады.

Дебиторлық берешекті басқарудағы келтірілген имитациялық модельдегі сатылардың ішіндегі ең маңыздысы болып үшінші сатысы, яғни дебиторлық берешекті басқару әдісін анықтау табылады. Осы сатыда ұйым басшысына қарызгерлермен есеп айырысудың әдісі туралы шешім қабылдау қажет, себебі ол шешімнің дұрыстығынан нақтылы қарызды өндірудің соңғы нәтижесі алынады.

М.К. Аристархова, Ш.Н. Валиев кез келген дебиторлық берешекті ең ыңғайлы тәсілдермен жабу мүмкіндігін қарастырудан бастау қажет – ақшалай

қаражаттармен немесе талап ету бойынша вексельдермен жабу. Бұл есеп айырысудың ең тиімді әдісі, өйткені төлемдердің толығымен төленетіндіктеріне кепілдік береді. Тек мұндай мүмкіншіліктер болмаған жағдайда есеп айырысудың басқалай әдістеріне ауысу орынды – зачет жүргізу, цессия, төлемге дисконттық вексельдерді қабылдау, бартерлік айырбас жасау. Есеп айырысудың бұл әдістері қолайсыз, өйткені төлемдердің толық көлемде төленулеріне кепілдік бермейді. Қарама – қарсы талап зачеты екі немесе одан да көп жақтардың есеп айырысулары бойынша міндеттемелері болған кезде, яғни олардың бір – біріне қатысты мазмұны бойынша әртүрлі келісім шарттарды орындаулары нәтижесінде бір мезетте дебитор немесе кредитор болып табылатыны кезінде жүзеге асырылуы мүмкін, сонымен қатар, есеп айырысудың тиімді және көп таралған әдісі болып цессия келісім шарты табылады. Осы келісім шартқа сәйкес қарызды қайтарудың талап ету құқығы мен басқа да құқықтар және алғашқы кредитордың міндеттемелері сәйкесінше төлемде басқа ұйымға өтеді, мұнда қарызгердің келісімі талап етілмейді. Есеп айырысулардың бұл әдісінің кемшілігі болып талап ету құқығын дисконтпен басқаға сирек емес табысталуы табылады, сол себепті ұйым қарыз сомаларын толықтай ала алмайды. Сондай-ақ, дебиторлық берешекті жою әдістерінің бірі болып төлемге дисконттық вексельдерді қабылдау табылады, мұндай жағдайлар жоғалтуларға алып келеді, бірақ та дебиторлық берешекті азайтуға мүмкіндік береді деп жазады [147].

Жоғарыда аталып көрсетілген дебиторлық берешекті өндіріп алу әдістерінің бірде біреуі нәтижелер бермеген жағдайда, ең тиімді емес, қажетті шараларды қолдану керек – қарызды акцияларға айырбастау, талабынан бас тарту келісіміне қол қою, келісім шартты жаңарту, вексельді рәсімдеу (қарызгер-эмитент), сотқа жүгіну. Талап ету мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті өндіріп алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, күші бар заңға сәйкес есептен шығаруға қатысты талдау жүргізу үшін, дебиторлық берешекті есептен шығару бойынша комиссияның қарауына берілуі керек

Зерттеу нәтижелері бойынша келесідей қорытынды жасауға болады: ұйымның дебиторлық берешекті басқару бойынша ұсынылған моделі басқару үдерісінің барлық кезеңін қамтиды және осы үдеріске қойылатын шарттарға жауап береді. Осы модельде дебиторлық берешекті талдаудың көзқарастары мен экономикалық шешімді таңдау кезеңі бөлініп көрсетілген.

